

3,3
Аманбай
Құнтөлеуов

АТЛАЛАР АРУАЛЫ



Аманбай
Күнтөлеуов

АМАНБАЙ

КҮНТӨЛЕУОВ

Шаһвар аудандық
кітапханасының
Ұжымшы арай-
лы

Автордан

Астана қаласы

20. XI. 1999 ж. Аманбай



Аманбай
Құнтөлеуов

АТЛАР

ӘРҮАҒЫ

Қысқаша
тарихи-эссе

- Тарихқа сапар
- Қазақтың үш жүзі
- Бақтыбай батыр
- Бақтыбай ұрпағы-
өзім туралы сыр



Алматы
"Қаржы-қаражат"
1997

Құнтөлеуов Аманбай

Қ 76 Аталар аруағы (Қысқаша тарихи-эссе). — Алматы: Қаржы-қаражат, 1997. 160-бет.

ISBN 5—7427—0324—4

Тәуелсіз Қазақстан Республикасындағы нарық экономикасының алғашқы аудиторларының бірі, заң ғылымдарының кандидаты Аманбай Құнтөлеуовтың тарихи толғамдар топтастырылған бұл жинағында автордың бабасы, Кіші жүздің Әлім тайпасы Шекті руынан шыққан әрі батыр, әрі би, аты ұранға айналған аруақты Бақтыбайдың өмір сүрген кезеңі терең зерттеліп, байыпты суреттеледі.

Сонымен қатар, автор бабасы Бақтыбайдан тараған ұрпақтарға шолу жасай отырып, қазіргі тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің нарықтық экономикасына қаланған бір кірпіш ретінде өз өмір жолын да жаңа заман тарихымен ұштастыра әңгімелеген.

Осы орайда, көпшілікке ұсынылып отырған еңбектің тарихи экономикалық маңызы: өткен төл тарихымызды таразылауға, кешегі социализм тұсындағы адамдар арасындағы қарым-қатынастарды түсінуге және бүгінгі Қазақстан өміріндегі жаңа өзгерістерді дұрыс қабылдауға қалың оқырман қауымды жетелей түседі. Кітап көпшілік көңілінен шығар деген үміттеміз.

ББК 63. 3(5 каз)

К $\frac{0503000000-14}{413(05)-97}$ Тап.


ISBN 5—7427—0324—4

© А. Құнтөлеуов, 1997

&

*Кіші жүз Шекті руының ұранына
айналған Бақтыбай атамның,
әкем Құнтөлеудің, өмірден ерте кеткен
ағаларым - Отарбайдың, Түгелбайдың
аруағына бағыштаймын.*

Автор



&

*"Тура биде туған жоқ,
туғанды биде иман жоқ".*

(Қазақ мәтелі)

Handwritten signature or initials.

26349.



*Автордың ризашылығымен әдеби
редакциясына қол ұшын берген
белгілі журналист Мәткерім Әкімжанов*

Алғысөз

орнына

Инш — алла! Бүкіл мұсылман қауымына аса қамқор, ерекше мейірімді Алланың атымен баяндаймын.

Қазақ халқының тарихында тасқа басқан таңбадай айқын із қалдырған хандарымызды, билерімізді және батырларымызды құрметпен атайтын, қадірлейтін, сыйлайтын көптен аңсаған кезең келді. Олардың салып кеткен сара жолын қалпына қайта келтіріп, оны жаңа талап, жаңа мақсат-мұртқа сай игілігімізге айналдырып, жас ұрпақ тәрбиелеу ісіне, болашақ мүддесіне пайдалану абыройлы іс болмақ.

Ұлы Даланың тәуелсіздігін сақтап қалуға тырысқан қазақтың хандары мен батыр ұлдары түн ұйқысын төрт бөліп, білек сыбанып, көк найзасын білеп, аламан жұртын артына ертіп, қас жауларына қарсы талай рет шабысты емес пе? Соның арқасында қазақ халқы осынша жерге ие болды емес пе? Осының нәтижесінде өзінің мемлекеттік тәуелсіздігін сақтап келді емес пе? Аққу ұшып, қаз қонған айдын көлдің тұнығы шайқалмаса екен, түгін тартса майы шығатын көкорай өлкенің шалғыны жапырылмаса екен, қазақтың үш жүзінің басын қалай қоссам екен деген арман ата-бабаларымыздың ойынан бір сәт шыққан емес.

Біздің халықмыз ел таныған хан, би, батырларға кенде болмаған. Шоқан Уәлихановтың пайымдауынша, оларды халық өздері қалап, би атап, хан сайлап, батыр танып отырған, ешқандай арнайы сайлау, үкімет тарапынан тағайындау болмаған. Ал халық алдында билікті жүзеге асыратын адамдар өздерінің шешендік, батырлық, әділ

төрелік қасиеттерін көпшілік алдында көрсете білумен көзге түскен. Олар барынша адал, ешкімге бұра тартпайтын, тура сөйлейтін, халық қамқоры бола білген. Сондықтан да халық оларға «тура биде туган жоқ, туганды биде иман жоқ» немесе «жүзден-жүйрік, мыңнан-тұлпар» деп әділ бағасын берген.

Билік құру дәстүрі Әз-Жәнібек ханның кезінде өркен жайып, Әз-Тәуке ханның тұсында биік шыңға көтерілгенін тарихтан білеміз. Атақты Төле би, Қазыбек би, Әйтеке билердің даңқы осы тұста шарықтап бүкіл қазақ даласына жайылды. Үш жүздің басын біріктіріп, Түркістан шаһарында билік жүргізген Тәуке хан билер кеңесін құрды. Ол жыл сайын Түркістан, Сайрам шаһрлары маңындағы Битөбе мен Мәртөбеде тұрақты кеңес өткізіп отырды.

Билер кеңесіне үш жүздің белгілі, атақты билері, батырлары да қатыстырылған. Осындай кеңестің бірі — «Қырық рудың қырық биі» қазіргі Өзбекстан жеріндегі Сырдария облысы Ангрен өзенінің жағасындағы Күлтөбе басында, Тәуке ханның «Ханабад» атты Ордасында қазақтың әдет-ғұрыптарының жиынтығы «Жеті Жарғы» заңын қабылдады («Қазақ совет энциклопедиясының» 2-томы, 1973 жыл, 328-бет).

«Күлтөбенің басында күнде жиын» деп халық арасына кең таралған сол жиынға Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, Едіге би, Тайкелтір би, Байдалы би, Қоқым би, Қара Шырын би, Сасық би т.б. беделді, халық таныған билер «Жеті Жарғы» заңын қабылдауға араласқан.

Бұлардың арасында қазақтың Едіге, Бөгенбай, Қабанбай сияқты батырлары, Бұқар, Қазтуған, Бөлтірік, Жанкісі, Қылышбай т.б. ақындары болғанын тарих дәлелдейді. Ал Төле би, Саққұлақ сияқты данышпандары кезінде ескіше оқыған, Шығыстың классикалық әдебиетін жақсы білетін, көзі ашық сауатты адамдар еді.

Бірақ халқымыздың рухани дүниесінде өзіндік орны бар талай ардагер азаматтардың ұзақ уақыт бойы жұртшылық назарынан қаға беріс қалып келгені де белгілі. Елі үшін аянбай еңбек еткен қасиетті батыр, би-бабалары-

мыз осы кезге дейін ескерусіз келді, жас ұрпақ олардың батырлық, билік істері мен шешендік сөздері түгілі, есімін де біле алған жоқ. Тіптен олар жөнінде тарихта да, энциклопедияда да (Төле, Қазыбек, Әйтеке, Едіге, Бөгенбай, Қабанбай, Бұхар, Қазтуған тәрізді бірлі-жарымдары болмаса) жан-жақты ештеңе жазылмады, олардың өмір жолы жөнінде толық мәлімет берілмеді.

Қазақ халқы соңғы бес-алты жылда егеменді ел болды, Қазақстан Республикасы тәуелсіз мемлекет атанды. Қазақ тілі мемлекеттік тілге айналды. Халықтық қалпымыз бен ата салтымыз жүйеге келе бастады. Оның бір дәлелі — санада сақталып, санатқа қосылмай келген «ақтаңдақтарға» тарих тәрізінен кең орын беріле бастады.

Ұзақ уақыт көзден таса, көңілден ұмыт қалып келген, Кіші жүздің Әлім елінен шыққан, кейін аты ұранға айналған, XVIII ғасырда өмір сүрген, шекті руының Қабақ атасынан туған Төлес бидің баласы, аты аңызға айналған Бақтыбай батыр — тарихи тұлға. Бақтыбай — өз заманында еркіндігі мен тәуелсіздігі үшін түн ұйқысын төрт бөлген нағыз батыр, сонымен қатар, алқалы топты аузына қаратқан атақты би. Ол жөнінде ел аузында сақталған мына бір келелі сөзге көңіл аударсақ та жеткілікті. Тілеу — Қабақтың бір жігіті билікке таласып, былай десе керек:

«Алдағы жүз жылын болжаған Мөңке өткен бізден,
Қарадан хан болған Қалдыбай өткен бізден,
Ұранға шыққан Бақтыбай өткен бізден,
Мыңғырған малды Сәлімбай өткен бізден», —

деп, билік таласында жеңіп шығыпты.

Осы еңбекті оқырмандарға ұсынып отырған автор Бақтыбай бабаның жетінші ұрпағына жатады.

«Аталар аруағы» тарихи-эссе және естелік еңбегімді оқырмандар назарына ұсына отырып, осы жұмысты әдеби жағынан әдіптей түсуге замандас әрі қаламдас досым Мәткерім Әкімжанұлының қол ұшын бергенін қанағаттанған сезіммен атап өткім келеді.

Сонымен қатар, атамыз Бақтыбай жөніндегі мұрағаттарды және халық аузындағы әңгімелерді жинастыруда көп еңбек еткен ағайындарым, бабаның ұрпақтары — Төлеу Қожамбергеновке, Оразбай Әділбаевқа, Меркебай Тағыбергеновке алғыс айтуды өз борышым деп санаймын.

Бабамыз Бақтыбайдың «Батыр», «Би», «Ұран» болған тарихи тұлғасына қатысты мұрағаттарды, басқа деректерді табуга қол ұшын берген, кітаптың кейбір тарауларын таныстырған кезде игі тілек білдірген, еліміздің әр түкпірінде тұрып жатқан қалаулы мырзалар мен ханымдарға шын жүректен ризашылық білдіремін.

Тарихқа санар

Әріге асып кетпей-ақ қазақ хандығының XVI-XVIII ғасырлардағы тарихи деректеріне тоқталсақ. Бұл кезеңде қазақ халқы көрген ауыр қасіретті тәңірім еш елдің басына бермесін деп тілейміз. Ол әуелі

Жоңғар басқыншыларының қанды қырғын ұрысын бастан кешірді. Оған қоса оңтүстік өңірін, Сыр бойын басып алған Қоқан, Хиуа, Бұқара хандары мен бектерінің әлегін айтпасқа болмайды. Сосын бұл елге бүйідей тиген Жоңғар хандығын қапелімде жуасыта қойған Қытай империясының ызғары жалғасты. Ол аз болғандай Маңғыстау түбегіне жақын орналасқан түрікпендердің де ауық-ауық жасаған шапқыншылығы ес жиғызбады. Ит мініп, ирек қамшылағандай болған ішкі тірлік өз алдына, қазақтар айналасынан аранын ашқан ажал-тажалмен арпалысам деп жүргенде Еділ бойының қалмақтары, орыс-казак, башқұрттар тап іргемізден қоныс теуіп, Атыраудың теріскей иығынан бастап, Жайық бойын куалап, Ертісті бойлай жүріп, Алтайдан бір-ақ шығып, қазақтардың ата-мекеніне, құнарлы жерлеріне көз алартты. Құба түзге тереңдей еніп, ен шұрайлы жерлерді қамтып қалу мақсатында, әлсін әлі шабуылды күшейтіп, тәуелсіздігіне қол сұқты.

Осы кездегі елдің басына түскен қайғы-қасыретті Қожаберген жырау, атақты Толыбай сыншының баласы «Елім-ай» дастанында ащы шындықпен былай толғайды:

*«Басынан Қаратаудың көш келеді,
Көшкен сайын тайлақтар бос келеді.
Туысқаннан айрылған қиын екен,
Мөлдiреп екі көзге жас келеді.*

*Елдердің Бұхар жақта болмай жайы,
Тышқақтай көп қырылды құлын-тайы.
Қалмақтар зор мылтықтан доп атқан соң,
Қазақтың оң жағынан тумайды айы.*

*Қысқа қам жасауға ел үлгермеді,
Шабындық қиын болды өртенгені.
Доп атып дәу мылтықтан надан қалмақ,
Қазақты соғысуға келтірмеді.*

*Қазақта жоқ бекініс, қамал, қорған,
Сақтану қиын болды жау оғынан.
Шұбырды бет алдына жосып халық,
Ажырап қалды ұрыста өз тобынан.*

*Сайғақтай сая таппай туган жерден,
Бақ-береке қашты гой талай ерден.
Қолына ұстағаны таяқ болып,
Әр жерде қалды өліп есіл мерген.*

*Қанданды қазақ атам кең даласы,
Өлік пен ашқа толды сай-саласы.
Құтқармақ елді апаттан болса-дағы,
Әнеттей жолда қалды ер данасы.*

*Соғыс, аштық, жұт елге келіп қабат,
Қазақпен хош айтысты сән-салтанат.
Қырылып бала-шаға, кемпір мен шал,
Тірі жүр қару ұстап ер-азамат.*

*Жау алды Ұлы жүзді бұлтартпастан,
Үстіртке Қарақалпақ көше қашқан.
Орта жүз, Кіші жүздер қоршауда боп,
Соғысып қалың жаумен арпалысқан...*

*Кердері (Арал — А.К.) теңізі, Сыр, Қаратаудан,
Ыққан ел соққы көрді қалмақ жаудан.
Сахарадан таба алмай жанға сая,
Есті алып, әлсіретті қоныс ауган...*

*Қазақтың жасыл даласын,
Түтін мен шаңға орантты.
Атаңа нәлет ит қалмақ,
Қорғасын оқты боратты...»*

Өстіп, өзінің аласапыран уақытының куәгері болып, жаугершілікте ерлікпен шейіт болған бауырлары мен балаларын жоқтап, оны хал-қадірінше өлеңмен суреттеген. Қожаберген жырау хандардан Сәмеке, Әбілмәмбет, Әбілқайыр, Абылайды, батырлардан Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шапырашты Наурызбай, Кіші жүзден Бақтыбай батырларды көзімен көріп, бір кезеңде өмір сүрген адам.

Тарихқа көз салсақ, Монғол шапқыншылығынан кейінгі қайғылы қасірет қазақ халқының басында XVII ғасырда басталады, яғни Есім сұлтанның (1598—1628 ж.ж.), Жәңгір ханның (1645—1652 ж.ж.), Тәуке хан (1680—1718 ж.ж.), Сәмеке (1726—1734 ж.ж.), Әбілмәмбет (1731—1774 ж.ж.), Әбілқайыр Кіші жүзге хан (1731—1748 ж.ж.), Абылай (Әбілмансұр) хан таққа отырған кезеңдерді қамтиды.

Бұл белгілі Жоңғар шапқыншылығы: бұл жылдар ұлан далада емін-еркін тіршілік еткен көшпелі қазақ қауымының тәуелсіздігі аяққа тапталып, аяусыз езгіге түскен кез, бұл қазақ ұлтына өмір сахнасынан жойылып кетуге сан мәрте қауіп төнген жылдар.

Бұл жылдар Жоңғар хандығы қазақтар үшін қаһарлы күшке айналған жылдар. Бұған тарихта мынадай сипаттама беріледі. Жоңғарлардың күшею себебі, олар да қазақтармен өмір салты бір, салт атты көшпелілер еді. Сол кезге дейінгі ғасырлар тарихы бар шығысында-Қытайды, батысында-Еуропаны ықтырып келген көшпенділер мекенінен іргелес екі қуатты мемлекеттің — Қазақ хандығы мен Жоңғар хандығының тарихи сахнаға шығуы, әсіресе көршілес Ресей мен Қытай империясын ойландырмай қойған жоқ. Олар қайткен күнде де, осындай тау суындай екпінді екі ірі мемлекетті бір-біріне айдап салып, ғасырлар бойы бүйірлеріне қадалған «садақ оғынан» құтылудың нешебір айла-амалдарын іздестірді. Бұл мақсатты жүзеге асыру жолындағы әрекеттері жөнінен Ресей мен Қытай шонжарлары бірінен-бірі асып түсті. Атап айтсақ, Ресей патшалығы Жоңғарлармен елшілік байланыс орнатып, отты қарулармен жабдықтап, оларды қайтсе қазақ хандығымен арандатудың неше түрлі қулық-сұмдық шараларын жүзеге асырды. Ресей қолшоқпарлары ойластырған осы шаралардың ішінде, Жоңғар хандығының Торғауыт, Дүрбіт, Хошауыт сияқты үлкен тайпаларына Еділ бойынан қоныс беруі қазақ пен қалмақ арасындағы жүздеген жылдарға созылған соғыстың отын тұтатуға себепші болды десек қателеспейміз. Екіге бөлінген жоңғар-қалмақтың ортасында кең жазық далаға жайғасқан қазақ елі кешікпей-ақ қанды шайқастың майданына кездесті. Осынау жүз жылдық қантөгіс майданы салт атты көшпенділердің үш мың жылдық өркениетін біржолата күйретіп,

ол өркениеттің соңғы тұяғы — қазақтардың Ресей патшалығын паналауына әкеліп соқтырды, ал Жоңғар мемлекетінің ұлт есебінде жоғалып кеткені тарихқа аян (Тарақты Ақселеу Сейдімбек. Балталы, Бағаналы ел аман бол (шежіре). — Алматы, «Қазақ университеті», 1993, 35-бет).

Сөз орайы келген соң айта кетелік, осы қатерлі дауылдың алғашқы дүмпуі Есім хан тұсына келеді. Қазақтың жоңғар басқыншыларына қарсы шайқастарының бірі — Ыстық көл үшін шайқас. Ондағы соғыста әскерді Есім ханның өзі басқарды. Қазақ елінің «Еңсегей бойлы Ер Есім» деп ерлігіне сүйінетін адамы, «Есім салған ескі жол» — деп даналылығын паш ететіні осы Есім хан.

Дала заңдары: қоныс-тұраққа, мал-мүлікке, адамдар арасындағы қарым-қатынасқа байланысты шешімдер осы ханның кезінде қалыптасты. Мұның өзі кейін Тәуке ханның әйгілі «Жеті жарғысының» негізін қалап, қазақ халқының мәдени-рухани және әдет-ғұрып дәстүрлерін қалыптастыруға тікелей әсер етті. Әсіресе, осы қиын-қыстау, жаугершілік кезеңде елдің қорғаныс қабілетін нығайтуға бағышталған заңдардың Есім ханның тұсында қалыптасуы да, оның көреген мемлекет қайраткері екенін дәлелдейді.

Ол отыз жылдай ел басқарғанда, өзінің бұл өмірге аз күнгі қонақ екенін түсініп, тақтың өзінен кейінгі мұрагерін де дайындай білген. Бұл орынға лайықты адам Есім ханның бел баласы Жәңгір хан болды. Халық оған риза болып, ерлігін марапаттап, «Салқам Жәңгір» деп те атаған. Таққа отырмас бұрын-ақ оның ерлігі бүкіл қазақ еліне аңыз болған. Бұл арада, Жәңгір батырдың 1644 жылы бас-аяғы 600 әскермен жоңғардың 50 мың қол жауына қарсы тұруы, оның осы жойқын соғыста жеңіске жетуі, адам таңғаларлық ғажайып оқиға. Соғыс майданында жер жағдайын ұтымды пайдаланып, әскердің әдіс-амал қимылдарын шебер қолданып, дұшпан жауынгерлерінің оң мың әскерін қырғынға ұшыратты. Осы жорыққа аттанарда, жаушы арқылы хабар алған, Жәңгірдің сөлеміне құлақ асқан Кіші жүздің (Алшын) Жалаңтөс батыры жиырма мың әскерімен Жоңғар әскерінің ту сыртынан тиіседі. Осы майданда күйрей жеңілген жоңғарлар көп жауынгерінен айырылып, көп уақытқа дейін қазақ даласына шабуылын тоқтатқан.

Қазақ пен жоңғар қарым-қатынасын бақылай отырып, Ресей патшасының қолшоқпарлары көшпелі екі елдің арасындағы өшпенділік отына дем беріп, Жоңғар хандығына Сібір арқылы отты қаруын сатып үлгерді. Отты қарумен жабдықталған жоңғар әскерлері 1652 жылы қазақ жауынгерлеріне ойсырата соққы беріп, оның басшысы Жәңгір ханды қазаға ұшыратты.

Жәңгір ханның көрегендігі, хан ордасын қазіргі Түркістан қаласына көшіруі де оның ірі мемлекет басшысы екенін көрсетеді. Жәңгір хан өлгенде оның балалары Тәуке мен Апақ жас қалған. 1680 жылға дейін хан тағы Жәңгірмен үзеңгілес сұлтандардың қолында болған. Ел билігін Тәуке хан қырық жылға жуық ұстайды. Ол таққа отырысымен ел бірлігіне лайықты шараларды ұлағаттықпен жүзеге асырғанына тарих куә. Тәуке ханның өз еліне сіңірген еңбегі жан-жақты көрінеді. Біріншіден, елдің тәуелсіздігін аман сақтауда сыртқы саясатты білгірлікпен жүргізді, сырттан анталаған жауларға бел алдырмады. Екіншіден, елдің ішкі жағдайын қалыптастыруда, саяси-зандылық тәртіпті нығайтуда атасы Есім хан салып кеткен жолды әрі қарай жаңаша жалғастырды.

Тәуке хан қазақ мемлекетінің сыртқы саясатында өз елінің терезесін көрші мемлекеттермен тең ұстауға әрекет жасады. Әсіресе, Ресей патшалығымен елші алмастырып, екі жаққа пайдалы сауда істерін дамытуға қадам жасады. Түрік сұлтаны мен Қызылбас (парсы) шахы жөнінде ұстаған саясаты — «олардың менен несі артық», өз елінің абыройы мен өз басының ақыл-парасатына шек келтірген жоқ. Тарихтағы «Алты алаш» сөзі Тәуке ханның кезінде мемлекеттің ішкі құрылымының негізін қалауға өз ықпалын тигізді. Атап айтқанда: 1) Ұлы жүз (Төле би), 2) Орта жүз (Қазыбек би), 3) Кіші жүз (Әйтеке би), 4) Қырғыз (Қоқым би), 5) Қарақалпақ (Сасық би), 6) Қият, Қатаған, Жүз сияқты рулардың аттары. Бұл ұғымдық құрылымдар сол кезде жоңғарлардың дұшпандық әрекетіне тежеу қоюдың бірден-бір жолы болды. Осыдан Тәуке ханның шын мәнінде көреген қолбасшы, ақылды, парасатты жан екенін көреміз. Осы орайда Тәукенің әскери стратегиясы мен әдісі салт атты көшпенділердің жүздеген жылдар бойғы соғыс және қорғаныс тәжірибесін одан әрі шыңдай түсті деуге болады.

Тәуке ханның ел ішіндегі тәртіпті нығайтуға, жүйеге келтіруге байланысты жүргізген саяси-заңдылық реформалары қазақ елінің тарихында «Тәукенің жеті жарғысы» деген атпен белгілі. Реті келген соң айта кетейік, «Жеті жарғы» аталғанда заңның небәрі жеті түрі болған екен немесе бар болғаны жеті жарлық екен деп айту жеткіліксіз сияқты. Осыған орай, Тәуке ханның ордасында жеті би болыпты, солардан қалған өсиет қой деу де орынсыз. Мұндай «тұжырымдар», сөз жоқ, қазақ елінің тарихындағы қалыптасқан аса құнды әдет-ғұрыптың мәнін түсінбеушілік болып табылады. «Жеті жарғы» деген сөздің мағынасы, біздің пікірімізше, киелі сөзбен пара-пар. Қазақтың дәстүрлі мағынада қолданылатын: «Жеті ата», «Жеті жұрт», «Жеті су», «Жеті қат көк», «Жеті қат жер», «Жеті ата жау», «Жеті басты дәу», «Жеті безбүйрек», «Жеті дария», «Жеті қазына», «Жеті тылсым», «Жеті шәріп», «Жеті нан», т.с.с. қалыптасқан тіркестер бар. Қазақтың жеті ата толмай қыз алып, қыз беріспейтін, ант етискен ата-баба заңы да осыдан. Ал, әр-беріден соң, қазақ «Жеті атасын білмеген-жетесіз» деген сөзді тегін айтпаған. Біздің заманымызда жеті ата тегін білмей, жеті атаға жетпей, әр түрлі себептермен ағайынды адамдардың бір-бірімен үйленіп қалғандары да баршылық.

*«Жеті атасын білген ұл,
Жеті жұрттың қамын жер.
Өзін ғана білген ұл,
Құлағы мен жағын жер», —*

деген қазақтың даналық сөзі бар. Мұның бәрі де «ең киелі», «ең шегіне жеткен», «ең үлкен», «ең күшті», «ең дана» деген мағынада қолданылады. Демек, "Жеті жарғы" заңның саны емес, оның мәндік мағнасының бар екенін білдіріп, «киелі жарғы» деген мағына береді.

Қорыта айтқанда, Тәукенің «Жеті жарғысын» қазақ дала-сындағы қалыптасқан әдет-ғұрып қағидасымен санасу арқылы, мәдени шаруашылық негіздерін ескеру арқылы және елдің географиялық орналасу ерекшелігіне орай жасалған мемлекеттің саяси-праволық заңы деп түсінуіміз қажет. «Жеті жарғы» арқылы дала демократиясы, дәлірек айтсақ, көшпенділер демократиясының нығаю тарихына ие болды.

Бұған дейін үш мың жылдық тарихы бар хан мен қағанды Құдайға балап келген ел өзіне тап болатын бақты да, сорды да сол хан мен қағанның іс-қимылынан күтті. Тәуке ханның «Жеті жарғысы» қабылданғаннан кейін қазақ елі өз тағдырының тізгіні өз қолдарында екенін сезгендей дәрежеге жетті. Ел ішіндегі тәртіп пен сыртқы қорғанысқа ең алдымен өздерінің жауапкершілігін түсінді. Сондықтан, біз «Жеті жарғының» түпнұсқасын оқырмандарға ұсынуды жөн көріп, оның толық мазмұнын келтіріп отырмыз.

«Көшпелі қазақтардың ел билеу заңы:

— қанға қан алу, яғни біреудің кісісі өлтірілсе, оған ердің құнын төлеу (ер адамға — 1000 қой, әйелге — 500);

— ұрлық, қарақшылық, зорлық-зомбылыққа өлім жазасы кесіледі, жазаны ердің құнын төлеу арқылы жеңілдетуге болады;

— денеге зақым келтірсе, соған сәйкес құн төленеді (бас бармақ — 100 қой, шынашақ — 20 қой);

— төре мен қожаның құны қарашадан 7 есе артық төленеді;

— егер әйелі ерін өлтірсе, өлім жазасына кесіледі (егер ағайындары кешірім жасаса, құн төлеумен ғана құтылады, мұндай қылмысты екі қабат әйел жасаса, жазадан босатылады);

— егер ері әйелін өлтірсе, әйел құнын төлейді;

— ата-анасы өз баласының өлімі үшін жауапқа тартылмайды, ал анасы баласын қасақана өлтірсе, өлім жазасына кесіледі;

— өзіне-өзі қол салғандар бөлек жерленеді;

— егер екіқабат әйелді атты кісі қағып кетіп, одан өлі бала туса: бес айлық бала үшін — бес ат, 5 айдан 9 айға дейінгі балаға — әр айына 1 түйеден (анықтама үшін 100 түйе — 300 атқа, немесе 1000 қойға тең);

— әйел зорлау кісі өлтірумен бірдей қылмыс болып есептеледі. Мұндай қылмыс үшін еріне немесе қыздың ата-анасына құн төлеуге тиіс, егер жігіт өзі зорлаған қызға қалың төлеп, үйленсе жазадан босатылады;

— егер ері әйелін көзіне шөп салу үстінде ұстаса, өлтіруге хақылы, бірақ қылмысты сол сәтінде жария етуге тиіс, әйелін көзіне шөп салды деп күмәнданған еркектің сөзін төрт сенімді адам теріске шығарса, әйел күнәсіз деп табылып, жазадан босатылады;

— біреудің әйелін күйеуінің келісімінсіз алып қашқан адам өлімге бұйырылады, немесе ердің құнын төлейді, егер әйелдің келісімімен әкетсе күйеуіне қалың төлеп, қосымшасына қалыңсыз қыз беруге тиіс;

— әйелді ренжіткен адам одан кешірім сұрауға тиіс, сұрамаса арсыздығы үшін айып салынады;

— қан араластыру (жеті ата ішінде) өлімге, немесе ағайындар белгілеген жазаға бұйырылады;

— құдайға тіл тигізген (жеті адам куәлік берсе) таспен атып өлтіріледі;

— кәпір болған адам мал-мүлкінен айырылады;

— құл өмірі құнсыз, ол қожайынның билігінде;

— ата-анасына тіл тигізген ұлды мойнына құрым байлаған күйі кара сиырға теріс мінгізіп, өзін қамшымен сабап, ауылды айнала шапқылатады, ал қыз қол-аяғы байланып, анасының билігіне беріледі;

— ұрлық жасаған адам үш тоғызымен қайтаруға тиіс;

— ерінің ұрлығын біле тұра хабарламаған әйел мен баласы жазаға тартылмайды, өйткені үлкеннің үстінен шағым айту әбестік саналады;

— өсиет ағайындар мен молданың қатысуы арқылы жасалады;

— барымтадан қайтқан мал төлімен қайтарылуға тиіс;

— дауды шешу билер мен ақсақалдарға жүктеледі;

— куәлікке екі немесе үш адам жүреді;

— билерге билік айтқаны үшін кесілген малдың оннан бірі тиесілі;

— егер айыпкер айыбын төлемесе, оны ру басының руксаты арқылы барымтамен алуға болады;

— ұрлық пен кісі өлтіруді қоса жасаған адам екі бірдей жазаға тартылады».

Тәуке хан мұндай демократиялық заңға «Билер кеңесін» құру арқылы қол жеткізгенін айтуымыз керек. Тәукенің айналасындағы Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би сияқты халық даналары оған ақыл беріп, дана жолға жол сілтеп отырды. Шын мәнінде мемлекеттік заң шығаратын, шешім қабылдайтын орын билер алқасы болғандықтан, ханның міндеті сол қабылданған заңды негізінен жүзеге асыру болды. Әйтсе де, бұдан билердің заң шығару, шешім қабылдау ісіне хан араласпайды деген теріс ұғым тұмауға тиіс. Тәукенің енгізген «Жеті жарғысы» халыққа ұнаған-

дығы сонда, ел тағдырына катысты істерді хан мен билер ақыл мен сарапқа салып отырды. Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, Бұхар жырау, Махамбет ақын, Сүйінбай ақын бабаларымыз толып тұрған жауынгер сарбаздары болмаса да, шалқып жатқан байлығы болмаса да, хандарға, батырларға қарсы дау айтып, кемшілігін бетіне баса айтқанда, туған халқының сөзін сөйлеп, еліне арқа сүйегендігі деп түсінеміз. Қазақ даласының осындай демократиялық әдет-ғұрпы, ел ішінен дана хандардың, шешен, әділ билердің, көреген қолбасшылардың сұрыпталып шығып отыруына ықпал етті. Әрине, мұндай заңдылық әдеп-ғұрыптар көшпенділер қоғамында, Тәуке ханға дейінге қазақ тарихында болмады десек, қателескен болар едік. Ал Тәуке ханның тарихи еңбегі — өзіне дейінгі сан ғасырлар жинақталған өмір тәжірибесін, әдет-ғұрыптың жақсы үрдістерін білгірлікпен жинақтап, оның қорытындысын заңға айналдырып тұжырымдап, елдің бірлігіне қызмет етуін қамтамасыз етуі. Сондықтан да, өз елі оны ардақтап «Әз-Тәуке» деп атады.

Халық аузындағы "Жақсыдан жаман туар — бір аяқ асқа алғысыз, жаманнан жақсы туар — адам айтса нанғысыз" дегендей, Тәуке ханның баласы Болат хан таққа мінген жылдар (1718—1726 жж.) қазақ елінің қасірет-қайғыға душар болған кезеңі еді. Осы Болат ханның тұсында Жоңғар хандығы өзінің ең жойқын шабуылын ұйымдастырып, қазақ даласын қазыл қанға бояды, қазақ елі «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» қасіретін бастан көшірді. Бұл қазақ елінің басына төнген қара бұлт, ең бір жойқын қырғын, елді ата жұртынан айырған сұрапыл соғыс болды.

Тарих деректеріндегі 1718 жылғы Аягөз маңында болған қазақ пен жоңғар жеңісе алмаған соғыстан кейін, Жоңғар басқыншылары шешуші айқасқа мықтап дайындалды. Осыдан бес жыл кейін, яғни 1723 жылдың көктемінде «Жұт» жылынан шаршап шыққан қазақ еліне жоңғар әскерлері жетпіс мың қолмен тұтқиылдан соғыс ашты. Бұл шабуылдың әскери қолбасшысы болып жоңғар ханы Сыбан Рабданның інісі Шона Даба тағайындалды. Осы Шона Даба қазақ даласын тұтастай жайпап өту үшін отты мылтықпен қаруланған жетпіс мың қолын жеті шепке бөліп, олардың бір мезгілде елді ауылдың үстінен өтуіне, халықты аяусыз қыруға жар-

лық береді. Жоңғарлардың осындай аяусыз кимылы, жойқын күші қазақ халқының үштен екісін қырып жіберді. Осынау орны толмас үлкен шығын қазақ елінің соғыс күшін әлдеқайда әлсіретіп кетті.

Жоңғарлардың 1723 жылғы жойқын соғысының нәтижесінде қазақ мемлекетінің оңтүстік шығыс өңірі түгелдей жаудың иелігінде қалды. Орта жүз бен Кіші жүздің көшпенді халықтары жауға тойтарыс берудің жолын іздеп, өз алдына хандық құруға мәжбүр болды.

Бұл кезде Кіші жүзге хан болған (1731 — 1748 жж.) Өскен (Әжі) сұлтанның баласы Әбілқайыр қазақ елінің саяси, әлеуметтік және әскери өміріне белсене араласады. 1729 жылы үш жүздің атақты билері: Төле, Қазыбек, Әйтеке бүкіл қазақ жауынгерлерінің бас сардары етіп Әбілқайырды сайлаған кезде, осы жиынға Кіші жүздің Шекті руынан шыққан Бақтыбай батыр да қатысқан екен. Елдің белгілі батырлары Қара керей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шапырашты Наурызбай, Тама Есет, Әлім Бақтыбай, Ошақты Саңырақ, Керейіт Тайлақ, Шөмекей Киікбай, Үйсін Ақтамберді, Қалдыбай, Керей Сырымбет, Тілеу Орыс, Адай Шотан, Ажығай Құлсары, Қыпшақ Шақа, Сары жетім Бұданбай Әбілқайырды бас сардар етіп, ақ киізге салып көтерген кезде, біздің бабамыз Бақтыбай батыр небәрі 20 жастың шамасында ғана болған. Жоңғар басқыншыларын қазақ жерінде ойсырата жеңіп, түре куған сұрапыл соғыста Бақтыбай жастығына қарамастан, Әлім руы сарбаздарының қолын бастаған. (Ә. Кекілбаев. Үркер. «Жазушы», 1981, 286-289-беттер).

Ащы болса да айтайық, бұл кез қазақ елі тарихи тағдырының қыл үстінде тұрған кезі болатын. «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» қасіретінде тоз-тозы шыққан қазақтың байтақ кең даласында жоңғар қалмақтары, Бұхар мен Хиуа хандықтары, Қытай мен Ресей империясы жан-жақтан анталай, пышақ үстінен бөліп алуға өзір тұрды. «Қашқан жауға қатын ер» дегендей, солтүстік батыстан Еділ қалмақтары мен Башқұрт естектерінің көз алартатын кезеңі. Осындай қиын-қыстау кезде Әбілқайыр ханның ықпалымен Орта жүзден он екі би мен сұлтан, Кіші жүзден он екі би мен сұлтан қатысып, шарасыздықтан Ресей патшалығының қол астына өтуге мойын ұсынып, ант берген.

Осы Кіші жүзден шығатын би мен сұлтандардың арасында Әлім Шекті руының биі Бақтыбай да болғанын М. Тевкелевтің (Кейбір деректерде Мәмбет Тәуекелов — А.Қ.) күнделігінен көреміз.

«Өткен іске өкінбе» деп қазақ атамыз бекер айтпаған ғой, ал соңғы кезде кейбір тарихшылар мен ғалымдарымыз: «бәлкім, олай болмай, былай болғанда қайтер еді, сонда отаршылдықтың тұқымымызды құртуға айналған қыл тұзағынан аман қалар ма едік» деген секілді болжамдар айтып жүр. Осы арада «аузымен орақ орғанның белі ауырмайды» деген мәтел еріксіз ойға оралады. Өйткені, орыстың қол астына өтпеген жағдайда не күй кешетінімізді ешбір әулие, ешбір көріпкел болжай алмас та еді. Біздің еліміз Ресей патшалығының (оның ішінде 74 жыл қызыл империяның) қол астында 260 жылға жуық тепкі көрді. Қазақтың жарық жұлдызы Шоқан Уәлихановтың сөзімен айтсақ: тек Ресей ғана «нақты көмек көрсетіп, қамқор бола алатын еді». Тарих қойнауына үнілсек, сол кездердің өзінде-ақ Есім хан, Тәуке хан, Әбілқайыр хан, Абылай хан Ресеймен екі ел арасындағы достық көпірі: экономика, қоғамдық-саяси және мәдени байланыстарды жан-жақты дамытуға қол созғанын көреміз.

«Орыс-қазақ арасындағы достық қарым-қатынастық, біреулер бұған мүлде басқаша көзбен қарайтыны сонша, адамның жаны түршігеді, — деп жазады өзінің естелік кітабында қазақ халқының сүйікті ұлдарының бірі, ірі мемлекет және қоғам қайраткері Дінмұхамед Қонаев, — Киевтік Русь, Дмитрий Донской, Иван Грозный, Бірінші Петр тұсында басталған адал ниет, кіршіксіз таза көңілдің түп тамыры тереңде жатыр. Ел мен ел, ұлт пен ұлт, ұлыс пен ұлыс бір-біріне сенім артып, ынтымағы артып, достық деген сөз шын мәнінде мызғымай орналасты. Ресейдің иманды, ізгілікті ісіне, әсіресе, қазақ елінің басынан өткен «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» тұсында көрген азабынан соң оның сенімді қорғаны, айнымас одақтас екеніне ешкім шүбә келтірмеуге тиіс. Бір-бірімен осылай достасқан қазақ халқы орыс елімен терезесі тең кісідей дәурен кешті, ұстасқан қолдары, жүрек жылулары мәңгі ажыраспайтынын бүгінгі орыс-қазақ қарым-қатынасы да дәлелдей түсуде». (Д. Қонаев. Өтті өмір осылай. РГЖИ.

«Дәуір», МП «Ынтымақ», Алматы, 1992, 302-304-беттер). Оған мысал ретінде тек 1995-1996 жылдарда ғана Ресейдің көршілес Астрахань және Омбы облыстары губернаторларының Қазақстан Республикасы Президентінің достық лауреаттығына (достық сыйлығына) ие болғанын айтсақ та жеткілікті.

Біздің қазақ халқы Ресейге өз еркімен қосылды ма, жоқ па деген мәселені мен тарихшылардың үлесіне қалдырғым келеді. Ал 1731 жылы Әбілқайыр хан бастаған Кіші жүз билері мен сұлтандарының, жоғарыда айтылғандай, Ресей патшалығының қол астына қарау жөнінде ант бергендері анық, олардың ішінде Шекті руының биі Бақтыбай батыр да болған. Ал сол қара күзде орыс патшасының елшісі (тілмәш) Мәмбет Тевкелевтің Әбілқайыр ханның ордасында болуы да тарихта анық көрсетілген (Русско-казахское отношение в XVI—XVIII веках. Алматы, 48-87-беттер).

Тарих қойнауына тереңірек үңілсек, сол кездегі қазақ даласының қоғамдық-саяси, мәдени-әлеуметтік және әскери өміріне белсене араласқан екі Әбілқайырдың өмір сүргенін айтпасқа болмайды. Оның бірі, жоғарыда аталған, Кіші жүз ханы, Ресей патшалығы қол астына өз еркімен кірген Әбілқайыр (1693—1748 жж.). Осы Әбілқайырды тарихи құжаттарда қазақ хандығының негізін салған Әз-Жәнібектен тарайтын Өсеке сұлтанның ұрпағы Әскен (Әжі) сұлтанның баласы деп жазады. Ал қазақ хандығының әдет-дәстүрі бойынша Өсекенің ұрпағы қазақ сұлтандарының кіші буыны, олар хан тағына мұрагер болуға хұқы жоқ деп танылады. Ауызша шежіреде де, тарихи мәліметтерде де Барак сұлтанның Әбілқайырды 1748 жылы өлтіру себебін, Барак сұлтанды билер талқысына салғанда, оның ақталып кетуінің мәні Әбілқайырдың хан тағына отыруының өзі негізсіз еді деген тұжырым төңірегінде іздейді. (В. В. Вельяминов-Зернов. Исследование о Касимовских царях и царевичах. Часть вторая. СПб. 1864. 368-370-беттер).

Кезінде төре тұқымының шыққан тегін бір адамдай жақсы білетін Шоқан Уәлиханов осы Әбілқайырдың тегін мүлде басқаша келтіреді. Шоқан былай дейді: Барак хан, одан Жәнібек, одан Сүйін (ең кіші баласы), одан Бөлекей — қоян, одан Батыр хан, одан Айшуақ сұлтан, одан Ырыс, одан Қажы сұлтан, одан Әбілқайыр хан. Өзінің еңбегінде Шоқан

Әбілқайыр тұсына: «1730 жылында ол Русияға табыс болған, 1748 жылында өлген» деген белгі салған (Ч.Ч. Валиханов. Собрание сочинений. А. — А., 1964, 3-том, 185-бет).

Ал біз білетін екінші Әбілқайыр — Абдолла сұлтанның баласы. Мұны ауыз шежіресі де, тарихшылар да «Қарт Әбілқайыр» деп атап кеткен. Оның әкесі Абдолла сұлтан Ташкентке хан болған. Тұрсынның баласы дейді. Ақназар ханның немере інісі Тұрсын — Мұхаммед Тәшкентте хан болып тұрған кезінде ант бұзғаны үшін, ағасы Есім батырдың қолынан қаза табады деген қауесет бар. Осы жөнінде Есім ханның жанында болған Марғасқа жыраудың «Ей, Қатағанның хан Тұрсын, кім арамды ант ұрсын...» деп жырлайтын орны бар. Есім хан інісі Тұрсынды өлтіргенмен, оның ұлы Абдолланы қамқорлыққа алады. Оны Есім хан өз баласы Жәңгірдің қолына береді. Жәңгірдің бел баласы Тәуке үш жүзге хан болғанда, Абдолланы Ұлы жүзге хан сайлайды. Осы Абдолладан Әбілқайыр мен Жолбарыс деген екі бала туады. Жонғар қонтайшысы Сыбан Рабдан қазақ хандығына қарсы соғыс ашу ниетін айқын білдірген кездерінде, яғни 1711 жылы Тәуке хан Қарақұмда Құрылтай жиналысын өткізеді (кейбір тарихи мәліметтерде мұны 1710 жылы өтті деп те жазады — А.К.). Осы Құрылтайда бүкіл қазақ әскерінің ханы (Мүкәддама Ләшқари) болатын осы «қарт Әбілқайыр». Себебі ол кезде Кіші жүз Әбілқайырының жасы небәрі 17–18-дерде болғаны белгілі. Тағы бір айтарымыз, осы Құрылтайда Қанжығалы Бөгенбай батыр қазақ жауынгерлерінің бас қолбасшысы — «Сардар» атанады. 1721 жылы «Қарт Әбілқайыр», әкесі Абдолла сұлтан өлген соң Ұлы жүзге хан сайланды, 1723 жылы «ақтабан шұбырынды» қасіретінде Ұлы жүздің халқын сақтап қалу үшін өзінің барлық әскери тәжірибесін азаттық көтерілісіне арнады. Осы кезде «Қарт Әбілқайырдың» жасы 80-нен асқан деп топшылауымызға болады. Себебі, Есім ханның 1645 жылы дүние салғанын ескерсек, ал Әбілқайыр Ұлы жүзге хан болып 1721 жылы таққа отырған болса, «Қарт Әбілқайыр» атауының орны бар.

Ал 1729 жылы үш жүзге бас сардар (қолбасшы) болатын Әбілқайырдың жасы 36-да болған, ол кейіннен Кіші жүзге хан болды. Ол жөнінде жоғарыда айтып өттік.

Қазақ тарихын зерттеуші М. Тынышбаевтың «...үш жүздің қазақтары (1730 жылдың бас кезінде) ортақ жауға қарсы үзенгі қағыса жүріп, тас түйін бірлікпен соғыса білді. Ол кезде «бас қолбасшы Қарт Әбілқайырдың өзі еді» деп жазуы да тегіннен тегін емес. Себебі, ол кезде «Қарт Әбілқайыр» жасының ұлғайғанына қарамастан Ұлы жүздің жауынгерлерін басқарып, елдің азаттығы үшін қас жауын қазақ даласынан қууға, өзінің күрескер ретіндегі мол тәжірибесін тиімді пайдалана білді. Осы соғыста 1730 жылы «Қарт Әбілқайыр» жау оғынан қаза табады. Оның сүйегі Түркістанға жеткізіліп, Қожа Ахмет Иассауи ғимаратына қойылған. Оған қойылған ескерткіш «Көк тас» осы ғимаратта әлі күнге дейін сақтаулы (Тарақты Ақселеу Сейдімбек, Балталы, Бағаналы ел аман бол (шежіре). — Алматы, «Қазақ университеті», 1993, 34—46-беттер).

Жоңғар-қалмақ басқыншыларының жүз жылға созылған сұрапыл соғыстарын бастарынан кешкен, «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» қасіретін көзбен көрген қазақ елінің зиялылары: билері, батырлары, бектері, сұлтандары ел болудың жалғыз ғана жолы күш біріктіру екеніне көздерін жеткізді. Күш біріктірген үш жүздің сарбаздарының 1726—1730 жылдардағы жанқиярлық соғыстарының нәтижесі бұған дәлел бола алады. Жоңғарларға бірнеше дүркін соққы бергеннен кейін, қазақ даласын басқыншылардан біржола азат ету мақсаты қойылып, ұлы шайқасқа бүкіл қазақ елінің батырлары бірігіп кірісті. Бұл әйгілі шайқастар 1730 жылдың көктемінен басталып та кетті. Олар Бұланты, Білеуті өзендерінің бойында, Қарасиыр (Қарасире) алабында, Аңырақай даласында болды. Осы жеңістерді баяндайтын ескерткіштердің бірі Қарасире мен Сарысу өзенінің арасында орнатылған «Киелі тасқа» үш жүздің таңбасы басылған. «Таңбалы тас» деп аталатын қасиетті белгі Жезқазған облысындағы Қызылжар бекетінен он шақырым жерде тұр, оның оңтүстік-батысынан бұл күндері «Қалмақ қырылған» деген өзен ағады. Бұл тарихи мәні зор, қазақтар үшін ел азаттығын көксеген ата-бабаларымыздың қаны төгілген қасиетті жер.

Ата-бабаның қаны төгілген осы қасіретті заманда Абылай хан (1711—1781 жж.) қазақ елінің тарихынан ақыл-парасатымен көріне білді. Тарихи шежірелік мәліметтер-

ге сүйенсек, Абылай Шыңғыс ханның тікелей ұрпағы деп білеміз. Шыңғыс ханның баласының бірі — Жошы. Осы Жошыдан Тоқай-темір, одан Өз-Темір, одан Қожа, одан Бадақұлан, одан Орысхан туады. Орысханнан Құйыршық хан, одан Барақ хан, одан Өз-Жәнібек сұлтан, одан Жәдік, одан Шығай хан туған көрінеді. Жаңағы аталған Шығайдан Есім хан, одан Жәңгір хан, одан Уәли сұлтан, одан Абылай сұлтан, одан Көркем Уәли, одан Абылай (Әбілмансұр) хан туған.

Осы Абылай Шыңғыс ұрпағынан шыққан хандардың ең соңғысы деп те аталады. Ол өзінің бүкіл саналы өмірін, ақыл-ойын, қажыр-қайратын қазақ елінің келешегіне сарқа жұмсап, халық арасында үлкен бедел, абырой-атаққа ие болды. Абылай өз елі үшін қар жастанып, мұз төсеніп жүріп, ерен ерлігімен көзге түсті. Қазақ халқының тұтастығы мен тәуелсіздігі жолындағы оның еңбегін бүкіл ел мойындады. Оған дәлел 1739 жылы Орта жүздің ханы Әбілмәмбет өз еркімен хан тағын босатып, Жасыбай көлінің жағасында (қазіргі Павлодар облысы) ақ киізге орап, Абылайды бүкіл үш жүзге хан көтереді. Дәл осы жылы Жоңғардың қонтайшысы Қалден Серен Қытай империясымен бітімге қол жеткізіп, қазақ даласына қайтадан шабуыл жасау ниетін ұстаған кезде, Абылай хан елінің тәуелсіздігін, дербестігін сақтап қалу мақсатында Ресейдің қол астына кіруге бел байлайды. 1740 жылы Орынбор қаласында Ресей патшасына ант беріп, қазақ халқын сыртқы жаулардың азабынан құтқарып қалады. Орыс-қазақ қарым-қатынастарының жан-жақты дамуы, тарих шежірелерінде ұзақ жырланған. Ол жағына біз де жоғарыда біраз тоқталдық.

Кейбір тарих зерттеушілері қазақ хандығының жойылуын Ресей патшасының 1822 жылғы «Сібір қазақтары туралы Уставымен» ұштастырғысы келеді. Ал шындыққа жүгінсек, қазақ хандығының соңы Кенесары Қасымов хандық құрған кезбен аяқталатын сияқты, бұл 1841—1847 жылдардың арасы еді. Қазақ хандығының ғасырлар бойғы тарихы, түптеп келгенде, ел болу, дербес мемлекет болу жолындағы үлкен күрестің тарихы деп қорытындылауға болады. Осыған байланысты айтарым, салт атты көшпенділер тарихы, «мың өліп, мың тірілген» қазақтың күні бүгінге дейін ел болып жүргені, ерекше құбылыс ретінде

жан-жақты зерттеліп, өркениетті өлемдік тарихтан өзінің лайықты орнын тапса екен деп тілеймін. Қасық қаны қалғанша жаумен жаға жыртысып, қасиетті қазақ даласының бір сүйем жерін бермей, байтақ елдің тұтастығын сақтап қалған аталар аруағы алдында басымды иемін. Нар тұлғалы сол бабалар ішінде менің атам Бақтыбай да бар.

Қазақтың

үш жүзі

Жай халық болмасын, өзінің тарихи даму жолында өз әдет-ғұрпын, өз салт-дәстүрін, өзіне ғана тән ұлттық ерекшеліктерін сақтап қалуға тырысады. Ал бізде қалай? Менімше, қазіргі қазақ даласында, ондаған ұлттар мен ұлыстар енші бөліспеген ағайындай бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, тату-төтті ғұмыр кешіп жатқан жерде, әр халық өзінің ұлттық ерекшеліктеріне: тіліне, дініне аса қамқорлықпен қараулары керек. Егер байлығы асыптасып жатқан, мәдениеті, әдебиеті, дарқан мінезі кемеінен шығып шалқып жатқан қазақ халқы аса ысырапшыл болса, қасиетті ата-баба мұрасын қадірлей білмесе, сүтпен біткен, баға жетпес көп қасиеттерінен айырылып қалуы ғажап емес.

Үш арыс, үш жүз көз алдымызға бір мақсат, бір мүдде жолында тізе қоса күрескен үш алыптың тұлғасын елестетеді. Бірақ ол шытырман шырмауы көп шыңырау тарих. Енді сол тарихқа саяхат жасап көрелік.

Қазақ ұлтының үш жүздік құрылымының қалыптасу дәуіріне талдау жасау үшін, оның өмір салты мен мәдени-шаруашылық үлгілерін қалыптастырған табиғи-географиялық ортасына көз салмай болмайды. Мысалы, қазақ даласының табиғи-географиялық жаратылысы атам заманнан-ақ үш түрлі мәдени-шаруашылық аймағының қалыптасуына себепші болған. Олар: Батыс және Орталық Қазақстанның қуаң даласы; Қазақстанның Шығыс және Оңтүстік шығыс аймағы; Оңтүстік Қазақстандағы Жетісу, Сырдария, Шу, Талас, Арыс өзендерінің құнарлы алқаптары.

Міне, осы үш түрлі шаруашылық аймағы келешекте қазақ даласында бой көтерген хандық пен мемлекеттік құрылымның ішкі буындарына өз әсерін тигіз-

бей қойған жоқ, яғни үш түрлі әкімшілік-территориялық негіз жасады. Сайып келгенде, бұл дәстүр көшпенділер әлеміне бір орталықтан басшылық етіп, мемлекеттің ішкі құрылымын Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз деп аталатын үштік жүйе бойынша басқаруға тікелей ықпал етті. Үш жүздік жүйенің тарихи қалыптасуын қазақтың белгілі жазушы-ғалымы Тарақты Ақселеу білгірлікпен талдаған (Тарақты Ақселеу Сейдімбек. Балталы, Бағаналы ел аман бол (шежіре). — Алматы, «Қазақ университеті», 1993, 48–84-беттер).

Қазақ даласында ерте кезде өмір сүрген көшпенділердің тарихи жылнамаларында айтылғандай, олардың табынар тәңірі көк аспан және шексіз әлем болды. Осы көк аспан мен әлем тағдырдың ең күдіреттісі — көктегі күн деп саналды. Мұның өзі, бертін келе Күнді Тәңірінің көзі деп танып, киіз үйлерінің есігін күн шығысқа қаратып тігіп, шығып келе жатқан күнге ақ шашып тәубе ету рәсімін туғызды. Тіптен, осы заманға дейін қазақ келін түсіргенде отқа май құю, баланы бесікке бөлерде оны отпен аластау сияқты ғұрыпты сақтап, жердегі отты аспандағы күннің шұғыласы деп қараған. Дүние танудың белгісі: жүзін күнге қаратады да, маңдай алдын — күн шығыс, ту сыртын — батыс, оң қол жағын — оңтүстік, сол қол жағын — солтүстік деп білген. Көшпенділердің, оның бер жағында қазақтардың кең дүние кеңістігін Тәңірінің көзі — Күн жолы арқылы бағдарлауы ертеден қалыптасқан үрдіс десе қателеспейміз. Сөзіміз дәлелді болуы үшін Екінші Шығыс түрік қағанатының тарихынан осыған дерек беретін «Күлтегін» ескерткішінің «Үлкен жазуынан» мынандай қысқа үзіндіні келтіре кетейік: «Жоғарыда Көк Тәңірі, төменде Қара Жер жаралғанда, екі арасында кісі оғлы жаралған екен. О кісі оғлының үстінен билік жүргізуге менің бабаларым Бумын қаған, Естемі қаған таққа отырған екен», — деген аңыз жазылған. Осыған қарағанда, Түрік қағанатының негізін қалаушыларға Көктегі Тәңір — Күнді өздерінің өмір баяндарымен ұштастырған. Олай болса, қазақ арасындағы үш жүздік құрылымның атауы да осындай ескі таным-түсініктен, көне наным-сенімнен басталады деп топ-

шылауға негіз бар. Күнге табынып, Күнді тіршілік атаулының тірегі деп санап, дүние кеңістігін Күн жолымен бағдарлап, көшпенді бабаларымыз Күннің шығар жолындағы тайпаларды — Ұлы жүз, орта жолындағы елді — Орта жүз, күн батыста орналасқан тайпаларды — Кіші жүз деп атаған деген ұғымға қосылуға болады. Осыған қарағанда «жүз» деген сөздің мағынасы бағдар-бағытты білдіреді. Ал, қазақ тілінде айтылған «айдың жүзі болды», «жүзін құбылаға қарату керек», «дүз тағысы», «тәңірмен тілдес», «дүзге (жүзге) шығу», т.б. сол сияқты синонимдер адамның әрі кеңістікке, әрі уақытқа бағытталған ыңғайын байқатады.

«Жүз» дегенде оның қайдан шыққанын, қандай мағынаға ие болатынын, үш «жүздің» неге өзара Ұлы, Орта, Кіші болып бөлінетіндігін тарихи деректер де толықтыра түседі. Қазақстанның қазіргі солтүстік-шығыс өңірінде, Шығыс Түркістан өңірінде біздің жыл санауымызға дейінгі VIII ғасырдан бастап өмір сүрген Ғұн тайпалары туралы деректер Қытай жылнамаларында кездеседі. Ал осы ғұндардың Сақ (Скиф), Үйсін, Қаңлы тайпаларымен тектес болғандығы тарихи шындық. Осыған қоса айтарымыз, ғұндардың Шығыс жағында орналасқан Гансу өлкесінде «Ұлы жүз», яғни Да Юечжи деген тайпаның мекендегені жөнінде қытай жазбаларында деректер кездеседі. Бұлар Ғұн тайпасы одағының құрамында болған. Біздің заманымызға дейінгі 200 жылдары шамасында әйгілі Моде (Боғба) хан қайтыс болып, оның баласы Көшу (Ересен) таққа отырған кезде Ұлы жүз тайпасы бүлік шығарады. Көшу хан оларды аямай жазалап, өз хандығынан аластап, Еренқабырғадан асырып қуып жібереді. Бірақ та, олар бұл жерде де ұзақ тұрақтамайды, ақыры қуғын-сүргінмен Арал, Үстірт, Каспий маңын паналайды. Бертін келе көшпелі тайпалардың бастары қосылып, тарих сахнасына келгенде, бір кездегі Ұлы жүз тайпасы Кіші жүзге айналады. Оның себебі: олар мекендеген жердің табиғи-географиялық орны қазақ даласының батыс жағы еді. Ал, елдің шығыс жағын мекендеген Үйсін тайпалары болса, енді Күн жолындағы бірінші ел болып саналғандықтан Ұлы жүз атанды.

Осы күнгі Кіші жүз құрамындағы тайпалар бір кезде түркі мемлекетінің Шығыс өңірінде мекендегені анық. Олар сол кезде Оңтүстік Сібірді, Монғолия жерін, Қытайдың Ганьсу аймағын мекендегені жөнінде қазақтың көне тарихынан білеміз. Осыған орай, әрі тарихшы, әрі инженер Мұхаметжан Тынышбаев былай деп жазады: «Обь өзенінің екі сағасы – Шығыс жақтағы Чұлым мен батыстағы Томьға, Кузнецк Алатауы су айырық болып жатыр. Чұлымның сол қанатындағы салаларының бірі Беріш деп аталады. Оның батысын ала 40 шақырымдай жерге Берішкөлі орналасқан. Сол көлден 70–80 шақырымдай жерде Томь өзенінің бойында, су жайылған кезде кеме мен салға қауіпті Бүріш деп аталатын су асты жартастары бар. Берішкөлдің батысын ала 50 шақырымдай жерден Алшедат өзені басталады. Обь өзеніне құятын Қатын өзенінің оң жағындағы салаларының бірі Шеркиш деп аталады. Ачинскіден солтүстікке қарай 100 шақырымдай жерден Үлкен және Кіші Кеть деп аталатын өзендер бастау алады (мұнда XVII ғасырда Кеть естектері өмір сүрген).

Чұлым өзенінің бойында және Томь өзенінің батысынан бастап, жаңағы айтқан Беріш өзені, Берішкөлі, Бүріш жартасы, Алшедат өзеніне дейінгі аймақта Қызыл деп аталатын түркі тайпасы тұрады. Оның құрамында Үлкен Ашын және Кіші Ашын деген рулар бар. Ачинск қаласы атауы да осыған байланысты. Беріш, Берішкөл, Бүріш деген атаулардың бәрі де біздің Алшын ішіндегі қалың Беріш руын еске салады. Үлкен және кіші Ашын деген рулар да «л» әрпі түсіп қалған біздің Алшынды еске түсіреді. «Л» әрпін қалдырып сөйлеу қазақтарға тән. Мәселен, «алшы» деудің орнына «ашы», «алып кел» деудің орнына «әккел» т.б. деп айта береді. Егер, «Алшедат» сөзінің «ат» түрінде айтылатын көптік жалғауын алып тастаса «Алшед» болып шығар еді. Бұл да біздің – «Алшынға» жуық. Шеркиш атауы да біздің Алшынның құрамындағы Шеркеш руын еске салады. Кеть атауы да сол алшынның құрамындағы Кете руын еске түсіреді.

Осы өңірлерде «алтын» сөзі жиі-жиі ұшырасады. Көптеген географиялық атаулар біздің рулармен үндес

болғандықтан, бұл сөзді де Алшын ішіндегі Алтын руымен шендестіруге болады. Бір мән беретін жай, осы өңірлерде Ұлы жүз бен Орта жүздің руларын (Арғыннан басқа) еске салатын атау мүлде кездеспейді. Оның есесіне сөз болған атаулардың бәрі де тек қана Кіші жүз руларымен үндес (М. Тынышбаев. Материалы к истории қырғыз-казахского народа. Ташкент. 1925. 21-бет). Осы айтылған қысқа тарихи айғақтар бір кездегі Ұлы жүздің бұл күнде Кіші жүзге айналғанында емес. Оған қосып айтарымыз — қазақтың үш жүзге бөлінуі тек қазақ хандығына төн құбылыс емес, ол көшпелі өмір сүрген халықтардың өмір салты туғызған ел билеудегі қалыптасқан табиғи заңдылық. Шындығына келгенде, қоғам үшін үштік құрылым, ең алдымен демократиялық дәстүрлер үшін қажет болғанын айтуымыз керек. Нағыз үндестік, шыншыл мәмле, шынайы демократия алдымен үштіктен басталады. Жік саны — жұптық ұйымдастырудан тарайды. Мына сөздерге көңіл аударсақ: жақсы-жаман, өмір-өлім, қуаныш-қайғы, жарық-қараңғы, ыстық-суық. Осы қосарлы сөздердің мағынасына текетірес келетін үшінші күш қарсы тұруы қажет. Осы сияқты өмірдің жұптық текетіресін реттейтін үшінші күш керек. «Табиғаттағы, — деп жазады халық жазушысы, қоғам қайраткері Әбіш Кекілбаев, — үшінші күш кереғар екі күштің бірін-бірі құртуына жол бермей, теңестіріп тұрады, төртінші күш онсыз да тайталас дүниені одан сайын өршітіп жібереді. (Әбіш Кекілбаев. Әйтеке би, Үш пайғамбар. Алматы, «Дәуір», 1992. 137-бет). Ертеде қазақтар «Көк пен Жерді Күннің көзі, әйел мен еркекті қимас көңіл жақындастырып тұрады» деп тұжырымдаған. Олай болса мұнда да үштіктің теңестіріп тұратын қасиеті бар. Осыған орай, қазақтың: «Жалғыздың өзі сығай, екеудің бірі жұбай, үшеудің бірі — шарана, төртеудің бірі — қаймана» — деген сөздері тегіннен тегін айтылмаған көрінеді.

Табиғатта бір-біріне атымен ұқсамайтын кереғар құбылыстарды аңғарған адамзат келе-келе оларды байланыстырып тұратын бір күш бар екенін байқаған. Мысалы Күннің түнге ауысуының ортасында іңір (ымырт) болатынын, түннің күнге ауысатын кезінде

танертеңгілік, қыстың жазға ауысарында көктем, жаздың қысқа ауысарында күздің болатынын, ондай теңестіріп тұратын аралық құбылыстар болмаса, дүниеде ешқандай бірлікке, ешқандай жарастыққа жетпейтінін сезген.

Олай болса, адам өмірінің қауымдасу құбылысы дәнскер бола аларлық әлеуметтік күшке сиынған. Оны алғаш ошақ басында қауымдасуға негіз болатын туысқандық дәстүрге, кіндік байланысы заңына сиындырған. Тайпа арасындағы қарым-қатынас жайындағы аңыздар адам нанғысыз таңғажайып жайттерге қоса, олар табиғи жолмен емес, жасанды жолмен реттеліп отыратын сияқты болып көрінеді. Қоғамдық ынтымақ идеологиясын туысқандық психологияға ыңғайлау үшін одақ құрып отырған тайпа күштерінің ара қатынасын әділеттік пен қайырымдылық реттеп отырған. Қорыта айтқанда, үштік одақтың бір мүшелерінің аға, бір мүшелерінің іні болып келуі де, оларды бір-біріне өлімжеттік жасаудан сақтандырған.

Өз заманының білгір этнограф зерттеушісі Дм. Фрэзер: «Малшы халықтардың мекендейтін жерінің кеңдігі олардың балаларының ер жеткендеріне алдын-ала енші беріп, бөліп шығарып, ал өздеріне тиесілі дүниесіз-дәулетті өздерінің көздері тірісінде бұғанасы бекір-бекімей беймәлім кенжелеріне қалдыруға жағдай жасайды» десе, тарихшылар Рашид ад Дин мен Гильома де Рубрук бұл ғұрыптардың өсіресе, түріктер мен монғол тектес халықтарға тән екенін айтады. Көшпелі халықтардың саяси одағының үштік құрылымға, туысқандық қағидаға бөлінуін көптеген ғалымдар игілік бөлісудің әлгіндей үлкендерге енші беріп, кенжеге шаңырақ қалдыратын дәстүрлерін әдет-ғұрыптан тығыз байланыстырады. Отырықшы елдердің жағдайында игілік бөлісудің бұл дәстүрі еңбек бөлісуге де негіз болған. Қандай қоғамдық құрылысты алсақ та, саяси билігі болмаса, қорғанысты сақтай алатын әскери күші болмаса, жеткілікті ырзық-дәулеті болмаса, қалыпты өмір сүре алмаған болар еді. Бұл үш міндетті өуелгі адамзат тайпалары біркелкі қамтамасыз ете білді. Ал келе-келе жаңа одақтың ұлғаюына байланысты, әлгі

үш міндет бір бағытқа қарай көбірек ауысты. Аңыз бойынша Феридунның байлықты үлкен ұлы Сельмге, жауынгерлікті ортаншы баласы Тұрға, білік пен билікті кіші баласы, кенжесі Иреджге беруі адам таңғаларлық ғажайып емес пе. Қазақтың: «Ұлы жүзді қауға беріп малға қой, Орта жүзді қалам беріп дауға қой, Кіші жүзді найза беріп жауға қой» — деген аталы сөзі осы үштік міндеттің бағдарламаларын аңғартпай ма?

Әсіресе үштік одақ мал шаруашылығымен айналысатын көшпенді елдерге тән, себебі ол көл-көсір байтақ жатқан даласын пайдалануға ыңғайлы еді. Тарихи жылнаманы тыңдасақ, скифтердің де, сарматтардың да, сақтардың да, гундердің де жер кеңістіктері үш бөлікке бөлінген. Мұндай үштік бірлік олардың жасақтарының құрылымына да негіз болған. Геродоттың жазуынша, Дариймен соғыста Скиф әскері Иданфирс, Скопаксис, Таксакис дейтін үш патшадан, үш қолдан құралған. Қытай тарихшысы Сым Цзяннің жазуынша, біздің жыл санауымызға дейінгі III ғасырдағы Хун қауымы да осылай үштіктен тұрған. «Өгізнаманың» баяндауына қарағанда, жорықтан қайтып келе жатып, Өгіз хан бір садақ, үш жебе тауып алады дейді аңызда. Алты ұлы бар Өгіз хан садақты үшке бөліп, үш үлкен ұлына, үш жебені үш кіші баласына береді. Міне тағы да сол «үштік». Көшпелі елдердің мемлекеттік құрылымы үш бөліктен тұрғанымен, оны реттейтін құбылыстар жұп рулардан, не аталардан тұрған: алты алаш, алты арыс, сегіз арыс, он екі арыс, алты аталы Әлім, он екі ата Байұлы, төрт аталы Төртқара т.с.с. Көшпелі еврей тайпаларының өзі он екі рудан тұрған. Ежелгі еврей патриархтары да, кейінгі скиф, гун, түркі падишалары да тақ қасындағы орындарға шонжарларды дастархан басына шақырғанда, еншілі сыбағасына қарап жайғастырыпты, әрқайсысына сыбағалы жілігін сыйлапты. Егер де бір малдың жеті мүшеден, төрт аяқтан, он екі жіліктен тұратынын ескерсек, көшпенді елдердің құрылымында жеті, төрт, он екі сандарының неге жиі ұшырасатындары табиғи құбылыс деп ойлаймыз.

Қысқасы, үштік бірлікке негізделген қазақ қауымының құрылым жүйесі өз-өзінен шыға салмаған. Бұл

жүйе – халқымыздың жаңа мемлекеттік тірлік саясатын жүзеге асырудағы көп ізденістерінің нәтижесі. Бабаларымыз мақсаттарына жету үшін жоғарыда айтылған әлемдік тәжірибенің басты қағидаларын дұрыс пайдалана білген. Бұған әсіресе, «Жеті жарғыны» жасаған үш жүздің үш биі – соның айғағы. Олар жасаған мемлекеттік жүйе қазақтың ұланбайтақ кең даласында табиғат райына қарай көшіп-қонып жүрген қазақ тайпаларын бір одаққа біріктіру тұсында өзін-өзі әбден ақтады.

Тәуке хан заманы қазақ елінің мемлекеттік жүйесін қамтамасыз етудің шындалған кезеңі деп білеміз. Бірақ ол дәурен ұзаққа бармады, ел ұйытқысы қайта бұзылды. Жаңа ғана қанатын қомдап, мемлекеттік жүйенің алғашқы сатысында жүрген қазақ қауымының ынтымағы халықаралық жағдайдың қатты шиеленісуінен туған еді. Осы шиеленістен шығуға қазақтың өз күші жетпеді. Сыртқы күштерді, сыртқы ықпалдарды іске қосу қажет болды. Бұл манағы біз айтқан реттейтін күш. Бір кездегі Есім хан, Тәуекел мен Тәуке сияқты сырттан одақтас іздеуге мәжбүр болдық. Ортақ мекен болып келген үш жүздің аймағы уақытша жау қолының астында қалып, әр жүз бір кезде өзі көшіп-қонған этникалық территорияны қайта қаратып алу жолында жүздеген жылдар бойы азаттық күресін жүргізуге мәжбүр болды. Ата мекенін жоңғарлар алып қойған Орта жүз ұлыстарының сұлтандары, билері мен батырлары бір кездегі ата-баба қоныстарына оралу үшін алысып жатқан жауларының ар жағында тұрған күшті орыс, қытай патшаларының көңілін бірдей алуға тырысты. Ал бір жағынан Нәдір шах, екінші жағынан Еділ қалмақтары, үшінші жағынан Башқұрт естектері, төртінші жағынан казак әскерлері, бесінші жағынан түрікпен ұлыстары иемдене бастаған жер-суын қайтарып алуға бел буған Кіші жүздің батыр мен билері Батыстағы орыс патшасының көңілін аулауға мәжбүр болды. Мұндай келелі саясат ұстанған қазақ жұртының үш жүзінің парасатты адамдары айналасы ширек ғасырдың ішінде жоңғар басқыншыларының қол астында қалып қойған ата мекені ғана емес, бір кезде хандықтарға қол болған ежелгі ата-баба қоныстарын түгелге жуық қайтарып

алуға мүмкіндік жасады. Соның арқасында Алтай мен Тарбағатайды, Ертіс пен Баянауылды босатып алуда Бөгенбай мен Қабанбай, Олжабай мен Жасыбай бастаған қазақ жауынгерлері не істесе, Жетісу мен Алатау қойнауын қайтаруға Наурызбай мен Райымбек, бір жағы Маңғыстау түбегін, бір жағы Жайық бойын, Есіл мен Тобыл аралығындағы ұланбайтақ өлкені қайта иемденуге Жәнібек пен Бөгенбай, Есет пен Бақтыбай, Өсек пен Әжібай да соны істеді. Қорыта айтқанда, он сегізінші ғасырдың отызыншы-елуінші жылдарында қазақ ұлыстарының бір бөлегі ғана басқыншы жаумен алысып, қалғандары бастарын сауғалап тыныш отырды деу қате ұғым. Ақиқатында, ол жылдары қазақтың қай ұлысы, қай өлкесінде де өздерінің ата мекен-қонысын жат жұрттан азат ету үшін қазақтың кең байтақ даласында кескілескен соғыс өрті жүріп, ата-бабамыздың қанымен жуылды. Осы күрестің арқасында ғана Ұлы жүз ұлысы бір кездегі Монғолдар пайдаланып кеткен, Орта жүз ұлысы бір кездегі Ақ Орда, Көк Орда құрамында қалған, Кіші жүз ұлысы бір кездегі Алтын Орда құрамында жүрген ата қоныс мекенінің көптеген жерлерін қайтарып алды. Осы жанқиярлық күрестің нәтижесінде, қазақ елі Маңғыстаудан — Алтайға, Тобылдан — Қордайға дейінгі созылып жатқан қазіргі мемлекеттік шекараға ие болып отыр. Оны ұмыту — тарихты ұмыту, оны сыйламау — ата-бабаларымыздың аруағын сыйламау.

Қазақтың жүзге бөліну тарихына, шежіресіне бізден бұрын Нұрлан Наушабаев, Мәшһүр Жүсіп Көпеев, Шәкәрім Құдайбердиев, Мұхаметжан Тынышбаев, заманымыздың қазіргі жазушы, тарихшы, зерттеуші білгірлері Әбіш Кекілбаев, Қойшығара Салғараұлы, Тарақты Ақселеу және басқа да қаламгерлері ғылыми тұрғыдан көптеген тарихи деректер мен мәліметтер келтіре отырып, жүйелі ой түйіндеді. Қазақтың үш жүзін, оның шежіресін осы кісілерден артық білеміз деу ерсілік болар еді. Әлі де болса қазақ жүздерінің қашан құрылғаны, олардың атаға бөліну, мемлекеттік жүйедегі алған орны жөнінде нақты құжаттарға қол жеткен жоқ. Сондықтан бұл жұмыс осымен бітпесе

керек. Тарихи тәжірибені саралап, қазақ халқының үш жүздік құрылымын әрі қарай зерттей түсу қажет. Ол жан-жақты терең зерттеліп, тезірек халықтың мұрасына айналуы қажет. Күні кешеге дейін көшпелі өмір салт пен жеті аталық үрдісті өмір тірегі етіп келген қазақтардың үш жүздік құрылымын қазақтың тарихынан бөліп қарауға болмайды. Оған дәлел ретінде «Түрік тайпалары мен ұлыстарының этникалық құрамы туралы хабар және олардың саны жөніндегі мәлімет» деп аталатын екі бірдей еңбек жазып қалдырған орыстың атақты ғалымы Н. А. Аристовтың айтқан бір сөзін естеріңізге сала кетейік. «Қазақ шежіресі маған қазақ тайпасының тарихын зерттеп жазуда көп пайдасын тигізді. Сондықтан да мен қазақтың тарамданып өсу жолындағы генеалогиясына тоқталмай кете алмадым, онсыз маған қазақ тайпасының өткен өмірін зерттеп білу қиын болар еді», деп жазады ғалым. Дегенмен де біздің айтпағымыз: қазақтың шежіресін, қазақтың үш жүзі туралы тарихи деректерді қазақтың өзінен артық ешкім білмесе керек. Өйткені ол халықтың атадан балаға тарап келген асыл мұрасы, қасиетті тарихы емес пе? Сондықтан жазба дерек екен деп, болмаса білікті ғалым екен деп, орыс және шетел ғалымдарының шежіре жөніндегі жазба деректерін түпнұсқа деп қарауға болмайды. Олар да кезінде шежіре жинағын, қазақтың үш жүзге бөліну тарихи мәліметін қазақтан естіп (көбісі тілмаш арқылы), жазып алды емес пе. Мысалы, жоғарыда аты аталған Н. А. Аристовтың өзі шежіре тарихын Диқанбай батырдан естіп алып, «Сырдария облысының қырғыздары (қазақтары) мен қарақырғыздары (қырғыздары)» атты еңбекті жазған. Н. И. Гродековтың өзі Қанай бидің баласынан жазып алғаны белгілі емес пе. Нақты тарихи деректерге сүйене отырып айтарымыз, жан-жақты зерттеу нәтижесінде жасалған әр түрлі шежіренің түпнұсқасы бір-біріне ұқсас, түптамыры бір тірекке алып келетінін білеміз. Осының өзі кең байтақ даланы көктей көшіп, тығыз қарым-қатынаста болуы, қандастық туыстығы, жиі-жиі дидаарласып отыруы, әрбір қазақтың тарихи танымын ұдайы нықтап отыруына, шежірелік зердесін кеңейтіп, ойда

үзақ сақталуына жағдай жасаған. Осы жөнінде айтқан Шоқан Уәлихановтың мына сөзі көкейге қонады: «Қазақ өздерінің көне аңыздары мен наным-сенімдерін қайран қаларлық тазалықта сақтай білген. Одан да өткен ғажабы сол, байтақ даланың әр шалғайындағы, әсіресе өлең-жырлар еш өзгеріссіз, бір қолдан шыққандай қайталанатынын қайтерсіз. Көшпелі сауатсыз ордадағы ауызша тараған осынау үлгілердің бір-бірінен қылдай ауытқымайтыны адам айтса нанғысыз қасиет, алайда күмән келтіруге болмайтын шындық». Бұл айтылған тарихи шындық қазақ шежіресінің сақталуына да дәлме-дәл келеді.

Қазақ шежіресінің түпнұсқаларын зерттеп, үш жүздің шежіресін жазған Шөкәрім Құдайбердиев қазақтың үш жүзге бөліну уақытын Ахмет ханның тұсы деп тұжырым жасаған. Ол кезең Хақназар ханның таққа отырған заманынан ілгері, өйткені XV ғасырдың сексенінші жылдарында хан тағында Бұрындық отырды емес пе? Осы Бұрындық (кей тарихшылар Мұрындық деп те атайды — А. Қ.) Керей ханның үлкен ұлы, 1480—1511 жылдары аралығында қазақ ханы болып, өз заманында елу мың сарбаз ерткен күшті хандардың бірі. Ол өзі хандық құрған заманында ел билеудің өзіндік заңын жасаған, ол кейін тарихта «Қасым ханның қасқа жолы» деп аталды. Ал Қасым болса осы Бұрындық ханның әскерінің қолбасшысы болған. Тарихшы Мұхаммед Хайдар Дулати «Тауарих-и Рашиди» деп аталатын кітабында Бұрындық ханды жоғарғы хан деп атайды. Дей тұра, Қасымды «бүкіл қазақтың падишаһы» деп суреттеуі түсініксіз. Сонымен қатар, тарихшы Қасым сұлтанның ел алдындағы беделі Мұрындық ханнан кем түспейтінін байқатса керек. Олай дейтініміз, Қасым сұлтан 1511 жылы Мұрындықты Самарқандқа қуып, өзі хан тағына отырған екен. Осы орайда қазақ тарихшысы М. Тынышпаев мынандай дәлел келтіреді: «Бас хан болып есептелінетін Бұрындық (Мұрындық) Сарайшықта тұрды. Жөнібектің ұлы Қасым хан Шығыс жақта хандық құрды. (1512 жылдың қысын Қаратал өзенінің бойындағы жазықта өткізеді). Шағатай ұрпағы, Махмұт пен Ахметтің қарындасы Сұлтан Нигар-ханымға үйленген.

Жәнібектің екінші баласы Жәдік хан 1503 жылы Шейбаниге қарсы соғысқа қатысты. Осы шайқаста Махмұт пен Ахмет қолға түсті. Мұхаммед Хайдар бұдан соң Жәдікті қазақтарға кетті дейді. Ол сонда ноғайдың Мұсасының (Едігенің шөбересі) үлкен ұлы Шағын мырзамен соғыста 1503 жылы өледі. Осы мәліметтерге қарап, қазақтардың XVI ғасырдағы қонысының шекарасын шамамен анықтауға болады: «Сарайшықтан Жоңғар тауына және Ұлытаудан Сырдарияның орта ағысына дейінгі жерді алып жатыр» деуге болады. Егер осы деректерді негізге алсақ, қазақтардың үш жүзге бөлінген кезеңі, Бұрындық (Мұрындық) ханның тұсына келеді деп топшылауға негіз бар. Мұның себебі, Бұрындықтың бас хан аталуы, ал Қасымның аға хан, Жәдіктің кіші хан екенін дәлелдей түседі. Тарихтың қойнауына үңілсек, осы М. Тынышбаевтың дерегі дәлірек келетін сияқты. Олай болса қазақтың үш жүзге бөлінуі жоғарыда айтылған Мұрындық ханның тұсы, яғни XV ғасырдың аяғына келеді.

Қазақ халқының зиялы қауымында сақталған шежіре бойынша қазақ Алаштан тарайды, кейбір жылнамаларда қазақты алты алаштың бір баласы деп те атайды. Қазақтың көне тарихы, ескі аңыз, далалық ауызша тарихнама, ауызекі кәрия сөздерінің бәрі қазақтың шыққан түбін Алашқа әкеліп тірейді.

Қазақтың алаштан шығуы турасында шежіреде бірнеше түпнұсқа бар. Соның бірнешеуіне тоқтала кетейік.

Шежіренің бір нұсқасында: Алаштан — Сейілхан, Жайылхан атты екі ұл туады (қазақ қызды атаға қоспаған). Соның Сейілханынан сегіз арыс түрікмен тарайды. Жайылханның ұрпағына келгенде шежірелер екі нұсқа ұсынады. Оның біріншісі бойынша: Жайылханнан Қазақ, Созақ және Ұзақ деген үш бала туады. Оның Созағы қарақалпақтардың, Ұзағы қырғыздардың, хақастардың атасы. Ал Қазағынан — Ақарыс (Ұлы жүз), Жанарыс (Орта жүз), Бекарыс (Кіші жүз) деген үш ұл туады.

Екінші шежіренің нұсқасы бойынша: Алаштың баласы Жайылханнан үш бала емес, Майқы деген жалғыз ұл

туады дейді. Осы Майқыдан Өзбек пен Сабиян деген екі ұл туады. Сабияннан Айырқалпақ, Айырқалпақтан Қазақ пен Созақ туады. Созақтан — Қарақалпақ, ал Қазақтан — Ақарыс, Жанарыс, Бекарысты туғызады. Бұл жерде шежіре Майқыны өзбек, қазақ, қарақалпақ ұрпақтарының түп атасы деп көрсетеді.

Ал енді бір сөтте, Қарақалпақ елінің ұлы шайыры Бердақ өзінің шежіресінде Майқыны Алаштың орнына қояды. Сөйтіп ол Сейілхан мен Жайылханды Майқының баласы дейді.

Оған дәлел:

*«Майқының ұлы Жайылхан,
Және бірі — Сейілхан.
«Жайылхан» аты ұран болған,
Қоңыраттар ұран қылған екен», —*

деп жырлайды Бердақ.

Халық арасында тараған шежіренің ендігі нұсқасында қазақтың үш жүзі былайша тарайды:

Алаштан — Жайылхан, Сейілхан туады да, Сейілханнан — Қыпшақтар тарайды, ал Жайылханнан — Қазақ, Созақ, Қарақалпақ (лақап аты Разақ) және Қырғыз. Осы шежіреде Қазақтан Жұманды туғызады, ал Жұманнан — Әбілқайыр туады, Әбілқайырдан — Ақарыс (Ұлы жүз), Бекарыс (Орта жүз), Жанарыс (Кіші жүз) тарайды.

Тағы бір халық шежіресі үш жүздің түп атасын былай көрсетеді: Алаштан — Сейілхан мен Жайылхан туады. Ал Сейілханнан — сегіз бала түрікмен ұлағаты тараған. Олар: Өтеміс, Тоқтамыс, Жалғамыс, Ерсары, Теке, Жәуміт, Ата және Шәудір. Түрікмендердің Сейілханнан тарайтынын Сәбит Мұқанов та құптайды: «Сондықтан, — дейді ұлы жазушы, қазақтың түркмендермен көршілес руы Адай, күні бүгінге дейін түркмендерді «Сейілхан» деседі. Ал, енді осы шежіре бойынша Жайылханнан — Майқы мен Мүйтен туады. Мүйтеннен тұқым жоқ. Майқыдан екі бала: Түмен, Өзбек. Олар ағайынды, қандас, бауырлас. «Түмен, Өзбек — түбің бір, түп атаң сенің Майқы би»,

деген көнеден келе жатқан сөз бар. Майқы бидің екінші баласы Түменнен Айырқалпақ және Келмек туады. Келмектен – Қара Қырғыз бен Сары қырғыз тарайды. Айырқалпақтан – Қазақ, Созақ деген екі бала өмірге келеді. Оның Созағынан – Толағай мен Сүйір. Сүйірден ұрпақ жоқ. Ал Толағайынан қарақалпақтар тарайды. Қазақтан үш бала: Ақарыс (Ұлы жүз), Жанарыс (Орта жүз), Бекарыс (Кіші жүз) болған.

Ауызша жеткен шежіренің тағы бір нұсқасы мынадай деректерге сүйенеді. Ол бойынша: Алаштан – Сейілхан (сегіз арыс түркмендер); Жайылхан (Естек, Татар, Башқұрт); Майқы – Өзбек; Сақымжан – Ойыққалпақ (Қырғыз, Сүйір); Созақ (Төлеп, Қарақалпақ); Қазақ – Ақарыс (Ұлы жүз), Жанарыс (Орта жүз), Бекарыс (Кіші жүз). Бұл жерде шежіре алты алаш деп, Алаштан тараған алты баланы айтып отыр.

Қазақ халқының шежіре деректерінің барлығы да үш жүздің түбін алаштан таратады. Ұлы жүз – Ақарыс бөлігі, Орта жүз – Жанарыс, Кіші жүз – Бекарыс болып қазақ тарихында өзгеріссіз өз орнын алғанын көреміз. Осыған орай қазақтың үш жүзі ру емес, көшпелі өмір салтынан туған мемлекеттік әкімшілік – территорияны басқару құрылымының жүйесі екенін тағы да баса айтамыз. Сонымен қатар «Арғыннан өрі ассан адасасың», – деп Мәшһүр Жүсіп Көпеев айтқандай, шежіренің қай кезеңі болса да ел арасында ауыздан-ауызға көшуі, аталардың, рулардың атының шатасуы т.б. ғылыми тұрғыдан жүйеге келмегендіктен, адастыруы да мүмкін. Шежіредегі бір заңдылық: бір кіндіктен тарамғанымен өзбек, қазақ, қарақалпақ, қырғыз, түрікмен халықтарының түпкі тегінің бір екенін көреміз.

Сонымен, шежіре деректеріне сүйеніп, алты алаштан қазақты тараттық, оны үш жүзге, үш арыс, үш ұлысқа бөлдік. Ендігі өңгімеміз елдің шаңырағын биік ұстап, үш ұлыстың мекен-жайы мен ру басыларына біраз назар аударғанды жөн көрдік.

Тарихшы М. Тынышпаевтың халық аузынан жазып алған шежіреге сүйеніп үш жүздің шығу тарихын былайша түзетінін көреміз:

Ұлы жүз – Үйсін, Жалайыр, Қаңлы деген рулардан. Үйсіннен – Дулат, Албан, Суан, Сарыүйсін туады. Сонымен қатар Үйсін тайпасына кірме деп Шапырашты, Ошақты, Ысты, Сіргелі руларын қосады. Ал Қаңлы тайпасына Шаньшқылы руын кірме деп атаған.

Орта жүздің тобына – Арғын, Найман, Қыпшақ, Қоңырат, Уақ, Керей руларын жатқызады.

Кіші жүзді Алшыннан таратады да, оны үш тайпаға бөледі. Олар: Байұлы, Әлімұлы, Жетіру.

Байұлынан – Адай, Беріш, Алтын-Жаппас, Есен-темір, Таз, Байбақты, Тана, Масқар, Алаша, Қызылқұрт, Шеркеш және Ысық деп он екі атаға бөледі.

Әлімұлынан – Әлім, Шөмекей, немесе Шөмен, Кете деп үш атаға бөледі. (Сонда алты аталы Әлім қайда қалды? – А. Қ.). Жетірудан – Тама, Табын, Жағалбайлы, Телеу, Кердері, Керейіт, Рамадан тарайды. (М. Тынышпаев. Великие бедствия. Ақтабан шұбырынды. Алматы. «Жалын», 1991. 6-бет).

Қазақтың белгілі жазушы, ғалымы Тарақты Ақселеу тарихи шежірені талдай келіп, үш жүзді былай жіліктейді: Ақарыстан Жұманбай, одан Кейкі, Кейкіден Төбей, Төбейден Үйсін туады. Үйсіннің балалары: Майқы, Қоғам, Құйылдыр, Мекірен. Майқыдан – Бақтияр, Бақтиярдан Ойсыл және Үйсіл. Үйсілден – Ақсақал (Абақ), Жансақал (Тарақ). Жансақалдан – Жалайыр туады. Ал Жалайырдан – Сырманак, Шуманак, Бірманак туады. Қоғамның ұрпағы: Қаңлы, Қатаған (Шаньшқылы). Қатағаннан (Шаньшқылыдан) – Балық, Күрпік, Саңырау, Дарқан деген төрт бала тарайды. Қаңлыдан – Сарықаңлы, Қарақаңлы, Қызылқаңлы деген үш бала. Жоғарыда айтылған Ойсылдан – Сіргелі туады. Сіргеліден: Құбасай, Қаракенірдек, Ақкенірдек, Тұтаңбалы, Қайшылы. Ақсақал (Абақтан) – Қараша би туады. Одан Байдалы, Бөйдібек. Бөйдібектен Сарыүйсін, Жөлмәмбет, Жарықшақ. Ал, осы Жарықшақтан: Албан, Суан, Дулат. Сарыүйсіннің балалары: Қалша, Жақып. Жөлмәмбеттен туғандар: Шапырашты, Ошақты, Ысты. Албаннан: Байтүгей, Тоқарыстан тарайды. Дулаттан: Ботбай, Шымыр, Сикым, Жаныс туған. Шапыраштыдан бес

бала: Екей, Еміл, Асыл, Шыбыл, Айқын. Ошақтыдан: Аталық, Байыл, Қоңыр, Тасжүрек деген төрт бала болған.

Осы аталған шежіренің деректері бойынша Орта жүзден яғни Жанарыстан Қара туады. Қарадан тараған Тарақты, Арғын, Найман, Қыпшақ, Қоңырат, Керей, Уақ деген рулар.

Бекарыс (Кіші жүз) Байұлы, Қаракесек, Жетіру тайпаларынан тұрады.

Байұлынан (он екі ата) Шеркеш, Ысық, Тана, Байбақты, Масқар, Қызылқұрт, Алаша, Адай, Беріш, Таз, Алтын-Жапсас, Есентемір рулары тарайды. Жетіру – Рамадан, Телеу, Жағалбайлы, Тама, Табын, Кердері, Керейіт деген жеті атадан тұрады. Осыған байланысты «Жетіру» атанған.

Ал Кіші жүздің Қаракесек тайпасына, осы шежіре Байсары, Шөмен, Әлім (алты ата) ұрпақтарын жатқызады. Қазіргі аталып жүргеніндей неге бұл тайпа «алты аталы Әлім» деп аталмайды? Неге ол Қаракесек тайпасы болады? Оның жауабына кейінірек тоқталамыз (А. Қ.). Осы шежіре бойынша Әлімнен алты бала – Жаманақ (Шекті), Қарамашақ (Төртқара), Ұланақ (Қаракесек), Айнық (Қарасақал), Тойқожа, Тегінболат тарайды. (Тарақты Ақселеу. Балталы, Бағаналы ел аман бол (шежіре) – Алматы, «Қазақ университеті», 1993, 86–88-беттер).

Ал енді қазақтың көне тарихын жүйелі жазып жүрген белгілі жазушымыз Салғараұлы Қойшығара қазақтың үш жүзіне жататын руларды шежіре және тарихи деректерге сүйене келіп былай дейді: «Ақарыстан – (яғни Ұлы жүз – А. Қ.). Жұманбай (кей нұсқада Түменбай), Жұманбайдан – Кейкі, Кейкіден – Төбей туады. Бұдан кейінгі шежіре деректерінде қайшылық бар». Әрі қарай жазушы Шоқан деректерін қолдайды. Оның негізі бар. Шоқан Шыңғысұлы ұсынған нұсқада Төбейден Үйсін атты жалғыз баланы ғана туғызады да, ал шежіренің бөтен нұсқаларында Төбейден төрт бала туды деген ұғым бар. Олар Үйсінді Төбейдің немересі Бақтиярдан туды деп көрсетеді. Бұл арада Шоқанды қолдауымыз керек, оны Қойшығара да құптайды. Себебі: қазақтың

көне тарихын алғашқы зерттеушілердің бірі өзіміздің ортамыздан шыққан ғалым Сәрсен Аманжолов (ол да тарихи шежіреге сүйенген ғой): «Ұлы жүз дегеніміз — Үйсін» деген қорытынды айтқан. Бұл шыныдққа жанасады. Олай дейтініміз, Шоқан Төбейден төрт бала туды деп отырған жоқ, ол тек қана Үйсін туды деп келтірген.

Ауыздан-ауызға тарап келген халық шежірелерінің кейбірінде, жоғарыда көрсеттік, Үйсіннен төрт бала туған деген дерек бар. Олар: Майқы, Қоғам, Құйылдыр, Мекірен. Осы бойынша Майқысынан — Бақтиярды, Қоғамынан — Қаңлыны, Құйылдырынан — Шаньшқылыны, Мекіренінен — Жалайырды туғызады. Басқасын айтпай-ақ Қаңлы, Жалайыр тайпалары көнелігі жөнінен Үйсін тайпасымен қатар түсетінін айтпасқа болмайды. Олар туралы алғашқы деректер тіптен XII—XIII ғасырларда кездеспей ме? Әйтпесе осы төрт баланың үлкені Майқыны алайық. Егер бұл тарихқа белгілі Майқы би болса, ол кешегі Моңғол шапқыншылығының кезінде өмір сүрген адам. Олай болса, Майқы XIII ғасырдың басында өмір сүрген болып келеді. Көнеден келе жатқан: «Түмен, Өзбек — түбі бір, түп атаң сенің Майқы би» деген сөзге қарағанда Майқы тек қазақтың ғана емес, өзбек бауырымыздың да атасы болып шығады емес пе? Міне, бізге кездесіп жүрген де осындай ауытқулар бар, оны ескерген жөн.

Қойшығара Салғараұлының келтірген деректерінің ішінде Орта жүздің ұрпақтары жөнінде мынадай көне сөз бар: «Ел арасындағы аңыз әңгімеге қарағанда, Жанарыстың екі әйелі болыпты. Бірақ екі әйелі де көпке дейін бала көтермей, Жанарыс өмірден перзентсіз өтемін бе деп уайым жеп жүргенде бір күні үйіне ел аралап жүрген алты қожа келіп қонады. Үй иесі мен оның әйелдері қонақтарын барынша күтіп, ізетпен қызмет етеді. Оған риза болған қожалар кетерінде үй иесін шақырып алып, баталарын беріп, құдайдан осындай адал ниетті жандарға бала беруін тілейді. Содан қожалардың тілегі қабыл болып, Жанарыстың әйелдері жыл артынан жыл өткізіп, арыстай алты ұлды табады. Осы қожалардың атын

күрмет тұтып, Жанарыс балаларын Қарақожа, Аққожа, Ақтанбердіқожа, Дарақожа, Смағұлқожа, Қасымқожа деп атайды.

Орта жүзге жататын рулар: Арғын, Қыпшақ, Қоңырат, Найман, Керей, Уақ осы қожалардан тарайды деп айтылған кейбір шежірелерде. Ал соңғы деректерге қарағанда Арғын руы негізінен Ертістен Торғай даласына, Көкшетаудан Балқаш жағалауына дейінгі қоныстарды мекендейді. Біздің айтарымыз: тарихнамада Орта жүз тайпалары жөнінде көптеген мәліметтерді кездестіруге болады, сондықтан біз бұған көп тоқталып жатпаймыз.

Кіші жүз тайпасына жататын рулар атауында қирақ-қирақ белгісіздіктер бар екенін бұрын айтып өттік. Қазақ елінің тарихына көз жіберсек, ел шаңырағын ұстап тұрған үш ұлыстың бірі — Кіші жүз географиялық орнына байланысты, ата-бабасының қоныс — мекен-жайын шеткі жаулардан қорғап тұруға байланысты көбінесе жаугершілік өмірді бастан кешірген тайпалардың бірі. Халқымыз: «Кіші жүзді найза беріп, жауға қой», — деп дәріптейтіні содан да болар. Кіші жүз рулары Еділ-Жайық, Жем-Сағыз, Елек-Қобда, Сыр бойындағы ұлан-байтақ қонысты жайлап, көшпенді тұрмыс құрған. Қолына найза ұстаған батырлар мен орақ ауызды, от тілді шешен, ақын, жыраулар да Кіші жүз руларында көптеп саналады. Атақты Сыпыра жырау, Қазтуған, Асан қайғы, Досмамбеттерді былай қойғанда, Шалгез жырау, Жиёмбет жырау, Әйтеке би, Байбақты батыр, Тама Есет батыр, ұранға шыққан Бақтыбай батыр, Сырым Датұлы, Шекті Есет Көтібарұлы, Беріш Исатай Тайманұлы, Қызылқұрт Құрманғазы Сағырбаев, Дина Нүрпейісова, Махамбет Өтемісұлы, Шернияз Жарылғасұлы, Әбубөкір Кердері, Байтоқ, Жанұзақ ақындар, Шөмекей Балқы Базар, Мұрат Мөңкеұлы, Кете Жүсіп, Омар Шораяқовтар осы Кіші жүз руларынан шыққан саңлақтар. Енді Кіші жүз туралы жазылған, тасқа басылған тарихи шежіре деректеріне тоқтала кеткен жөн болар. Өйткені, жазбашаға ілікпеген, ауыздан-ауызға тарап келген шежіреде жаңа деректер, елеулі өзгешеліктер кездеседі. Тағы бір ес-

керетін жай, көп нұсқалы ауызша қазақ шежірелерінің дерегіне сүйенгенде басқаларынан гөрі әр жүздің ортасынан шыққан шежіре — мәліметіне көбірек көңіл аударған жөн деп ойлаймыз. Бұдан, әрине, олардың айтқандарының бәрі нақтылы шындық деген ұғым тұмаса керек-ті. Тек басқалардан гөрі сол елмен тағдырлас, ата-тектері бір, көнекөз көриялардан жазып алатын, ести-ести құлақсінді болған шежірелердің бізге жеткізуіндегі деректерінің жаңсақтығы аздау бола ма деген үміт қой. Осы мақсатпен Кіші жүздің руларына талдау жасағанда біз өзімізбен замандас, бір топырақта туып өскен Жақау Дәуренбекұлы мен Сансызбай Құттыбайұлының ел аузынан жазып алған шежірелеріне көбірек назар аударғанымыз шындық.

Ауызша шежіре деректерін саралаған, бұрын да аты аталған Қойшығара Салғараұлы «Қазақтың қилы тарихында: «Кіші жүз де басқа жүздер сияқты Қазақ деген кісінің бір баласынан, дәлірек айтқанда кенжесі Бекарыстан тарайды», деп тұжырымдаған. Осы ауызша шежіреге сүйенсек, Бекарыстан екі бала — Арғымақ пен Алау туады. Осының Арғымағынан кейін бір-бір рулы ел болған: Телеу, Рамадан, Жағалбайлы, Тама, Табын, Кердері, Керейіт деген балалар туады. Олардан өсіп-өнген ұрпақты жұрт кейде жеке атын атамай, «Жетіру» деп кеткен.

Жаңағы Жетірудан тараған ұрпақтан төмендегідей аталар. Телеуден — Керойлы (Керейлі болуы да мүмкін — А. Қ.) Ноғайлы, Әжахмет (Әжет, Әз-Ахмет болуы мүмкін — А. Қ.), Самат деген үш бала.

Рамаданнан — Алтай, Мұсақ, Қарқабат, Тасжарған, Ақбөрік, Қарабөрік туған (алты ұл).

Жағалбайлыдан — Лез бен Мырза туған.

Тамадан — Жабал, Жабағы, Есенкелді.

Табыннан — Жаманкерей, Бозын, Бегім, Қайырқожа деген төрт ұл туады. Кердеріден — Жанбас, Жабағы, Ысмайыл, Бердімбет дүниеге келген. Керейіттен — Дәулет деген ата тарайды.

Қойшығара пайдаланған осы ауызша шежірелерде Бекарыстың екінші баласы Алаудан — Алтын туады. Сөз орайы келгенде айта кетелік, кейбір деректерде

Алшынды бүкіл Кіші жүздің атасы қылып көрсететін пікірлер де бар. Енді бір ауызша шежіреде осы Алшыннан жалғыз бала — Қыдуарды туғызады. Ел аузынан алынған әңгімеге қарағанда, ол жас кезінде ерке, ұрыш-шақтау болған. Соған орай оны жұрт «Қыдуар тентек» деп те атаған. Осы Қыдуар тентектің Қыдырқожа, Кәдірқожа деген екі ұлы болған. Қыдуардың үлкен баласы Қыдырқожаның лақап аты Байұлы көрінеді. Осыдан ба екен, одан өсіп-өнген ұрпақтарды ел ішінде он екі ата Байұлы деп атап кеткен. Олар: Беріш, Байбақты, Адай, Есентемір, Алтын, Алаша, Қызылқұрт, Тана, Таз, Жаппас, Ысық, Серкеш (Шеркеш немесе Черкес болуы да мүмкін. — А. Қ.).

Ал, екінші баласы Кәдірқожадан — Байсары, Әлім, Шөмен деген үш бала дүниеге келген. Осының Байсарысынан — Бозаншар, Майлыбай деген екі ұл туған. Әлімінен — Жаманақ (лақап аты Шекті), Қарамашақ (лақап аты Төртқара), Айнық, Ұланақ, Тегінболат, Тайқожа (Тоққожа болуы да мүмкін — А. Қ.) деген алты бала болады. Осыдан алты аталы Әлім болуы шындыққа саяды. Шөменнен — Шөмекей, Дойт деген екі ұл. Келесі бір ауызша шежіреде Кіші жүзден — Әлімұлы, Байұлы. Жетіру деп шолақтау қайырады.

Осы шежіре бойынша Кіші жүздің Әлімұлы тайпасынан мына рулар тарайды: Қарасақал, Қаракесек, Ойылқара, Төртқара, Шөмекей, Шекті. Бұл — Әлімнің алты ұлы дейді.

Байұлынан: Адай, Жаппас, Алаша, Байбақты, Масқар, Беріш, Таз, Есентемір, Серкеш, Тана, Қызылқұрт, Шайқылар, Алтын деп сайып келгенде он үш атаға бөліп жібереді.

Жетірудан: Кердері, Төлеу, Жағалбайлы, Рамадан, Табын, Тама, Керейіт деп жеті рулы елді таратады.

Ал біздің ойымызша, жоғарыда атап откен Жақау Дәуренбекұлы мен Сансызбай Құттыбайұлының «Алты ата Әлім» атты Кіші жүз жөніндегі еңбегінде жан-жақты жинақталған. Бұлар тарихшы, оқымысты ғалым болмаса да Кіші жүзден тараған ата-бабаларының мұраларын (шежіресін) жинақтауда көп ізденіп, өнімді еңбек еткен. Бұлардың ауызша шежіренің бірнеше нұсқала-

рын сараптай келіп, қазіргі ата-баба ұрпақтарының шыққан тегін дұрыс бағамдай білгендіктері байқалады. Оған қоса, алты ата Әлім туралы айтқан пайымдаулары Қазақтың көне тарихын жазған Қойшығара Салғараұлының, белгілі халық жазушысы Әбіш Кекілбаевтың, қазақ арасында көп болып, Кіші жүздің шежіресін халық аузынан жазып алған орыстың бірінші елшісі Мәмет Тевкелевтің тұжырымдаған ойларынан онша шалғай кетпейді. Негізінен біз де осы тындырылған еңбекті құптаймыз.

Сөзіміз дәлелді болу үшін «Алты ата Әлім» туралы тарихи еңбекке жүгініп, Кіші жүз ұрпақтарынан қысқаша мәлімет беруді жөн көрдік. Осындағы көрсетілген шежіре бойынша Бекарыстан (Кіші жүз) Арғымақ пен Алау батыр туады. Алаудан – Алшын, Алшыннан – Қыдуар. Осы Қыдуар тентектен – Қәдірқожа (лақап аты Қаракесек) және Қыдырқожа (лақап аты Байұлы) туады. Сөз орайы келгенде айта кетейік, Әбілқайыр ханның ордасында болған кездерінде М. Тевкелев (5.10.1731–2.01.1733 жж.) сол кездегі Кіші жүз руларының құрамы мен әлеуметтік жағдайы жөнінде өзінің күнделігінде былай деп жазады: «Кіші жүздегі мықты ру Алшын, ол Қаракесек және Байұлы болып екіге бөлінеді. Қаракесек бәрінен де мықтырақ, алты атадан құралады, атап айтқанда Чеклі (Шекті), Қаракесек, Шөмекей, Төртқара, Қаракете, Қарасақал... 12 атадан тұратын Байұлы Қаракесекпен салыстырғанда орташа. Оны құрайтын рулар: Адай, Жаппас, Алаша, Байбақты, Беріш, Масқар, Таз, Есентемір, Алтын, Шайқылар, Шеркес, Тана... Кіші жүздегі ең әлсіз ру – Жетіру, олар: Табын, Тама, Кердері, Керейіт, Жағалбайлы, Төлеу, Рамадан».

Сонымен, аталған ауызша шежіреде де, жазбаша деректерде де Қаракесек пен Байұлы бірге туған болып шығады.

Алау батырдан Алшын туған деп жоғарыда айттық. Халық аузындағы аңызға қарағанда Алшын ержеткен кезде Нөдір, Сөдір деген екі жігіт оған еншілес болып қосылады. Осы Нөдірден – Кердері, ал Сөдірінен – Таба, Табын деген ұлдары туған көрінеді.

Алшын қартая келгенде әйелі ұл туады, оған Қыдуар деп ат қояды. Келе-келе бұлар төрт арыс Керейіт болады. Алшыннан туған Қыдуардың тентектігінен ағайындары азар болып, Төлеу мырзаға барып шағынатын көрінеді. Оны көрген Қыдуар «Өңкей жеті ру жиналып жатыр», деп айқай көтеріпті-міс, содан Жетіру атанып кетіпті дейді аңызда. Бұл бізді шежіренің адастыруы ма деп ойлаймыз. Жаңағы М. Тевкелевтің деректері бойынша, XVIII ғасырдың ортасында Кіші жүз екі тайпа құрамынан — Алшын мен Жетірудан тұрады екен. Ал осы кезде Қаракесек бірлестігіне жататын рулардың өзге руларға үстемдік жасайтынын, ал Жетіру құрамына кіретін рулардың оларға төуелді екені айтылады. Қазақ арасында тарихшылар аңғарған мынадай өмір шындығы бар: жеке-жеке жүріп, мықты рулардан азар көрген Жетіру құрамындағы рулар өзара ағайын-туыс болмаса да, Тәуке ханның ақылымен бірігіп, тайпа бірлестігін құрған болуы керек. Олай болса, осы Кіші жүздегі Жетіру: Табын, Тама, Кердері, Керейіт, Жағалбайлы, Төлеу, Рамадан рулары түрлі себептермен әрқайсысы әр кезде Кіші жүздің құрамына келіп енген өзге тайпалардың бөлшектері ме деп топшылаймыз. Жетіру деген атының өзі осыны аңғартып тұрған жоқ па? Олардың түрлі жағдайларға байланысты Кіші жүз құрамына кіруі шындық болуы керек. Сондықтан да шежіре Жетірудың ата-тектері жөніндегі деректерді қилы-қилы қисынға соқтыруы осының дәлелі емес пе екен деген ой келеді. Бұл сөзімізді М. Тевкелевтың зерттеулері де дәлелдей түседі. (М. Тынышпаев. Великие бедствия, Ақ табан шұбырынды, 34—35-беттер).

«Алты ата Әлім» — жазба шежіреде Әлімді Қаракесектен таратады, ал ауызша шежіренің бірсыпырасы Әлімді Кіші жүз — Бекарыстан таратады. Неге бұлай? Себебі неде? Осыны түсіндіріп көрелік. Шын мәнінде, Әлімұлы Қаракесектен тарамай ма? Қаракесек Кәдірқожа Қыдуардың баласы, Қыдуар Алшыннан тумай ма? Алшын Алау батырдың баласы емес пе? Алау батыр Бекарыстан тумай ма? Онда тай-

па басы болып Қаракесектің орнына неге Әлім шығады? Мұнда бір мән бар шығар. Қолда бар шежіреде (Қәдірқожадан) Қаракесектен үш бала болады. Олар: Байсары, Әлім, Шөмен.

Осының Байсарысынан — Бозанша мен Майлыбай, Майлыбайдан — ұрпақ жоқ, бірақ ол Кете елінің ұранына айналған. Бозаншадан — Адамқожа, Адамқожадан — Қаракете, Ақкете деген екі ұрпақ тарайды.

Сөз орайы келгенде айта кетелік: Байсары өлген соң, оның әйелі Кетебикені әуелі қайнысы Әлім алады. Одан Тайқожа (кейбір деректерде Тойқожа) туады. Бұл Әлімнің бір атасы. Әлім өлген соң Кетебикені екінші қайнысы Шөмен алады. Одан Түменқожа деген бала дүниеге келеді. Осы бала шешесінің атымен Шөменнің кетесі атанып, кейін алдыңғы екі кетемен (Қаракете, Ақкете) бірігіп, Кете руын құрайды. (Бұл қауесет болуы да мүмкін. Сондықтан кесіп-пішіп айтуға болмайды — А. Қ.).

Енді Кіші жүздегі Шөмекей руы жөнінде бірер сөз айта кетелік. Шөменнен — Шөмекей және Дөйт деген екі бала туған. Дөйт жастай өлген, ұрпақ қалмаған. Сондықтан аты өшпесін деп Шөмендер Дөйтті өздеріне ұран етеді. Тарихшы М. Тынышпаевтың байқауынша, VI ғасырдың ортасында Жетісу бойын Алтай маңынан шыққан түркілер жаулап алған, ал Қытай тарихының деректері бойынша, VII ғасырда Шу өзенінің батыс жағын Шөмен, Шөмген деген елдер мекендеген. Біздің заманымыздың 654 жылы қытайлар осы Шөмгендерге шабуыл жасап, олардың қаласын тас-талқан қылып бұзып, отыз мың адамын өлтіріп, шейіт болғандардың ұзын санын анықтау үшін олардың құлақтарын кесіп алған. Енді бір деректер бойынша, 700-жылдарда батыстүркі хандығында Шөмген тайпасынан шыққан 40 мың қол әскер болған. Одан кейін ұйғыр және қарлұқтардан мықтап жеңіліске ұшыраған шөмгендер 742—744 жылдары батысқа қарай өтіп кетіпті деген деректер бар. Тағы бір мәліметтер бойынша, XI ғасырдың аяғында Шу өзенінің бойында Шеклі деген тайпалар тұрыпты деген деректер кездеседі. Шежіреде Қаракесек тайпаларының (Әлімұлы, Шөмекей, Кете) ескі ұраны — Дөйт болып келеді, ал Әлімнің бір тар-

мағы — Шекті (немесе Шеклі) аталады дейді көне тарих. Қашқардың оңтүстік батысына қарай Алтай тауының шығыс жақ бөктерінде қырғыздың Қаракесек және Тойт деген рулары қазір де тұрады. Олар ерте кезден бері бірге тұрады және өздерінің айтуынша бір туған ағайынды адамдар көрінеді. Көріп отырсыздар, Қаракесек және Дөйт (Тойт) рулары Кіші жүзде де, қырғыздарда да кездеседі екен. Бұдан туатын тұжырым: VI ғасырда Алтай тауларынан келген түркі тектес халықтардың ішінде Шөмен, немесе Шөмекей деген тайпа болса, олардың атымен өзен де Шу деп аталуы мүмкін-ау деген ой келеді. «Бір ескертетін жай, Алтай өлкесінде Телес көлінің оңтүстігінде Шу деген өзен, Шу атымен аталатын жер бар екенін де еске сала кеткен жөн», деп жазады тарихшы (Т. Тынышпаев. Великие бедствия. Ақтабан шұбырынды, 34-бет). Осыған сенсек, Шөмекей (Дөйт), Шекті руларының Қаракесек тайпасының бір кездерде Алтай өлкелері мен Шу өзенінің бойын мекендегеніне шүбә келтіре алмаймыз. Тарихи шындық осы.

Енді әңгімемізді әрі қарай жалғастырайық. Шөмендер Дөйтті ұран етті дедік. Осы деректі қазақтың белгілі оқымысты ғалымы, тарихшысы Халел Досмұхамедовтың «Кіші жүздің рулары» деген еңбегі толықтыра түседі. «Әлімұлында мынадай ұрандар бар. Кетенікі — Майлыбай, Шөмекейдікі — Дөйт, Шектінікі — Бақтыбай, Қарасақалдікі — Алдажар», — дейді (Х. Досмұхамедов. Алматы, Аламан, «Ана тілі», 1991 ж.).

Шөмекейден төрт бала туады. Олар: Бозғыл, Көнек, Тоқа, Аспан. Бозғылдан — Сарыбай, Тарыбай, Келдібай, Қайқы. Тоқадан — Есқара деген жалғыз бала туады. Көнектен — Болсай мен Мыңбай — екі бала. Аспаннан — Бақтымбет, Әйтімбет, Қайт, Еспенбет деген төрт бала болған. Бұдан әрі қарай ата тегін таратуды осы аталардың өз ұрпақтарына қалдыруды жөн көрдік.

Алғашқы сөз Әлім ұрпақтары жөнінде. Бұл ата жөнінде қолда бар ауызша және жазбаша шежірелерде қайшылықтардың бар екені байқалады және Әлімұлының Кіші жүздің үлкен тайпасы Қаракесектің орнына

шыққанын ескерсек, бұл жай кімді болса ойлантарлық нәрсе емес пе? Сонымен Әлім руын ел аузында қалыптасқан «Алты аталы Әлімді» тарих та, халық та құптады. Әлім атадан: Жаманақ (Шекті), Қарамашақ (Төртқара), Айнық, Ұланақ, Тегінболат, Тайқожа деген алты бала тарайды. Ал жоғарыда аты аталған Х. Досмұхамедов осы Әлімнің алты атасына Шөмен, Шөмекей, Кете, Ожырай деген руларды қосады. «Бұлардың бәрі Әліммен бірге Қаракесек болып атанады», — дейді автор. Кіші жүздің тайпалары: он екі ата Байұлы, алты ата Әлімұлы, жеті ата Жетіру, яғни Кіші жүз бөлігі жиырма бес атадан тұрады дер едік. Бірақ Х. Досмұхамедов алты ата Әлімге төрт атаны (Шөмен, Шөмекей, Кете, Ожырай) қосады. Сонда, Кіші жүз ұрпағы жиырма тоғыз атадан құралады. Бұл шындыққа жақын. Оны дәлелдеу үшін тағы да тарих қойнауына үңілейік. Ол үшін Төле би, Қазбек би, Әйтеке би бабаларымыздың кезіне қайта оралайық. Күнтөбенің басында үлкен жиын аяқталып, хан сайланып, жер мен жесір дауын шешу секілді біраз мәселелер шешіліп, мәжіліс аяқталғаннан кейін үш би елдеріне қайтар алдында:

— Ертең қайтамыз, біз барған соң елдің жасы үлкен қариялары, білікті жастары: «Үш би ұлы жиналысқа қатысты, көп мәселелерді шешті, ал бір-бірімен қостасарда не деген екен?» деп сұрай қалса, «біз былай дегенбіз» дейтін, немесе «билер былай деген екен» деп жұрт айтып жүру үшін артымызға бір-бір ауыз сөз қалдырайық, — деп келіседі.

Сонда Төле би бірінші болып:

*— Шешендіктен не пайда,
Артында сөзі қалмаса.
Батырлықтан не пайда,
Халқына қайран қылмаса.
Хандықтан да пайда жоқ,
Қарашасын жалмаса.
Молдалықтан пайда жоқ,
Шаригатты өзгертіп,
Надандарды алдаса,*

— депті.

Екінші болып сөз алған Қазыбек би:

*— Үй жанында билік төбең болса,
Ол ерттеулі аттан кем емес.
От басында білгір қартың болса,
Ол жазылған хаттан кем емес.
Ей, біз үш жүз, үш қазақ керіспейік,
Асылы бізге керіскен жөн емес,*

— деген екен.

Үшінші болып Әйтеке би сөз алып, әңгімені тұжырыпты:

*— Екі адам керіссе, оның арты қызыл шоқ,
Біз үш жүз, керіспейік, келісейік.
Ал керісе қойсақ, үшеуімізге де бірдей,
Қандық түгіл, ондық та жоқ.
Мен жиырма тоғыз рудан құрылған Кіші жүзбін,
Әрі көппін, әрі батырмын, әрі бимін,
Керісер болсақ,
Осы үшеуі маған жайсыз, сендерге жоқ!*

— деген екен. Бұл арада әйтеге би Кіші жүздің жиырма тоғыз рудан тұратынын бекер айтпаған болар. Сондықтан Әйтеке би де, Халел Досмұхамедов та Кіші жүздің ұрпақтарының жиырма тоғыз атадан тұратынын дәлелдей түседі. Оған біз де қосыламыз.

Бірақ Кіші жүз құрамына кіретін кейбір тайпалар (Шөмекей, Шөмен, Шекті, Қаракесек) жөнінде көне қытай, орыс жылнамаларында азды-көпті деректер кездескенімен жалпы Кіші жүз бірлестігінің өзі туралы өлі еш жерде нақты тарихи дәлелдер жоқ екенін естеріңізге сала кетелік. Бұл жай тек қана Кіші жүз емес, барлық қазақ елінің жүздеріне қатысты нәрсе.

Ал енді, жаңағы Кіші жүздің Алшыннан тараған, кейде Әлімұлы деп аталатын, Қаракесектер тайпасына тоқталайықшы. Бұл Қаракесек бірлестік ретінде орыстың елшісі, тілмәш Мәмет Тевкелевтің күнделігінде және Х. Досмұхамедовтың «Аламан» кітабында аталады. Онан бұрын осы мәліметтерді қазақтың көне тарихында М. Тынышпаев кездестіргенін бұрын да айтқанбыз. Осы шежіре бойынша, алты ата Әлімді М. Тынышпаев былай таратады: Әлімнен — Жаманақ (Шекті),

Сасықбай, Тойқожа, Қаракесек, Қарамашақ, Айнық деп бөледі. Жаманақ (Шектіден) — Орыс, Жақайым, Баубек деген үш баланы атайды. Ал Орыстан — Есенәлі мен Бөлекті туғызады. Бөлектен — Бұжыр мен Айт. Айттың балалары — Тілеу, Қабақ. Қабақтан — Төлес би туады, одан аты әйгілі менің атам — ұранға шыққан Бақтыбай (ол туралы кітаптың келесі тарауында әңгіме болады). Осы шежіреден байқағанымыз, М. Тынышпаев, Әлімұлын Қаракесектен таратады да, тағы да оны апарып Әлімұлының баласы етіп көрсетеді. Осы жерде жансақтық кеткен бе, әлде тарих деректері солай ма, оған біздің көзіміз жетпейді, әйтеуір толығырақ тоқталғанымыз жөн. Қазақтың бізге жеткен ауызша шежіресінде Кіші жүзде Қаракесек бірлестігі кездеспейді. Қазақ шежірелері Қаракесектің орнына «Әлімұлы» деген атауды қолданады. Олардың пайымдауынша, Қаракесек Кіші жүз тайпасының аты емес, Әлімге кіретін жеке рудың аты. Егер Қаракесек Кіші жүздің Әлімге сіңіп кеткен байырғы руларының бірі болса, онда сөз басқа. Кешегі өткен сұрапыл соғыстардың бірінде М. Тынышпаев көрсеткен VIII ғасырда Алтай тауларының қойнауын және Шу өзендерінің бойын мекендеген Орта жүз Қаракесегінің бір бөлігі бөлініп шығып, Кіші жүзге сіңіп кеткен шығар деуге де болады. Ал бұл жерде, Қаракесек Кіші жүздің тұтас бір тайпасының атын құрап тұр. Әлде бұл шежірені зерттеушілердің адасуы ма? Олай деуге де негіз жоқ сияқты. Себебі, осы М. Тевкелев үш жүздің шежірелерін үш ханның — Әбілқайырдың, Абылайдың, Әбілмәмбеттің, оларға жақын Ордадағы шешен-билердің аузынан жазып алды ғой. Кейбір жағдайларда қазақ шежірешілері жырлағанда алысты жақындатып, немесе жақынды алыстатып жіберетін, сондай-ақ ағайынның татулық, бірлігін сақтау үшін, кейде кірме руларды негізгі тайпаларға төлтума етіп кіргізетін әдеттері де болған. Бірақ, қазақтың үш жүзін құрайтын негізгі ірі тайпалардың атын шатыстыру көшелі шежірелерде көп кездеспейді.

Бір есептен, оқымысты ғалым, тарихшы Х. Досмұхамедовтың: «Әлім мен Шөмекейден құралған Қаракесек», деп көрсетуі де шындыққа жақын.

Қалай дегенде де, ел тарихына ден қойып, оның шежірелерін зерттеген М. Тынышпаев та, Х. Досмұхамедов те, М. Тевкелев те Кіші жүзді құрайтын ірі үш тайпа бірлестігінің біреуінің Қаракесек аталуы тарихи шындыққа әкеп тірейді. Демек, Кіші жүзді құрайтын үш бірлестіктің бірінің аты Қаракесек екені даусыз. Олай болса, ауызша шежірелерде Қаракесек бірлестіктің аты ретінде неге аталмайды деген заңды сұрақ туады. Оның себебі, біздің пікірімізше, Әлімұлы тайпасының кейінгі кезде үстемдік алуынан деп білеміз. Ауызша шежіренің тарихына тереңірек үңілсек, қазақ руларының аттары үстемдік еткен ірі тайпаның атындағы кісінің ұрпағы болып шыға келетіні бар. Ауызша шежірелерде Қаракесекті алмастырып, Әлімұлының бірлестік атауына айналуы осыған дәлел.

Кіші жүздің Қаракесек бірлестігінің Әлімнің алты баласының біріне айналуы жөнінде бірер сөз. Шежіреде Әлімнің бір баласының аты Ұланақ, ал жұрт Сасықбай деп те атайды, оның ұрпақтары келе-келе Қаракесек болып кетеді. Бізге жеткен аңыздарға қарағанда, Қаракесек қартайған кезінде әйел алып, балалары Әлім мен Шөменнен отауын бөлек тігеді. Қаракесектің бұл әйелінен бала болмайды да, ол Әлімнің бір баласы, яғни Ұланақты бауырына басады. Ұланақ жас кезінде салақ болған дейді, соған қарап атасы Қаракесек оны Сасықбай деп атап кеткен көрінеді. Осы Сасықбай өсе келе мен Әлімнің баласы емеспін, Қаракесектің баласымын десе керек. Келе-келе Сасықбайдың (Ұланақтың) ұрпақтары Қаракесек аталып, руға айналған екен дейді. Осының рас-өтірігін тарихи мәліметтер келешекте дәлелдей жатар деп ойлаймыз. Сөз орайы келгенде айта кетелік, осы Сасықбайдан Есіл мен Тобыл туады. Оның Есілінен – Үнгіт пен Жолай. Тобылдан – Жаналы, Әлжан, Қоңыр, Жылқайдар деген төрт бала. Есілдің Үнгітінен үш бала болады. Олар: Естек, Табаншы, Жақау. Жақау бес әйелден: Тінібек, Жақсылық, Аман, Түмен, Ноғай, Шоңай, Қасаболат, Малайсары, Шой деген тоғыз бала көрген (Бұдан арғысын әр атаның өз ұрпақтары жалғастыра жатар деп сенеміз).

Әлімнің алты баласының бірі, ұрпағы көп Қарама-

шақ кейін Төртқара атанған. Төртқарадан – Оразгелді, Ораз, Жаншұқыр, Қараш деген төрт ұл («Төртқара» аты осыдан шыққан). Бұлардың Оразгелді мен Оразынан ұрпақ жоқ. Жаншұқырдан – Сабытай, Сабытайдан – Милық, Милықтан – Қасым, Торым, Қойлыбай. Кейін Қасымды Қаракісі деп атап кеткен. Қаракісінің алты баласы болған, олар: Кенжеғара, Қойлыбай, Мазы, Олжай, Беспай, Байрақ.

Төртқараның Қарашынан екі ұл туған, олар: Ақпан, Тоқпан. Ақпаннан – Құламан, Құлтас, Ақкиіз, Көзгенеге деген төрт ұл туады. Тоқпаннан – Тоғамыс, Шобан, Сейтқұл тарайды. Осының ішінде Кіші жүздің атақты биі Әйтеке Төртқараның Сейтқұл атасынан. Бұл аталған Төртқара ұрпағынан тараған аталарды толықтырып, шежірені әрі қарай жалғастыруды осы автормен кезінде Ақтөбе облысы Қарабұтақ ауданында бірге жұмыс істеген достарым Құламанның ұрпақтары: Момынбаев Жолшы, Жаңбырбаев Нысаналы, Аронов Қыдыржанға; Құлтастың ұрпақтары: Жалпының балалары Орынбасар мен Зейноллаға; Шобан руының ұрпақтары: Уәлиев Қазбек, Жалғасбаев Сейдолла, Мұратқанов Іскендірге; Ақкиіз ұрпақтары: Жапаров Достан, Сейсекенов Достан, Көрпебаев Алматы; Қаракісіден тараған: Қайыров Бектемір және Сейтқұл ата ұрпағының ұл-қыздарына қалдырамын. Осыған қоса айтарымыз, Кіші жүз бөлігінің Әлім ата ұрпағының белді руының бірі Төртқара екенін П.Вяткиннің «Сырым батыр» деген еңбегінен анық көреміз. Онда: «Ералыға Шекті руының бір бөлігінен басқа Төртқара руы да тірек болған. Бұл ру Сырдария мен Қызылқұмның арасын қоныс еткен», – дейді. Әрі қарай ойын жалғастырып: «Төртқара бөлімінің старшинасы Қаракөбек тархан және Әлімұлының старшинасы Мұратбек те Сырыммен ауыздас», – деп Төртқара ұрпағының ел аузында аңыз болған, ел қорғаны болған Сырым Датұлының азаттық қозғалысына тікелей араласқанын көрсетіп отыр.

Әлім балаларының бірі – Айнық, оны жұрт Қарасақал Ерімбет деп атаған. Ауызша шежіреде Қарасақал деп аталып жүр. Қарасақалдан тұқым жоқтың қасы. Шежіреде Айнықтан – Сарыбас Ерімбет, одан

— Бақтыберлі, Бұла боп тарайды. Біз білетін шежірелерде әрі қарай деректер табылмады. Оған қосарымыз Әлімнің Тегінболатынан тараған ұрпақтарды да Қарасақалға жатқызады. Тегінболаттан шежіре бойынша екі бала туады. Олар: Пұсырман мен Шіңгір. Пұсырманнан — Жансүгір, Алау, Жәдігер деген үш бала болады. Ал Шіңгірінен — Жарболды, Бапан, Кұдайменде туады. Бізге жеткен деректерге сүйенсек, Тегінболаттың ағасы Айнық (жоғарыда айтылған) ерте қайтыс болып, ол жеңгесіне үйленеді, одан екі бала — Пұсырман, Шіңгір туған екен дейді. Осылардың ұрпақтарының Қарасақал аталуы да содан деген сөз бар.

Әлімнің Тойқожа деген баласынан да ұрпақ аз. Тойқожаның шешесі Кетебике ақылды, сұлу адам болған дейді. Содан болар Тойқожаның балалары бертін келе Ақкете атанып (шешесінің атымен), Кіші жүздің ішіндегі Кете руына қосылып кетіпті деген дерек бар. Жауапкершілігі үлкен болғандықтан бұл өңгімеде Кете (оны кейде Қаракете деп те атайды) руына тоқталғымыз келмейді, оны сараптауды тарихшыларға қалдырдық.

Әлім балаларының жасы үлкені де, көп ұрпақ қалдырған баласы да Жаманақ, оның лақап аты Шекті. Жаманақтың қалай Шекті аталғаны жөнінде ел аузында мынадай сөз бар. Малдың қамымен жылдың төрт мезгіліне қарай жазғытұрғы көктемде, жайлауда, күзде, қыстауда өз мекендеріне көшіп-қонып жүрген ата-бабаларымыз төрт аяқты малдарын жиі араластырып алып, қайсысы кімдікі екенін ажырата алмай, осының төңірегінде ұрыс-керіске кездесіп қалып отырады екен. Осындай беймаза тірлікке жол бермеу үшін — ірі қараға, әсіресе жылқыға таңба басуды өмірге енгізген. Мұндай таңба Жаманақ атамызда да болған көрінеді. Ол таңбасын жылқының сауырына айқастырып, қос ішек салыпты дейді. Осыдан шекті руы атанған екен.

Осы Шектіден (шын аты Жаманақ) Х. Досмұхамедов пен Жақау, Сансызбай («Алты ата Әлім» кітабында) төрт бала туғызады. Олар: Шыңғыс, Өріс (кейбір шежірелерде Орыс деп аталады). Бәубек, Бөлек. Ал, М. Тынышпаев жазып алған ескі шежіренің айтуы

бойынша (жоғарыда айтқанбыз), Жаманақта үш бала болған — Орыс, Жақайым, Баубек. Осы шежіре бойынша енді Орыстан — Есеналы мен Бөлек тарайды, Бөлектен — Айт пен Бұжыр, Айттан — Тілеу, Қабақтың балалары тараған (М. Тынышпаев. Великие бедствия. Ақтабан шұбырынды, 96—97-беттердің ортасындағы қосымшалар).

Жоғарыда айттық, Жақау мен Сансызбай «Алты ата Әлімде» Жаманақтың балаларын төртеу деген. Оның үлкені Шыңғыс, одан кейін Өріс, Бәубек, Бөлек. Балаларымыздың осылай бөлінуі шындыққа сиятын сияқты. Өйткені халық аузында айтылатын:

*«Үлкені Жаманақтың аты — Шыңғыс,
Туганда бар еді дейді аузында тіс.
Таң қалып үлкен-кіші әңгіме еткен,
Туысы бұл баланың гажайып іс»,*

— деп айтуына қарағанда, Шыңғыстың дүниеде болғаны, оның Жаманақтың үлкен баласы екені даусыз. Шежірелердің айтуына қарағанда, Шыңғыс ерте дүние салады, одан Жақайым деген бір ұл қалады. Осы Жақайым Жаманақтың шаңырағын ұстап, отау иесі болып қалады. Шектілердің Жақайымды аға баласы дейтіні осыдан. Жақайым төрт ұрпақ көреді, олар: Ағыс, Көгіс, Ақбура, Тоқбура. Жақайым ұрпақтары ел арасында беделді, атақты батыр, би шыққан тұқымдар. Жақайымның ұрпақтарын дәріптеп айтатын мынадай толғау бар (бір шумағын ғана келтіреміз):

*«Дәріптеп, ел қаймыққан айбарыңнан,
Қара жер ойылады салмағыңнан.
Жерімнен жанға қатер өттім талай,
Жақайым айналайын аруағыңнан»,*

— деп тегіннен-тегін айтылмаса керек.

Шектінің баласы Өріс (әлгінде айттық, лақап аты Орыс). Өрістен — Айдарбек және Есенәлі деген екі ұрпақ. Осының Айдарбегінен — Күлік, Алтынбай, Ардана, Табыран. Есенәлісінен — Палуан мен Кішкене ұрпақтары тарайды. Кішкенеден — Жиеней, Жолшора,

Асан, Үсен, Құттық, Құрманай деген алты бала. Кішкененің ұрпақтарынан шыққан әйгілі Жанқожа Нұрмұхамедұлының батырлығы қазақ халқына аңызға айналған. Жанқожаны құрметтеп халық Жақайым руын «Кішкенешекті» деп те атайды.

Бәубек Шектінің бір баласы, одан тұқым аз өрбіген. Оның үш баласының үлкені Темірбақты, одан кейінгілері Көкбөрі мен Жаңғылыш. Бұлардан тұқым аз болғанмен, атақты адамдар болған. Ол жөніндегі аңыз:

*«Баубектің бір баласы – Темірбақты,
Ер екен әрі қайсар, әрі аруақты.
Аударып жұлып алып ат үстінен,
Шыңғыртқан Берден деген ит қалмақты»,*

– деп жырлайды. Шектінің көп жайылған тұқымдары Бөлектің ұрпақтары. Бөлектен – Айт пен Бұжыр туады. Айттың балалары: Тілеу, Қабақ, Сарша, ал Бұжырынан – Назар, Шүрен, Жекей. Айттың баласы Саршаның тұқымдары Тілеу болып кеткен. Сондықтан шежіреде Саршаның аты аталмайды. Осы ағайынды бес баладан (Тілеу, Қабақ, Назар, Шүрен, Жекей) тараған жалпақ ел қазір Ақтөбе облысының Шалқар, Мұғаджар, Темір, Қандыағаш, Алға аудандарын мекендейді. Айт пен Бұжырдың балалары бұтағын кең жайған, өсіп-өнген ұрпақ. Қазақтың «Шекті көп пе, шегіртке көп пе?» – дейтін мәтелі осы руларға байланысты айтылса керек.

Тілеу атамыз бес ұрпақ көрген екен. Олар : Есіркеміс, Әлдеберлі, Мөңке, Әйтенбек, Жақсыбек. Бұдан өрі қарай Тілеудің ұрпақтарын таратпаймыз. Себебі, біз тарихшы немесе шежіреші емеспіз, сондықтан қате кетсе, ата-бабаның аруағына обал болып жүрер. (Осы елден шыққан ұрпақтар оны өрі қарай жалғастыра берер деген сенімдемін – А. Қ.).

Айт атамыздың екінші баласы – Қабақ. Оның бес ұлы болған екен: Қангелді, Жангелді, Төлес, Аралбай, Беке.

Қангелдіден тарайтын ұрпақтар: Пұсырман, Қал-

дыбай, Қайыпберді, Жолдыбай, Шіңгір. Жангелдіден төрт бала: Таласбай, Бөгенбай, Құттыбай, Оңбай туады.

Төлестен Бақтыбай мен Ақмырза. Бақтыбай әрі батыр, әрі би болып, бүкіл Шектінің ұранына айналған менің атам (оған кейінірек тоқталамыз). Аралбайдан үш бала болған, ал Беке атамыз жеті бала сүйген. Қангелдінің Қалдыбайынан ұрпақ жоқ. Шіңгірінен Мырзакелді атасы тарайды. Қайыпберді мен Жолдыбайдан да ұрпақ аз. Қабақтың Қайыпбердісінің ұрпағынан менің нағашы атам Зәкір, оның балалары Сағындық пен Қуанышбайының балалары Ақтөбе облысының Жұрын деген елді мекенінде тұрып жатқанға ұқсайды. Қангелдінің Пұсырмананың бес бала, оларды жұрт Қабақтың бес Пұсырманы деп те атайды, өсіп-өрбіген ел. Олар: Қарабас, Қалыбек, Өмір, Жарас, Сексен аталары. Қарабастан шыққан – атақты Көтібар батыр. Одан алты ұл, ішінде Есет, Дәрібай бар. Тарихқа белгілі батыр Есет Көтібаров қазақ халқының тәуелсіздігі үшін күрестің алғы шебінде болған адам. Есет, Дәрібайдың кесенелері Ақтөбе облысы Шалқар ауданының Сарыбұлақ деген жерінде орналасқан. (Ғ. Ахмедов, Жем бойында, Роман. — Алматы: Жазушы, 1992, 25–287-беттер).

Тарих шежіресі Қабақта кірме үш ру бар деп көрсетеді. Оларға Қырғыз, Ноғай, Уақты жатқызады. Бұл дерекке илануға болады. Өйткені, бұлар түрлі себептермен елінен қашып келіп, қазақ арасына сіңіп кеткенге ұқсайды. Қазір Қабақтың бір руы болып жүр. Сол сияқты Уақ өз еліне симай, Қарағанды жақтан көшіп келсе керек. Ноғайдың тұқымдары Қазақай деген елдің балалары (мүмкін тарихта айтылып жүрген «Қазахия» деген елден шығуы) өте ертеде келген көрінеді.

Жалпы Қабақтың ата-тегі бұрын да аталған «Алты ата Әлім» шежіресінде жан-жақты жіктелгендіктен қайталап жатудың қажеті жоқ қой деп ойладық.

Бақтыбай

батыр



Әлінде, осы кітаптың төңірегінде, Бақтыбай бабамыздың аты бір-скі рет аталып қалды. Енді оқырмандарға берген уәде бойынша толығырақ тоқталғымыз келеді.

Еліміздің тарихында етігімен су кешіп, ауыздықпен су ішіп, қазақ өлкесін қызғыштай қорғап, тасқа шапқан таңбадай етіп өшпес із қалдырған атақты, айтулы билер, батырлар көптеп табылады. Солардың бірі аты ұранға айналған Бақтыбай өз заманында әрі батыр, әрі би болған адам. Арғы-бергі хан-қаһармандардың шексіз даласына тән ел басқару үрдістерін, ата-мекенін қорғаудағы намыскерлігін, өлшеусіз ерлігін өн бойына жастайынан сіңірген Бақтыбай ерте атқа қонып, өзіне сай сарбаздары да көз ілеспес жылдамдықпен жиналып, жау жарақтарын асынып, керек кезде ат үстінен табылып отырған.

Бақтыбай баба, бүкіл Кіші жүз Шекті елінің ұраны болып қана қоймай, осы елдің ғана сыртқы жауларымен жағаласып, қан майданда жаға жыртысып қоймай, бүкіл қазақ жерін ата жауларымыздан тазартуға жүрек өмірімен, білек күшімен өзінше үлес қосқан хас батырлардың бірі. Ол өз заманының халық мойындаған қаһармандары Әбілқайыр, Әбілмәмбет, Сәмеке, Абылай хандармен, үш жүздің айтулы батырларымен, билерімен үзеңгі қағыса, қоян-қолтық бірге бас қоса жүріп, бүкіл қазақ халқының азаттығы үшін, ата жұртымызға адам айтқысыз үлкен қасірет әкелген жоңғар басқыншылары мен Еділ қалмақтарының шапқыншы-

лығына, Хорезм, Хиуа түрікпендері мен сарттарының өркеуде озбырлықтарына қарсы тегеурінді қарсылық ұйымдастырып, қолбасшылық жасады, үлкен мемлекет қайраткері бола білді. Сол кездегі халық өміріндегі аса ірі саяси-әлеуметтік құбылыстарға, жиындарға, үш жүздің саңлақтары бас қосқан халықтық құрылтайларға Әлім елі, Кіші жүз бірлестігінің атынан қатысып, бірлікке, күреске шақырып, сөз сөйлеп жүрді.

Бақтыбайдың өмір сүрген уақыты XVIII ғасырдың бас кезі мен орта шеніндегі Кіші жүздің – Әбілқайыр хан, Батыр сұлтан, Тама Есет Тархан, Табын Бөкенбай, шекті Тайлақ, Барақ батырлар, Орта жүздің – атышулы қанжығалы Бүгенбай, Қаракерей Қабанбай, Ұлы жүз – Ақтамберді, Қалдыбай т.б. батырлар тарих сахнасына шыққан кезеңмен тұспа-тұс келеді. Солармен замандас, тағдырлас, қарулас болған.

Кіші жүздің өз заманындағы айтулы ханы әрі қолбасшысы Әбілқайыр, жоғарыда аты аталған қазақтың қаһарман батырлары, бүкіл қазақ бас қосқан думанды жиында сөз сөйлеген қазақтың ұлы ғұлама ақыл иелері, атақты билері Төле, Қазыбек, Әйтекелер де Бақтыбаймен санасып, ретті жерінде жол берген. Мысалы, 1726 жылы Ордабасыда сыртқы жоңғар басқыншыларына қарсы бүкіл қазақтың бас біріктіретін, бір майдан болып соғысар кезінде үш жүздің игі жақсылары бас қосып, ұлы үш бидің шешімімен Кіші жүздің ханы Әбілқайырды бүкіл қазақ қолын басқаруға Бас сардар етіп сайлап, ақ үй тігіп, ақбоз ат мінгізіп, ақөре киізге көтергені белгілі. Сол салтанатқа қатысқан батырлардың ішінде Бөгенбай, Қабанбай, Саңырық, Керейіт Тайлақ, Шөмекей Киікбай, Адай Шитан, Тама Есеттермен бірге Әлім Бақтыбай да болған. Ол кезде Бақтыбай 20-ға жаңа толған жас жігіт екен.

Сол кездегі жоңғар басқыншыларына қарсы Далатау шайқасында Кіші жүз жауынгерлері үлкен ерлік көрсеткен. Осы шайқаста Тауасарұлы Қазыбек бек өзі қатысқан оқиғалар желісімен жазған «Түп-түқияннан өзіме шейін» деген кітабында «Кіші жүз Шекті батырлары Қабақ ұрпақтары Байрақ, Қайрақ, Тайлақ үшеуі осы Далатаудағы соғыста үш рулы елдің ұрысын

жүргізді. Мен осылай дегенімде, бұған Бөгенбай да құптап жауап берді. Бірақ не керек, Әбілқайырдың алалығынан Бек (Бекарыс – А. Қ.) баласының азғантай Шекті тұқымы ғана бізбен қанын бірге төгісті» – деп суреттейді (кітаптың 260–261-беттері). Егерде Бақтыбайдың сол кезде Шектінің ұраны екенін ескерсек, осы соғыста болғаны, қол басқарғаны сөзсіз, тіпті жоғарыдағы Шектінің байрағы, көтерген ұраны – Байрақ деген батырдың өзі болуы да мүмкін. Себебі Қазыбек бек – Орта жүздің бір ру батыры, Бақтыбай Кіші жүздің бір ру басы батыры. Сондықтан бірін-бірі сыртынан жете танығанымен аттарын жете біле бермеуі, жобамен байрақ ұстаған – Байрақ батыр дей салуы мүмкін деп жорамалдауға толық негіз бар.

Өттеген-ай, сол қайран бабамыздың батырлық тұлғасын сомдайтын суреттер, ескерткіштер сақталмаған. Соңында қалған батырлық, билік мұрасын халқына толық жеткізетін тарихи оқиғалар, шежіре жырлар, жазулар жеткіліксіз. Бабамыздың туының астында тәуелсіздік үшін жанын пида еткен бүкіл Шекті қауымының, сарбаздарының ата-тегі де тарихқа белгісіз. Мінеки, сол қилы кезеңдерді алуан қырынан толғап, терең әңгімелейтін кезең жаңа қазақ мемлекетінің тәуелсіздігімен бірге келген сияқты.

Бақтыбай туралы бірінші жазбаша деректер 1730 жылдары, орыс патшасының өкілі – елші, тілмәш Мәмет Тевкелевтің Кіші жүз Әбілқайыр ханның ордасына келуімен байланысты берілген. Бұл мәліметтер 1750 жылдың аяғына дейін жалғасады. Ол жөнінде әлі біраз әңгімелейміз. Кеңес заманында сақталған көне архив құжаттарында, қазақ энциклопедиясында, М. Тынышпаев жинақтаған қазақ шежіресінде Бақтыбай туралы шағын деректер кездеседі. Сонымен қатар, қазақтың халық жазушысы, мемлекет және қоғам қайраткері Әбіш Кекілбаевтың «Үркер» атты романында Бақтыбай тұлғасы тұңғыш рет өзінің көркемдік бейнесін тапқан. Оның бер жағында, үстіміздегі ғасырдың 90-жылдарынан кейін (Қазақстанның тәуелсіздікке қолы жеткен жылдардан бастап), әсіресе соңғы бес-алты жыл ішінде газет, журнал беттерінен Бақтыбай батырдың биік тұлғасы

көрініп қалып жүр. Оның ұрпақтарының ішінен Ақтөбе облысында тұратын Қожамбергеннің немересі Оңдасынның Төлеуі, Әбілбайдың баласы Оразбай, Тағыберген атаның үлкен баласы Меркебай, Шаншардың Әбілахимы, Жалғасбайың Қорқыты, тағы басқа көзі ашық, көкірегі ояу білімді азаматтар бабамыздың өмір жолдарын зерттеуге, оның ел алдындағы еңбегін жинауға барынша үлес қосып жүр. Оларға аталарының аруағы сендерге жар болсын, абзал аға, інілер дегім келеді.

Бірақ осы тарихи тұлға туралы сөз қозғамас бұрын оның өмір сүрген заманы, ту етіп көтерген ортасы жөнінде бірер деректерге тоқтала кеткен жөн. Бұл алдымен Бақтыбайды тарихи тұлға ретінде тани білу үшін керек.

Тарих сахнасына XVI ғасырда ентелей шыққан Жоңғар мемлекеті осал жау болмағанын, одан шүршіттер мен орыстар да жасқанғанын бүгінгі ұрпақ біле бермейді. Сонымен... Шыңғыс хан заманындағы ұлы империяның негізін қалаған моңғолдар бертін келе ыдырап, шығыс (Халха) және батыс (Ойрат) Одағы болып екіге бөлініп кеткені тарихтан белгілі. Осы Ойрат Одағына кірген шорас, хошауыт, торғауыт, дүрбіт рулары келе-келе бел алып, қатерлі күшке айналады. Тарихи деректерге сүйенсек, қазақтың Есім ханы халха-моңғолдарға арқа сүйей отырып, ойраттарды екі жақты қыспаққа алмақ болған. Орыс зерттеушісі Илья Златкиннің пайымдауынша, торғауыттар мен дүрбіттердің алғашқы кезде қазақтарға бағынғанымен, кейін қазақ-бұқар соғысын пайдаланып, мықты Одақ құрады, кешікпей Ертіс, Есіл, Жем, Жайық өзендерін көктей өтіп, Ноғай ордасын шабады. Бұлар негізінен торғауыттар еді. Өйткені 1627 жылғы Есім ханның жеңісінен кейін дүрбіттер Жоңғарға қарай шегініп, хошауыттар Тибетке өтіп кеткен болатын. Сойтін ежелгі Алтын Орда жерінде қалмақ хандығы пайда болды.

Бірақ орыс отаршылығынан теперіш көрген Еділ қалмақтары 1771 жылдың қаңтарында котеріле көшіп, қазақ жерін баса-көктей Жоңғарға қайта жол тартады. Бас-аяғы екі жүз мыңға жуық қалмақтың ата жұртқа тек жиырма

мындайы ғана аман жетеді. Еділ дария кешу бермеген алпыс мындай қалмақ жат жерде қалып қояды. Қазіргі Ресей құрамындағы жүз қырық мындай қалмақ жұрты бір кездегі айбынды ойраттың сарқыншағы.

Ал халқа моңғолдарды ығыстырып, шығысқа бет бұрған шорас, хошауыт, дүрбіт және хойыт тайпалары қайта бас қосып, жаңа қалмақ мемлекетін — Жоңғар хандығын құрады. Тарихта оны Дүрбіт-Ойрат деп те атайды. Сол кездегі орыс құжаттарында үзік-үзік кездесетін бұл деректер белгілі ғалым, жазушы Мұхтар Мағауиннің «Қазақ тарихының әліппесінде» орынды жүйеленген. Мұны біз қазақ хандығының төрт жүз жылдық тарихын тұңғыш рет бір ізге салған аса құнды еңбек деп бағалауымыз керек.

Деректерге қарағанда, Бақтыбай бабамыздың дәл осы тұста тарих сахнасына шыққаны байқалады. Атап айтқанда, «XVI—XVIII ғасырлардағы қазақ-орыс қарым-қатынастары» деген құжаттар кітабынан Бақтыбай бабаның тарихта болған адам екендігін қуаттайтын жеті дерек табылған. Соның біреуі — Ресей патшалығының Қазақстандағы елшісі Мәмет Тевкелевтің күнделіктері. 1731 жылғы қазан айының 3-нен 1733 жылғы қаңтардың 9-на дейінгі оқиғаларды қамтитын бұл күнделікте Кіші жүз қазақтарының патшалық Ресейдің қол астына алу туралы Әбілхайыр ханмен арада жүргізілген келіссөздері баяндалған. Мұнда 1732 жылдың 28 наурызында Үлкен орданың адамы Абағай сұлтанның тілмаш М. Тевкелевке мынадай мазмұнда хабарлама бергендігі айтылады. Абағай сұлтан Әбілхайыр ханның күйеу баласы Батыр сұлтанның көп әскерімен бірге түрікпендерге қарсы жорыққа шығады. Осы жорыққа жүз елу адамдық қолды бастап Бақтыбай да бармақ болады. Бірақ Батыр сұлтанмен тіл табыса алмаған Бақтыбай Батыр сұлтан әскерінен бөлініп, Еділ қалмақтарының жылқыларын қуып кетпек болады. Батыр сұлтан қалмақтарға дер кезінде хабар беріп үлгереді. Бұл жайды біліп қалған Бақтыбай әскерін басқа жаққа алып кетеді. Бірақ Батыр сұлтан кері қайтқан кезде олардың үстінен түседі. Бұл кезде Бақтыбай бастаған қол орыс керуенін тонап, бірнеше түйенің теңіндегі дүние-мүлікті сарбаз-

дарына бөліп берген болатын. Ал қалғандарын он екі күн бойы ас-сусыз тұтқында ұстап тұрады. Олжаға қызыққан Батыр сұлтанның сарбаздары да Бақтыбайға қосылып, орыс көпестерімен келіссөз жүргізе бастайды. Дүние-мүліктерінің тең жартысын тегін берсеңдер, бұдан былай орыс керуеніне тиіспейтін боламыз деп уәде береді...

Ал наурыздың 29-да олжаға батқан Бақтыбай Тевкелев керуенінің өкпе тұсынан өте шығады. Жақын күндерде бұл мырзаның өзі де орыс саудагерлерінің кезін киетіні ескертіледі. Бұл патшалық Ресейге бодан болғысы келмеген бабамыздың қыр көрсетуі еді.

Бақтыбай бабаның өнегелі өмір жолы, елімізге ентелей кірген жат жерліктерге қарсы қаһармандық жорықтары, аты ұранға айналуының әлеуметтік сыры, соңында қалған ұрпақтары жөнінде деректер мерзімдік басылымдарда кездесетінін айтуға болады. Бірақ бұл жеткіліксіз. Қасиетті бабамыз туралы баспасөз бетінде мәселелер қозғап жүрген қаламгер Меркебай Тағыбергенов Бақтыбай батыр жатқан зиратқа барып, қабірінің қай жерде екенін анықтап қайтты деген дерек баспасөзде көрінді. Оның алдында менің әкем Құнтөлеу мен Сәндібектің үлкен баласы Әбілазиз 1962 жылы осы Бақтыбайдың жерленген жерін тауып, бата қылып қайтқан. Бұл дерек бойынша бабамыздың қабірі Жем өзенінің шығыс жақ жағалауында, қазіргі Байғанин ауданы «Ақжар» совхозының «Қаражар» бөлімшесіне жақын жерде жатыр.

Бақтыбай бабаны жергілікті халық «Әлім Қарасақал әулие» деп те атайды. Ол кісінің аруағына сиынып, бедеу әйелдер мен әр түрлі науқасқа шалдыққан адамдар басына түнеп, құрбан шалып, шапағат жәрдем тілейді. Олардың ішінде кейін құрсақ көтеріп, нәрестелі болған әйелдер де, сырқатынан сауығып кеткендер де бар. Оған дәлел жаңағы аталған Құнтөлеу келін болып түскеніне он алты жыл болған Қаламқасқа Бақтыбай бабаның басынан топырақ әкеліп берген. Осыдан кейін көп уақыт өтпей, осы келіні Айдос, Жандос, Сымбат деген үш балалы болды. Осы Қаламқас жеңгеміз өзінің ағайыны Елубайдың баласы Қошанның

әйелі болып келетін. Баба қабірінің басында бұрын және кейін қойылған, Шекті руының таңбасы салынған құлпытас белгілері сақталған.

«Қазақтың қысқаша энциклопедиясының» 4-томында «Қарасақал қорымы» деген мәлімет бар. Онда қорымның Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Жарқамыс поселкесінің оңтүстік батысында, 60 шақырым жерде, Жем өзенінің Шығыс жағалауында екені көрсетілген. Әр түрлі пішіндегі мыңға тарта құлпытастары бар осы қорымның жалпы аумағы 15 гектар екені айтылады (371-бет).

Батырдың өмір сүрген, сыртқы жаумен арпалысқан кезеңін тарихи мәліметтермен салыстырсақ, Бақтыбай Төлесұлы 1706 жылы, яғни Ит жылы дүниеге келіп, 1767 жылдың қаңтар айында жау оғынан қаза болған деген жорамалға келеміз.

Тағы да дерекке жүгінелік. Қытай Халық Республикасындағы қазақ ғалымдары шығарған «Қазақтың көне тарихында» осы соғыс туралы кеңірек жазылған. Онда Адай руының мың сарбазы жау қолынан қаза тауып, үш мың жігіті тұтқынға түскені айтылған. Осы кескілескен ұрыста, 61 жасында Бақтыбай батыр да ерлікпен шәйіт болған сияқты деген де қауесет кездеседі.

Қаза тапқан жауынгерлердің сүйегі тек көктемде, қар кете табылады. Үстіндегі тонымен құлаған Бақтыбай батырдың денесі бұзылмаған екен. Қауға қара сақалды бабамызды жұрт содан бері «Қарасақал өулие», ал жерленген жерін «Қарасақал қорымы» деп атап кетіпті дейді аңыз. Бірақ осы деректерге сенуге бола ма? Менің ойымша, бұл әлі де терең зерттеуді қажет ететін деректер. Тарих қойнауына үңілсек, Бақтыбайдың туған жылы белгісіз. Өлген жылы белгісіз. Жатқан жері белгісіз. Оған себеп, жазбаша деректер жоқ, осы жерге жерленді деген, көрген адам жоқ. Ауызша, жазбаша шежірелерде туған, өлген жылдары, жерленген жері жөнінде ешқандай дерек кездестірмедік.

Белгілісі: Кіші жүздің Әлімінен, Әлім ішінде Жама-нақ – Шектіден, Шектінің – Бөлегі, Бөлектің – Айты, Айттың – Қабағы, Қабақтан туған Төлес бидің баласы.

Үш жүздің батыр, билері қосылып жиырма жасында Әбілқайырды бүкіл қазақ әскеріне қолбасшы сайлайтын шеруге қатысқан. Қазақ халқының басына түскен қасіретті «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» жылдарында Жоңғар басқыншыларына қасқайып қарсы тұрған, жауға күйрете соққы берген «Анырақай» шайқасында жаумен жұлқыса алысқан. Орыстың елшісі М. Тевкелевті қарсы алуға алдынан шыққан Кіші жүздің жиырма тоғыз руының саңлақтарының ішінде болған Шекті руының биі Бақтыбай. Бір ғажабы, осындай атақты адамның туған, өлген жылының белгісіз болуы. Оны анықтау үшін азды-көпті жазба тарихтағы деректерге үнілсек, Бақтыбайдың 1730 жылдардан кейінгі өмірінің негізгі сипатын сол кездегі орыс-қазақ қатынастары құжаттарынан ұшыратуға болатыны. Оның қай жылы туып, қай жылы өлгені сол деректер бойынша айқындалуы мүмкін. Ал, аталмыш кезеңдегі орыс-қазақ қатынастары жайындағы деректерде Бақтыбай атының ұшырасуы. XVIII ғасырда, Кіші жүздің ханы Әбілқайыр кезінде Ресей империясымен саяси-өлеуметтік қатынастар турасындағы мұражай құжаттарында Бақтыбай бидің Кіші жүз руларының тіршілігі мен келешек тағдыры жөнінде үлкен саяси мәселелерге араласқаны туралы деректер бар. Онда Бақтыбай атамыздың бастапқы кезде орыс патшалығының қоластына, қазақ елінің тәуелсіздігін сақтап қалу үшін, кіруге қарсы болмағанын мынадан білеміз.

1731 жылдың 3 қазанында Әбілқайыр ханның екі жүз атты адамы Нұралы сұлтан (ханның үлкен баласы) бастаған орыс патшасының елшілігін, хан ордасынан екі күндік жерден қарсы алады. Осы делегацияның ішінде Кіші жүздің жиырма тоғыз руының жиырма тоғыз биі болған. Оның бірі Шектінің биі Бақтыбай батыр. Олар осы тілмаш Мәмет Тевкелев бастаған елшілікті 5 қазанда Ырғыз өзенінің бойындағы Мәңтөбедегі Хан ордасына алып келеді. Әйгілі «Аңырақай» шайқасынан кейін Әбілқайыр Кіші жүз сарбаздарын бастап, батысқа қарай қоныс аударып, орыс патшасының шекарасына жақындап Жем, Сағыз, Темір, Жайық бойына қонғанда, Шекті елінің де Бақтыбай бастаған сарбаздары бірге келді емес

пе? Әбілқайырды Орыс патшасымен сыбайласып, ортақ жауға бірге тосқауыл қоямыз дегенде, Бақтыбай оны қолдады емес пе? Бірақ кейіннен, Бақтыбай батыр Әбілқайырдың орыс патшасына бодан болам деген саясатына қарсы шығып, Батыр сұлтанды жақтағанын 1731–1733 жылдардағы М. Тевкелев күнделігінен көреміз. Сондықтан ол Әбілқайырмен бірге 1731 жылдың 10 қазанында ант бермеген. Елдің бірлестігін ойлаған Бақтыбай Шекті руының Кіші жүз тайпаларымен бірге болуын қалап, 1732 жылдың қысында М. Тевкелев шатырына Батыр сұлтанмен оңаша келіп ант берген.

Сөз орайына қарай айта кетелік: Орыс патшасына Кіші жүз елшілігінің кеткенін естіп, Орта жүздің ханы Сәмеке 1733 жылы Уфаға елшілігін жібергенін, ал 1734 жылы Ұлы жүз билері Қодар, Төле, Сатай, Хангелділер Петерборға өз елшілігін аттандырғанын да, бірақ 1738 жылы Әбілқайырмен бірге Татищевке барып ант беруден бас тартқанын да, солай бола тұра 1740 жылы Әбілмәмбет пен Абылайдың Урусовқа барып ант бергенін де тарихтан білеміз. Оған қоса айтарымыз, Орта жүздің батыры Барақ сұлтан 1735 жылдың 20 желтоқсанында орыс патшасына бодандыққа алуды өтініп хат жазған. Онда: «Әбілқайыр қалай мойын ұсынса, біз де дәл солай мойынұсынамыз» делінген. Онымен бірге Керей сұлтан, Дәулен, Тілеуімбет, Шорабай, Шүрек, Төнеке, Боқай, Қалқаман, Шұбар, Өтебай, Ерназар, Сүйіндік, Қабанбай, Жарасбай, Елқонды, Жекеман, Жарылқай, Балтемір, Тоқаш, Тоғын, Сатыбалды, Қонақбай сынды ру басылары, қарауындағы қырық мың үйімен 1742 жылы қарашада бодандықты қабылдап, ант су ішеді және патшаға елшілікке Бекбасұлы Сырымбетті жібереді. Қазақтың тағы бір ханы Күшік би 1745 жылдың қазанында қарауындағы он мың үйімен бодандықты қабылдап, Ресей патшасының үкіметіне елшілікке Рахманқұл биді аттандырған.

Міне, біз осы деректерден қазақ арасындағы саяси ахуалдың ол кезде біркелкі, бірыңғай емес екенін аңғарамыз. Ал мына мәселені тарих таразысына салып көрейікші. Кіші жүздің ханы Әбілқайырдың үш жүздің

бос тұрған тағын иемденіп қалу үшін, сонау Есім, Тәуекел, Тәуке заманынан бері айтылып келе жатқан қазақ елін бір-ақ хан басқару керек деген мәселені қайта қозғап, күшті орыс империясының ықпалын пайдаланғысы келгені анық қой. Онысынан ештеме шықпайтынын білген соң, Әбілқайыр корші Иран, Түркі, тіпті Жоңғар қонтайшысымен астыртын байланыс жүргізе бастағаны да мәлім. Бас тақты Өсеке өулетінің алып қоймауына бөгет жасау үшін, Жәдік ұрпағының өкілдері Сәмеке, Әбілмәмбет, Абылай, Барақ, Күшік және Жоңғар қонтайшысына бір жақты кіріптар болып қалмау үшін, оқтын-оқтын орыс патшасына елшілер аттандырып, бодандық сұрап отырғаны да жасырын емес. Бодандыққа ант берген екенбіз деп, орыс патшасының ғана ықпалында қалып қоймай, екінші жақтан қауіп төндіріп тұрған Қытай империясының да қас-қабағына қараған Абылай, Жолбарыс, Төле би саясаты да көңілге қонарлық. Бұған, жаңағы айтқан екі жақтан кезенген екі күшті алыпты емексітіп, екеуіне де түбегейлі ыңғай танытпауды көздеген Қазыбек бидің дипломатиясы қосылады.

Бұл кезең бір жағынан Жайық, Еділ, Атырау қойнауына, Қызылтау мен Ертіске қол сала бастаған орыс империясынынан, екінші жағынан күпісінің шығыс жақ шалғайына жармасқысы келіп тұрған шүршіттен бірдей қауіптенген қазақ даласының сары уайымы тайға басқан таңбадай сайрап тұрған кезең.

Бұл кезең XVIII ғасырда өмір сүрген, жоғарыда аталған Қожаберген жыраудың мына сөздерімен сипатталады: «Ызғарлы күн шығыстан жел келеді, Шұбырған Алтай жақтан ел келеді, Еділден ұбашы қалмақ тағы шапты, зор бөгет тас маңдайға тез келеді», дейтін осы кезеңдегі қазақтың басына түскен қиын жағдайды жеткізе баяндайды. Иә, бұл кезең Бақтыбай бабамыздың өмір сүрген кезеңі, бұл кезең оның бес қаруын ойнатып қол бастаған кезеңі. Бұл кезең оның қас жауларымен шайқасып, батыр тұлғаға, ұранға айналған кезең. Ел аузында бізге жеткен мынадай аңыз бар. Мүздай қаруланған жоңғарлардың кезекті бір шабуылы басталады. Етектей жайы-

лып тыныш жатқан елді баса-көктеп, азан-қазан етеді. Міне, осы кезде Әлім елінің Шекті руын бастап Жақайым тайпасынан Құл есімді батыр шығады. Ол өзі жасының ұлғайғанына байланысты ұрысқа қолма-қол кіре алмай, тек басшылық жасаумен ғана шектеледі екен. Осы мезетте жас Бақтыбай Құл батырға келіп, ұрысқа қатыссам деп тілек білдіреді. Бірақ аға батыр баланың жастығын байқап, әкесі Төлес биден рұқсат сұрап көруге уәде береді. Бақтыбайдың әкесі Төлес: «Балам жас қой, әлі буыны қата қойған жоқ», деп келісімін бермеген көрінеді. Бірақ оған қарамастан жас әрі албырт Бақтыбай қазақ қосынына еріп, жауға жасырын аттанып кетеді. Қазақтар мен қалмақтар арасындағы ұрыс қызған кезде қазақ сарбаздары сан жағынан басым жауға төтеп бере алмай кейін шегініп, майдан ортасы сетіней бастайды. Мұны қыр басынан бақылап тұрған Құл батыр не істерін білмей қысылады. Дәл осы сәтте ұрысқа қатыспай, тасада тұрған бала Бақтыбай ақ боз атын ойнатып жоңғарларға дүрсе қоя береді. Оның жүрген жолында жау орылған қамыстай жапырылып, арасы сетінеп қаша бастайды. Алғашында абдырап қалған қазақ жауынгерлері лезде естерін жиып, жауға соққы үстіне соққы береді. Бала батыр ақ боз атымен қалың қолдың о шеті мен бұ шетіне бір шығып, жауды қоғадай жапырады. Сөйтіп, осы шайқаста қазақ әскері үлкен жеңіске жеткен көрінеді. Осының бәрін көріп тұрған кемеңгер атасы Құл батыр жаңағы ақ боз атты жас батырдың ерлігіне риза болып, кім екенін сұрайды. Бақтыбайды байқап қалған бір сарбаз ол Төлесұлы Бақтыбай екенін айтты. Жас батырдың жүректілігіне риза болған қолбасшы сол арада сарбаздарына: ендігі ұрыста жауға «Бақтыбайлап» шабындар деген екен. Атамыз Бақтыбай осыдан бастап батыр атанып, ұранға шыққан! (Бақтыбай кім болған? «Азия» газеті, 1993, қараша, № 45).

«Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» қасіреті заманындағы екі жүз жылдан астам уақытқа созылған қазақ халқының жоңғар басқыншыларына қарсы сұрапыл соғысында, халқына басшылық етіп, қан майдан-

да жанпидалықпен өлімге бас тіккен көрнекті мемлекет қайраткерлері, хандар, қолбасшылар, билер, ақын-жыраулар, елшілер, егесте ерлермен бірдей ерлік көрсеткен арулар, басқа да айтулы тұлғалар тағдырлас болған. Олардың арасында Абылай, Әбілқайыр, Сәмеке, Әбілмәмбет, Батыр, Барақ, Күшік, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би, Бұқар жырау, Ханкелді, Қодар, Сатай, Табын, Қанжығалы Бөгенбай, Шақшақ Жәнібек, Сұлтан Жәнібек, Тама Есет, Әлім Бақтыбай, Әжібай, Арал, Қаракерей Қабанбай, Малайсары, Олжабай, Арғын Сырымбет, Найман Сырымбет – бәрі де тарихта бар алып тұлғалар.

Бұл ретте Бақтыбай батырдың өз елін сүйетін, қайраткерлік тұлғасын ірілендіре түсетін тағы бір дара қасиетін ашып беруді жөн көрдік. Оның өз еліне деген сүйіспеншілігі, ежелгі ата-баба қонысын, жат жұрттан қорғауда сескенуді білмейтіні, ешкімге ымырашылдық жасамайтыны ежелден белгілі болған. Мысалы, ол елі мен жерін таптап, төуелсіздігін аяққа басып сайрандап жүрген қас дұшпанына ешқандай аяушылық жасамаған. Оны орыс патшасының озбыр, отаршыл саясатын құптайтын кейбір шенеуніктердің тарихи шындықты бұрмалап, Бақтыбайды қарақшы, ел тонаушы етіп көрсеткісі келетіні де сондықтан. Оған 1732 жылы маусымның 20-нда тілмәш М. Тевкелевтің Ресей сыртқы істер Мемлекеттік коллегиясына жолдаған мәлімдемесі куә бола алады. Онда М. Тевкелев Бақтыбай би бастаған Шекті руының сарбаздары Бұхара, Хиуа хандығына бара жатқан орыс патшасының артиллерия полковнигі Гарбер бастаған керуенін 28 наурызда айдалада тонағаны жөнінде хабарлайды. Осыған байланысты Гарбер мырзаның керуені ешқандай келісімсіз қазақ жерін, ата қонысын баса коктей өтуіне, бес жүз түйелі керуенмен Хиуа мен Бұхараға бөтен елдің жері арқылы кіре тартуына кім рұқсат етті деген сұрақтар тумай ма? Бақтыбай қарақшы, тонаушы болса, он екі күн бойы керуенді қамап, Кіші жүздің қолбасшысы Батыр сұлтанды күтіп жатар ма еді? Бұл елі мен жерінің төуелсіздігін қорғаумен қатар, адамгершілік олшемдерін сыйлай білумен қатар, әскери тәртіпті де қатаң ұстана білген көреген қолбас-

шының тірлігі. Сонымен қоса, орыс патшасына «дандайсыма» деген ескерту еді. Егер полковник Гарбер сияқтылар масайрап, келісімсіз бөтен мемлекеттің ата қонысын таптап жүргеніне тиым салып, оған бөгет қойса, бес жүз түйеге жүк артқан керуеннің тең жартысы Гарбердің өз келісімімен берілген болса, Бақтыбай оны қарауындағы жарлы-жақыбайларға таратып берген болса, онда ол неге қарақшы болмақ? Мұны біз ендігі жерде Гарбер сияқты алаяқтарға сабақ болсын, ел тыныштығын сақтасын, басқа халықтың тәуелсіздігіне қол сұқпасын деген бабамыздың қыр көрсетуі деп білеміз. Осы мәлімдемеде Бақтыбай сарбаздарымен 29 наурызда М. Тевкелевтің керуенінің жанынан өтіп бара жатып, егер елдің тәуелсіздігін сыйламай, ата-бабаның қонысын, жер-суын аяққа басатын болсаңдар, сендер де Гарбердің кебін киесіндер деп ат үстінен ескерткен. Біз бұдан Бақтыбайдың халқына қамқор, еліне пана бола білгенін байқаймыз. Қазақ қауымының тәуелсіздігіне кедергі келтірер кертартпа амал-айлаға ол сол үшін де батыл қарсы шыға білген. Өйткені Бақтыбайдың көкsegені — ел бірлігі, халқының тәуелсіздігі. Оның көкsegен арманы сол еді. Алайда ол ертең қапыда келіп бассалар жаудың дүбіріне құлақ түріп, күні-түні мазаланумен болды. Мұның өзі өткенге ғана өкініп қоймай, ертеңгі ұрпақтың болашағына қам жеген, ел тағдырын әріден ойлаған дана бидің ісі болатын. Бақтыбайдың жастайынан ұстанған жолы — ел басына қасіретті күн туа қалса, ағайын арасына іріткі салмау, жоқтан өзгені сылтауратып жан-жаққа бытыратып алмау еді. Халық ішінен жарылып шыққан бұхараның біреуі болса да ол бұл қағиданы бұлжытпай орындады. Оның тұқымында хан да, сұлтан да болған емес. Ол үлкен тарихи сын үстінде қалың бұқара арқа сүйеген саяси ықпалдың орындаушысы болды. Ел басына қандай кезеңнің кез келуіне байланысты біресе абыздық, біресе нояндық қауымның ықпалы басым түсіп отырғандығы ежелден белгілі. Тәуке заманының бастапқы, билер үстемдігінің аяққы кезінде Бақтыбай сияқты батырлардың басым түсуі де сондықтан. Тарихшы Н. Г. Аполованың 1710 жылғы Қарақұрым

құрылтайы ел басына түскен жағдайға байланысты батырлардың басым түскен жиыны болды деп бағалауы да сондықтан (Н. Г. Аполова. Присоединение Казахстана к России. Алматы, 1948, 169-бет). Осы тұста ел басқару тізгіні батырларға ұнаған хан, сұлтандарға тиген. Жалпы данышпан бабаларымыз Төле, Қазыбек, Әйтеке өз кезеңдерінде далалық ел билеу жүйесінің ежелгі үрдістерін бұзып, бұқаралық ықпалға жол береді. Сөйтіп, көне түркі заманының Орхон ескерткіштерінде қалған «қағаныңның айтқанын қыл», Шыңғыс хан кезінде жазылған «ханың қайда қойса, сонда түр» дейтін қағидалардың бәрі айтарлықтай әлсіреді. Қазақ руларының билерінен ант алған В. Н. Татищевтің Орта жүзде Арғын Жәнібек пен Найман Шүрек, Кіші жүзде Табын Бөкенбай ханнан да өткен беделді, Ташкентте болып қайтқан М. Асановтың: «Атақты қазақ биі Төлені Ташкентте ханнан бетер қадірлейді», дейтіні де осыдан болар.

Бірақ та әр нәрсенің өзінің мөлшері бар деген қанатты сөзді естен шығармаған жөн. Отаршыл саясат біздің өзгеге сенгіш, өзімізге сезіктенгіш мінезімізді де өз пайдасына жарата білді. Сонау XVIII ғасырдың өзінде-ақ әуелі хан мен ханды, сұлтан мен сұлтанды, артынан сұлтан мен биді, би мен батырды атыстырып, шабыстыруға бағыт ұстады. Ол, әрине, ел пайдасына да, халық пайдасына да шешілген жоқ. 1748 жылы Кіші жүздің ханы Әбілқайырды бақталасы Барақ сұлтанның өлтіруі осының айғағы. Әбілқайырдың қанын арқалап келіп отырсың деп, Төле би, Қазыбек би, Қабанбай, Шүрек, Өтепбай батырлар, тағы сол сияқты қазақтың игі жақсылары Барақты маңайларына жуытпай қойды емес пе? Осыған қарамастан орыс патшасының өкілі Неплюев Барақтың артынан адам жіберіп, оны ішіне тартуын қалай түсінуге болады? Осында бір жасырын сыр жатқан жоқ па? Қалай айтқанда да: «Ұлы Петрдің Орта Азия елдеріне қақпаны ашып, сауда-саттықты нығайтуды көздеген жоспарын жүзеге асыруға тырысқан Неплюевке көптеген машақат туғызып, қол байлау боп келген Әбілқайырдың да, оның түбіне жетіп тынған бақталасы Барақ сұлтанның да көзі құрыды», деп қуана

жазады патша шенеунігі Витевский. Бұл арада Әбілқайырдың өлімі Ресейдің ұлықтарын қанша қуантқанымен, қазақтың қай ұлысын да қатты мұңайтқан жағдай еді. Қазақтың сұлтандарының бақталасы өзінің халқына зияннан бөтен ештеме әкелген жоқ...

Он сегізінші ғасырдың отызыншы-елуінші жылдарында қазақ ұлыстарының барлығы дерлік Ресей патшасына ант беріп, оның қол астына өтуі аяқталып болған еді. Ол жылдары қазақтың қай ұлыс, қай өлкесінде де өздерінің ата қонысын жат жұрттан қайтып алу жолында арпалыс жүріп жатты. Кіші жүз ұлыстарының билеушілері, батырлары Еділ қалмақтарынан, башқұрт феодалдарынан, Хиуа мен Қоқан түріктпендерінен Маңғыстау түбегін, Жем мен Атырау, Еділ бойындағы құнарлы жер-суын, ата-бабасының атамекенін қайтарып алу үшін түн ұйқысын төрт бөліп, күндіз-түні ат үстінен түспеді. Осының қалың ортасында Шекті руының қолын бастап Бақтыбайдың жүргені, архивте сақталған орыс шенеунігінің жазбаша деректерінен ұшырасады. Осы деректерде 1732 жылдың наурызында Батыр сұлтан, Бақтыбай батыр бастаған Кіші жүздің 1750 жауынгері жәуміттерден Маңғыстау түбегіндегі ата қонысын, Асмантай — Матайдың құнарлы жазғы мал жайылым өлкесін босатып алу тірлігіне кіріскенін айтады.

Ресей патшасының Әбілқайыр хан ордасындағы прапорщигі Муравиннің мәлімдемесінде 1743 жылдың 28 ақпанында Шекті руының батыры Бақтыбай ақ патша қол астындағы, төменгі Еділ бойындағы Астрахан қалмақтарына шабуыл жасауға дайындалып жатыр деп Әбілқайырға хабар береді. Бақтыбайды бетінен қайтарсын, әйтпесе патшаның қаһарына қаласыңдар, ол жердегі қалмақтар патша ағзамның бодандары деген. Хан шабарманына Бақтыбай батыр былай деп жауап жібереді. «Еділ бойындағы Ұбағай қалмақтар алдымен қазақтардың ата-бабасының қоныстарын босатсын, ал мен хан айтты екен деп ата мекенімді жат жұртқа беріп қоя алмаймын» — деп ханға сәлем жолдаған көрінеді. Осыған қарағанда Бақтыбай ата-бабасының қонысын қорғауда, қазақ елінің тәуелсіздігін сақтауда ешкімге

ымырашылдық жасамайтынын аңғартқан. Орыс-қазақ қатынастарындағы Бақтыбай туралы жазба деректерде оның туған, өлген жылдары ұшыраспайтыны сондықтан болар. Қазақ даласындағы барлық деректерді қағыс қалдырмай қағазға түсіріп отыратын орыс шенеуніктері Бақтыбайдан неге көз жазып қалады, оның өлген жылын, қайда жерленгенін неге жазбаған? Бақтыбайды патша шенеунігі бүкіл Шектіге старшина (би) қылып тағайындаған жоқ па еді? Тіпті түсініксіз. Мүмкін Бақтыбай патша шенеуніктерінің озбырлық, бодандық, езушілік саясатына қарсы шыққан болар. Бақтыбайдың Әбілқайыр хандығының соңғы кезеңдерінде оның орыс патшасымен жүргізген бодандық саясатына, елді зөбірлеушілерге қарсы шығып, патшаға бағынбайтынын ашық айтқаны орыс шенеуніктерінің ашуына тиді ме екен?

Қалай болғанда да Бақтыбай өзі өмір сүрген кезінде ел бірлігін сақтауға барлық күш-жігерін жұмсаған адам. Оған тағы бір дәлел. Бақтыбай бабамыз Әбілқайырдың патшаға қазақ елін бодандыққа берген саясатына қарсы шыға тұрып, ол өлгеннен кейін, қазақ хандығының ауызбірлігін сақтау үшін, екі рет хан ордасында болып, Кіші жүздің барлық билерінің басын біріктіріп, Әбілқайырдың үлкен баласы Нұралы сұлтанды хан тағына отырғызуға ықпал жасап, қазақ хандығын сақтауға үмтылған. Бақтыбай қазақ даласында хандықты сақтау – халық бірлігінің кепілі деп бағалаған. Олай дейтініміз, 1748 жылдың 21 қыркүйегі күні Нұралы сұлтан бастаған төрт жүз адам, оның ішінде Шектінің биі Бақтыбай да бар. Бопай ханшаның үйіне, яғни хан ордасына келіп, Кіші жүзге хан сайлау мәселесін талқылайды. Ал, сол жылдың 5 қазанында орыс патшасы Елизаветаға хат жазып, Нұралы сұлтанды Орта жүз бен Кіші жүзге хандыққа бекітуді сұрайды. Осы хатқа Шекті руынан Бақтыбай би де өзінің таңбасын басқан (XVI–XVIII ғасырлардағы орыс-қазақ қатынасы. Алматы, 1969, 409–410-беттер).

Жоғарыда келтірілген деректерден ұққанымыз, Бақтыбай Шекті елінің батыры және биі болуды ғана аңсамай, орыс патшасының қол астына протекторат (яғни

қазақ елінің мемлекеттік тәуелсіздігі мен саяси дербестігін сөз жүзінде сақтау) болып кіруді қолдаған. Ол жөнінде бірқатар дәлелдемелер бар. Өздеріңізге мәлім, мұны біз бұрын да айтқанбыз. Кіші жүздің қазақтары Әбілқайырдың басшылығымен орыстарға ерікті түрде 1731 жылы қосылды, оны Шекті елінің атынан бабамыз Бақтыбай да қолдаған болатын. Ресейге бағыну бұл тұста сыртқы және ішкі себептерден туындағанын осы еңбегімізде әлденеше рет айтып өткенбіз. XVIII ғасырдың 30-жылдарында Жоңғар басқыншылары тарапынан жаулап алу қаупі төнді. Мұның өзі Әбілқайыр бастаған қазақтарды өздерінің қуатты көршісі Ресейден әскери көмек сұрауға мәжбүр етті. Сонымен бірге, орыс патшасының қол астында болу қазақтарды осы күшті елмен экономикалық және сауда-саттық қарым-қатынасты дамытуға мүмкіндік беретінін қазақ елінің басшылары түсінді. Ресей патшасының қол астына көшу арқылы қазақтар өздерінің территориялық және мемлекеттік дербестігін сақтап қалды деп батыл айта аламыз. Орта жүз қазақтарының Ресейге қосылуы 1740 жылдардан басталады. Осы жылы орыс үкіметіне Абылай бастаған билер жол ашып берген болатын. Сәл кейінірек, 1750 жылдарда Абылай Ресей және Қытай империяларына екі жақты бағыныштылықты қабылдап үлгірген еді.

Осы тұстағы тарихи мәліметтер Ресей патшалығы мен қазақтар арасындағы қатынастарды империялық протекторат яғни орыс патшасының құрамындағы тәуелді қазақ мемлекеті есебінде сипаттауға болады. Міне, қазақтар алғаш Ресей мемлекетінің қарауына өткен кездегі саяси жағдай осындай еді. Ал әрі қарай, XVIII ғасырдың 40-жылдарының аяғына таман қазақтар мен патшалық Ресей арасындағы саясатта елеулі өзгерістер пайда бола бастады. Патшалық Ресейдің билеушілері отаршылдық, зорлық-зомбылықтың барлық амал-әдістерін қолдана отырып, шын мәніндегі бағыныштылыққа айналдыруға бет алды. XVIII ғасырдың 40-жылдарының екінші жартысынан бастап-ақ Ресей патшалығы қазақ даласына екі жақтан — Сібір мен Орынбор жақтан басып кірді, батыстағы қазақ территория-

сының, атап айтқанда, Ор, Еділ, Жайық өзендерінің бойындағы ең шұрайлы жерлерін тартып алып, қазақтардың орталық ұлыстарына қарай жылжи бастады. Тартып алынған жерлерде өскери бекіністер, қамалдар мен дуалдар салына бастады. 1740 жылдарда осы күнгі Орск (қазақтар «Жаман қала» дейді) және Орынбор қамалының іргесі қаланды. Тарихи мәліметтер бойынша, Орынбор қаласы (орысшасы «Оренбург») Петербургтен қырық жыл ғана кейін салынғаны айтылады, яғни 1743 жылы ол Ор өзені бойындағы қамал ретінде бой көтерген, ал бұдан бұрын 1740—1741 жылдары Орск қамалы салынған болатын. Соңғысы орыс шенеуніктеріне ұнамай, қамалды осы күнгі Орынбор қаласының орнына көшірген. Орскіні қазақтар жұртта қалған «жаман қала» деп атап кеткен.

Міне, осы кездерден бастап Шектінің биі Бақтыбай Әбілқайырдың орыстарға бодан болуға бет алған саясатын қолдамаған. Сондықтан да Бақтыбай 1748 жылы Орск маңындағы Әбілқайыр бастаған Кіші жүз билерінің орыс патшасы өкілдерімен өткізген мәслихатына қатыспауы оның осы саясатты қолдамағанын көрсетеді. Шекті елінің кең құрметіне бөленген Төлес баласы Бақтыбай батырдың орыс патшасының отаршылық саясатына, оны қолдаған сол кездегі Кіші жүз ханы Әбілқайырға теріс көзқарасы тарихи мәліметтерге жүгінсек, біршама анық. Қазақстан Мемлекеттік мұражайында сақталған он сегізінші ғасырдың бірінші жартысындағы орыс-қазақ қатынастарына байланысты және Бақтыбай биге қатысы бар екі құжатты ақтарғанымызда, одан аңғарғанымыз мынау. Орыс патшасының Орынбор губерниясындағы кешендік инженері Иван Ригельман мен тілмаш Яков Гуляев өздерінің 1750 жылғы 7 маусымдағы Орынбор губерниясының іс жүргізу бөліміне жолдаған мәлімдемелерінде былай деп жазады: «Осы жылдың 19 мамырында Қарасу өзенінің бойындағы Хан ордасынан шығып, біз Нұралы ханның, оның шешесі Бопай ханшаның жазғы жайылымы болған Темір өзеніне 23 мамырда келіп жеттік. Осы жерде Нұралы шешесі Бопайға, інілері Ералы және Айшуақ сұлтандарға біздің келген жұмыстарымызбен толық та-

ныстырды. Сөзінің аяғында Нұралы өзінің інілеріне ханнан рұқсатсыз неге Қарақалпақ ханына барып келіссөз жүргіздіңдер? — деп ренішін білдірген. Нұралы хан осы аталған інілерімен және патшаның шенеуніктерімен осы күндерде (шамасы бұл күндер 23 мамыр мен 1 маусымның аралығы) Шекті руының Бақтыбай биінің үйінде қонақта болған. Осы қонақасыға Кіші жүздің көптеген билері қатысқан. Қарасақал руының биі Тілепберген осы қонақасының үстінде Нұралы хан мен оның інілеріне, барлық Кіші жүздің билеріне былай дейді: «Осы біздің отырған жерлеріміз бұрынғы біздің ата-бабаларымыз шыққан ноғайлардың қонысы, олардың (ноғайлардың — А. Қ.) алауыздығы мен бастары бірікпегендігі салдарынан кұрып кетті, жері бос қалды. Осы жерге бізді кешегі парасатты, ақылы мол марқұм Әбілқайыр хан Түркістан жерінен көшіріп әкеліп, өзінің көрегендігімен орыс патшасының қол астына өткізіп, біздің бейбітшілігіміз бен тәуелсіздігімізді сақтады. Олай дейтінім, кешегі Сары Мәжі басқарған Жоңғар қалмақтарының шабуылында біз Ор және Жайық өзендерінің бойын жайлап аман қалдық. Егер де осы күшті орыс патшасына Әбілқайыр өзінің баласы Ералы сұлтанды кепілдікке беріп, бізді Ресейдің қол астына көшірмегенде кім біледі, біздің жағдайымыздың не боларын» деп, бұ дүниеден өткен Әбілқайырды жылы лебізбен еске алады. «Біз әрі қарай ауыз бірлігімізді сақтап, халықтың қамын ойлауымыз керек. Тоз-тоз болып, бөлектеніп кетсек, бізді жау оңай алады, онда жерімізден де, ата қонысымыздан да айырыламыз» деп Тілепберген би ойын аяқтаған. Бірақ қазақтың бірсыпыра билері, ішінде Бақтыбай да бар, орыс патшасының кейбір шенеуніктерінің озбырлық, отаршылдық саясатын осы қонақасының үстінде әңгіме қылады. Оған берген Нұралы ханның жауабы: «Жақын уақыттарда Орта жүз бен Кіші жүздің батыр, билері ақыл қосып, осы мәселелерді шешуге жиналады. Оған мен Жәнібек тарханды да шақырдым» деген. Билерге қарап Нұралы: «Көпке шыдадыңдар ғой, енді аз уақыт шыдап көрелік» деп сөзін тамамдаған.

«Осы жылдың 5 маусымында Қырғыз руынан

шыққан Бөйімбет батырдың қаза болуына байланысты берілген садақа асында Кіші жүздің барлық билері мен батырлары бас қосады. Оның ішінде Нұралы хан екі інісімен, Есет тархан, Бақтыбай би және тағы басқалары бар» деп жазады жоғарыда аталған патша шенеуніктері. Осы астың үстінде бірсыпыра билер Нұралы ханды жақтамайтындарын айтқан. Оларға Нұралы: – Мен орыс патшасының алдында берген антымды бұза алмаймын, сондықтан Ресейге бодандықты жақтаймын, осылардың арқасында мен сендерді басқаруға хұқықтымын деп есептеймін және сендерді менің қол астымда бағындырып ұстап тұруға жеткілікті күш бар – деп, орыс шенеуніктерінің күшіне сенетіндігін көрсетеді. Ханның мұндай өктемдігіне қазақ билері жақында үлкен жиын өткізіп, сонда ақылдасатындықтарын білдірген. Осы жерде Бақтыбай би Нұралы ханның орыс патшасына бодан болу саясатымен келіспей, Көкіұлы Есет тарханмен оңаша сөйлескені де мәлім. Есет тархан Бақтыбай бастаған билерге патша үкіметінің қазақ елдеріне қиянат етіп отырғандығы, халықты өз жерінен ығыстыруға бағыт ұстағандығы жайлы айтады. Бұл деректер Бақтыбай бабаның өз заманындағы аты шулы қолбасшы, Тархан атағына ие болған Есет Көкіұлымен замандас, қарулас және сый-құрметте болғандығын баяндайды (Қазақстан мемлекеттік мұрағаты, 122 қор. 1751 ж., 3 іс, 172–177-беттер, орыс тілінен көшірмесі; «Азия» газеті, 1993 ж., қараша, № 45).

Соңғы бес-алты жылда Қазақстан баспаларынан шығатын газет, журналдардың бетінде Бақтыбай батырдың қай жылы туып, қай жылы өлгені туралы жиі-жиі мәселе көтеріліп жүр. Бірақ бір тұжырымға келген көпшілік арасында шешім жоқ, сол сияқты бабаның ұрпақтары да қанша ізденгенмен, оның туған және өлген жылдарын тап басып айта алмады. Дегенмен, біршама жиналған деректер бар, оны авторлардың өз сөзімен айтып жеткізуді жөн көрдік. Бақтыбайдың тарихи тұлғасын зерттеп жүрген ұрпақтарының бірі Меркебай Тағыбергенов (Ақтобе облысы Шалқар ауданында тұрады) «Азия» газетінде жарық көрген «Бақтыбай кім болған?» деген зерттеу мақаласында Жоңғарлармен

болатын сұрапыл соғыста қазақтың аға батырларымен қатар Тама Есет, Табын Бөкенбай, Кіші жүзден Әлім Бақтыбайларды атаған. «Бұл батырлар, — деп жалғастырады сөзін автор, — Жоңғар басқыншыларына қарсы 1711—1770 жылдар аралығындағы соғыстарға қатысқан. Бұл кезең Бақтыбай батырдың өмірі мен соғысқан кезеңіне сәйкес келеді».

Осы Меркебай Тағыбергенов «Бабамыздың бейіті — киелі орын» (бұл «Азия» газетінде 1993 жылдың қараша айында жарық көрді) деген енді бір әңгімесінде: «Бір ескеретін жай, қолда бар жазба деректе Бақтыбай 1720 жылы туып, 1780 жылы 60 жасында қаза тапқан» дейді. Ал енді Бақтыбайдың басына қойылған ақ мәрмөр тастан қашалған ескерткіште (құлпытас) «Төлес ұлы Бақтыбай, халық қойған аты «Қарасақал» 1700 жылдары қайтыс болған» деп жазады Битілеу балалары Аманқұл, Шындықұл, Асанқұл. Олар Қарақалпақстанда тұратын Бақтыбайдың үлкен баласы Асаннан тараған ағайындар.

Енді Ақтөбе облысында тұратын белгілі журналист, Бақтыбай жөнінде деректер жинап жүрген Мұхамбетәли Есмағанбетов: «...Міне, сол Бақтыбай да шыр етіп жерге түсіп, жөргекке оранғалы да 300 жыл шамасы болды дейді айтушылар» деп мәлімет береді. Онда Бақтыбай 1690—1695 жылдары дүниеге келген болып шығады ғой. Әрі қарай журналист сөзін былай жалғастырған: «Сол Бақтыбай бабамыз 1720 жылдары дүниеге келген деген дерек бар. Яғни, «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» аталатын қанды қырғын басталар шақта Бақтыбай үш жасар бала.

Менің әкем Құнтөлеу інісі Әбілөзиз (бұл Мәмбетрзаның немересі Сәндібектің үлкен баласы) екеуі іздеп барып, 1962 жылы Бақтыбайдың басына төрт қырлы жалпақ ағаштан белгі қойғанда, менің естігенім Бақтыбай 1706, Ит жылы туған деп айтып отырған. Ендеше, 1729 жылдың жазында Кіші жүз ханы Әбілқайырды бүкіл қазақ әскеріне бас сардар қылып сайлағанда, ал 1730 жылы жоңғарларды Аңырақай жерінде қан жоса қылып қырғанда Бақтыбай осы соғысқа Әлім руын бастап қатысқан болып шыға-

ды. Ол кезде Бақтыбай балаң жігіт — жасы 23—24-те болған. Мұндай мәліметті Әбіш Кекілбаев «Үркер» романында да келтірген.

Енді бір ауызша және жазбаша деректерде Бақтыбай 1711 жылы туып, 1770 жылдары қайтыс болған. Бірақ осылардың бәрі де қандай деректерге сүйенгенін айтпайды.

Бұрын біз Бақтыбай туралы алғашқы жазбаша деректер 1731—1732 жылдары күнделік жазған орыс елшісі тілмәш Мәмет Тевкелевтің еңбектерінен көргенімізді айтқанбыз. Бұл жазбаша мәліметтерді осы жылдардан бастап, әрі қарай Ресей патшасының шенеуніктерінің Орынбор губернаторына, мемлекеттік Сыртқы істер коллегиясына түсірген мәлімдемелерінен ұдайы көріп отырдық. Бақтыбай жөніндегі соңғы жазбаша деректі Кіші жүз ханы Нұралы сұлтанның 1759 жылы 26 шілдеде Орынбор губернаторы А. Давыдов мырзаға жазған хатынан білеміз. Онда мынандай сөздер бар: «Шекті руының биі Бақтыбайдың баласы Дәулетбай көп соғыстың бірінде қолға түсіп, Хиуа хандығында құлшылықта, ол жөнінде патша шенеуніктеріне хабарланғанмен осы кезге дейін жауап ала алмай отырмыз, ал бала әлі табылған жоқ» деп Шекті руының наразылығын көрсетеді. Біздің бұдан байқағанымыз, осы кезде Бақтыбай бабамыз тірі болған. Әрі қарай, Нұралы хан Губернаторға: Шекті, Шөмекей, Қаракесек, Төртқара руларының батыр билері, егерде патша үкіметі қамқорлық жасамайтын болса, онда ханды тастап, бөтен жаққа көшеміз деп жатқанын жазады.

Осыдан әрі қарай Бақтыбай жөніндегі жазбаша деректер Қазақстандағы мұрағаттардан табылмай тұр. Алдағы уақытта Бақтыбай батыр жөнінде әлі де болса көп болып зерттей түсеміз деген үмітіміз бар.

Ал енді қолдағы бар деректерге жүгінсек, әрі батыр әрі би Бақтыбай 1706—1711 жылдар аралығында туып, 1767—1771 жылдар арасында Хиуа түрікпендерінен немесе Еділ бойындағы Құба қалмақтардан мерт болған деп болжам жасаймыз. Біз мұны тілге тиек ететін бірнеше дәлелдермен толықтырғымыз келеді. Бір ескертетін жай, Тама Есет Бақтыбайдан көп үлкен болғанына

қарамастан, Бақтыбайдың батырлығын марапаттап, қатты сый-құрмет көрсетіп, демеп отырған. Өйткені, он бес жасар Бақтыбайдың ерлігіне әбден риза болған Шекті елі оны Бас батырлыққа сайлаған кезде әкесі Төлес баласының жастығын ойлап, жалпақ елдің қалың қолын бастап, ауыр аманатын алып жүре алар ма екен деген күдігін айтады. «Егер Тама Есет балама ақ батасын берсе, бәлкім, аруақ қолдап ел сенімін ақтар» деген екен жарықтық Төлес бабамыз. Есет Тархан Бақтыбайға ақ көңілімен, шын ықыласымен ақ батасын береді. Бара-бара атасының батасы қабыл болып, Бақтыбайдың аты ұранға айналады. Содан бастап Шекті жұрты жауға «Бақтыбайлап» шабатын болған. Бұл кезде «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» қасіретінің жылдары, яғни 1723–1729 жылдары Бақтыбай 15–16 жаста болса, онда ол 1708–1713 жылдарда туған болып шығады. Егер Тама Есеттің 1667 жылы туып, 1750 жылы дүние салғанын ескерсек, Бақтыбайға батасын бергенде Есет ата 54–55 жаста көрінеді. Олай болса, ол уақыт 1723 жылға дөп келеді де, ал Бақтыбай 1708 жылы туған болады. Кейбір басылымдарда жарияланып жүрген құжаттарға сенсек, 1750 жылдың 5 маусымында Шекті – қырғыз батыры Бәйімбеттің асында Есет батыр Бақтыбаймен кездесіп, орыс отаршылығына қарсы халықты көтеру керектігі жөнінде пікірлесіпті деген қауесет бар. Бірақ дәл осы жылдың күзінде Есет батыр 83 жасында қайтыс болады. Осыдан кейін Бақтыбай батыр тек қана Шекті руының ғана емес, Әлім, Жетіру елінің басқа да батырларының басын қосып, бір тудың астына біріктіреді.

Екіншіден, «Үркер» романындағы көркем әңгімеге көңіл қойсақ, 1729 жылы Әбілқайырды ақ киізге орап, ақбоз атқа мінгізіп, үш жүзге әскер басы етіп тағайындағанда, Бақтыбайдың Әлім руының атынан киіздің бір бұрышын ұстағаны шындыққа жақын. Олай болса, Бақтыбай бұл кезде 18–23 жасар батыр болғаны ғой, онда оның 1706–1711 жылдар арасында туғандығы қисынға келеді. Ал осы Бақтыбай 1732 жылы наурыз айында Хиуаға кетіп бара жатқан полковник Гарбердің керуеніне шабуыл жасаған кезде

24–25 жас шамасындағы жігіт екен. Онда жазушы Әбіш Кекілбаевтың «екі беті нарттай, көзі жайнаған, төртбақ қара нардай» деген кескіндемесі батырдың жас шамасына сәйкес келеді. 1740 жылдары Бақтыбайдың өз елінде «Би» сайлануы да жасына үйлесіп тұр емес пе?

Енді, Бақтыбайдың қаза болуына байланысты бірекі ауыз өңгіме. 1767 жылы қайтыс болуы мүмкін деген сөзімізді жандандырайық. 1750 жылдардың аяғына таман Әлім руы патшаның шенеуніктерінің қысымына шыдай алмай, Ор өзенінің бойын құлдилап, Сағыз, Жем, Темір, Хобда өзендерінің төменгі сағасын, Мұғаджар тауының терістік беткейін жайлаған. Олар осы жерде Хиуа ханының шонжарларымен, Еділ қалмақтарымен жазғы жайылым, мал суаттарына таласып, ылғи қырғиқабақ соғысуда болады. Осы кезде ел ортасынан шыққан ақын-жыраулардың:

*«Біздің ел отырады Хобда жайлап,
Қоңынан жайылады бота – тайлақ.
Әлімнің найза ұстаған батырлары,
Жауына аттанады «Бақтыбайлап»,*

– деген шумақта терең сыр, тарихи мән жатқан жоқ па?

Тарихи мәліметтерге жүгінсек, «Қазақтың көне тарихы» деген кітапты жазған, Қытайда тұратын қазақ тарихшылары былай дейді: «1667 жылдың қаңтарында Хиуа ханы, түрікпен басқыншылары Жем бойында қыстап отырған қазақтарға тұтқиылдан тиісіп, Кіші жүз Адай руының мың адамын өлтіріп, үш мың адамын малымен қоса айдап кетті» деген деректер келтірілген. Ол кезде Шекті руы Бақтыбай бидің де қыстауы адайлармен аралас-қоралас болды. Тағы бір дәлел. Жазғытұрым Бақтыбайдың өлігін тапқандар былай деген көрінеді: «Өлгендердің барлығы да бұзылып кеткен, тек қауға қарасақалы беліне түсетін, үстінде тон, ірі, еңгердей бір кісі ғана сол күйінше жатыр. Тап осы қазір ғана жан тапсырғандай». Осыған қарағанда, қыстағы соғыста мерт болған Бақтыбай үстіндегі тонымен жазға дейін бұзылмай сақталуы да мүмкін. Бұл жорамалға тағы бір қосымша, оның Жем өзенінің бойына (Ақтобе облы-

сы, Жарқамыс елді мекені, Атырауға жақын) жерленуі де осыны анықтай түседі. Әрі осы қорымның «Қарасақал әулие» деп аталуы оның денесінің қыс бойы бұзылмағанын растайды. Сондықтан да қазақтардың: «Бұл өзі, сірә, тегін адам емес, әулие шығар» деп жорамалдауында бір гәп бар.

Ал енді, бізге жеткен ел аузындағы аңыз былай дейді: Бөкенбай батыр шешесіне ас берем деп ту биелер сойғызып, елдің батыр, билерін жинайды. Осы жиында байлар мен батырлар бас қосып, мәслихат өткізеді. Мәслихат үстінде Бақтыбай Еділ бойындағы Құба қалмақтардың дариядан өтіп, қазақ жерін баса-көктей Жоңғар қалмақтарына қосылу үшін шығысқа қарай жөңкіліп көше бастағанын, ал олар жол-жөнекей бейбіт отырған қазақ ауылдарын шауып, талан-таражға түсіретін түрлері бар екенін айтады. «Сондықтан жау жолынан уақытша қоныс аударып, бөлек отырайық» деп, ақыл-кеңес береді. Мұны Кіші жүздің көп ру басылары мақұлдап, қалмақтардың жолынан аулақ кетеді. Әсіресе Кете Әжібай, Назар Шағатай, Жекей рулары бастаған көш Ташкент жағына барып, тәуір қоныс тауып байып кетеді. Байлықтан малдарын жеткізе алмай, ата қонысы Жем бойына үш жылда әрең жетеді. Ал табын Бөкенбай батыр болса, Бақтыбайдың айтқан ақылын істемей, өз қонысында отыра берген. Оның елін көшіп баратқан қалмақтар шауып, өзін өлтіріп, малын айдап алып кетеді. Тарихи деректерге сүйенсек, Құба қалмақтарының Еділ бойынан көшкен кезеңі 1771 жылдарда болған. Бақтыбай осы қалмақтармен Атырау қойнауында, Жем бойында соғысқан. Осындай шабуылдардың бірінде мерт болуы да мүмкін. Бұл да өлі шешімін күтіп тұрған жұмбақ.

Жоғарыда айтылған барлық салыстыруларды ескеріп, тарихи деректерге жүгіне келіп, менің пікірімше, Бақтыбай бабамыз 1706, Ит жылы дүниеге келіп, 1767 жылы қаңтар айында, яғни Ит жылы, 61 мүшелі жасында қайтыс болған дегім келеді. Ал, мұны мен нағыз шындыққа сияды деп тағы да айта алмаймын, себебі, бұрын да айтқанмын, Бақтыбайдың туған, өлген жылдары жөнінде жазбаша деректер мұрағаттардан өзір кездескен жоқ.

Ендігі жерде Бақтыбай бабамыздан тараған ұрпақтарға тоқталайық. Атамыз үш әйел алған, одан он балалы болған (қазақтар қызды есепке алмаған, оны бала деп атамаған. «Қыз – жат жұрттық» деген осыдан қалған). Осы балалары жөніндегі деректер әр түрлі. Мысалы, Меркебай Бақтыбайда он бала болды дейді де, оны үш әйелден былай таратады: Бәйбішеден төрт бала: Асан, Құдас, Қараша, Дәулетбай. Екінші әйелінен: Есалы, Көшебелі, Кенжалы, Кенжебай деген ұлдар. Жаугершілікте қалмақтың бір батырының қызын алған. Осы қалмақ шешемізден Ералы, Серәлі деген екі ұрпақ көрген. («Азия» газеті, 1993 ж., қараша айы, № 45.). Бізге жеткен енді бір шежіреде оның үш әйелінен он бір ұрпақ туған дейді, оның ішінде қалмақ шешемізден үш бала болған, олар – Ералы, Серәлі және Жәміт деп көрсетеді. Ал менің Құнтөлеу әкем айтқан әңгімесінде Бақтыбайдан тұқым тараған балаларын ғана атады. Олар: бәйбішеден туған Асан, Құдас, Қараша деген үш бала, екінші әйелінен Есәлі туған (ол менің арғы атам болады). Ал үшінші әйелінен Ералы мен Серәлі туды деген. Соңғы екеуі Бақтыбай өлгеннен кейін Құдас атамыздың қошіне ермей, Мұғаджар тауының теріскей етегі мен Жем өзенінің бойын жайлап қалып қойған. Қазір оның балалары Ақтөбе облысының Мұғаджар, Қандыағаш, Темір және Алға аудандарында тұрып жатыр, көп өспеген тұқымдар. Өздеріңіз көріп отырсыздар, менің әкемнің айтуынша, Бақтыбайдың үш әйелінен алты бала болады. Мұны да өзінше түсінуге болады. Себебі, қазақтар ұрпағы тарамған ұлдарды ауызша шежіреде ұмытып кетіп отырған сияқты. Ал, мен өз басым Меркебайдың Бақтыбай атамыз он ұрпақ көрді деген сөзіне қосыламын. Мана Дәулетбайдың тағдырын патша шенеуніктеріне жазған Нұралы ханның хатынан естідік. Ол сол құлдықтан қайтпаған сияқты. Одан ұрпақ бар ма, жоқ па, бізге белгісіз. Көшебелі, Кенжалы, Кенжебай деген үш баласы жастайынан өлген, олардан ұрпақ болмаған. Бізге жеткен аңыз әңгімелерге қарағанда Асан деген үлкен баласы 23 жасында, әкесі Бақтыбайдың тірі кезінде, соғыста қалмақтың қолынан қаза тапқан. Ол жөнінде ел ара-

сында мынадай аңыз бар: «Әке — балаға сыншы» дегендей, Бақтыбай үлкен баласы Асанға ерекше көңіл аударады. Асан болса, ер тұлғалы, аттың құлағында ойнайтын шымыр да, епті бала болып өседі. Күндердің бір күнінде, Қызылбас руынан шыққан Ералы батыр қалмақтан кек қайтару үшін Бақтыбайдан көмек сұрауға оның ауылына келеді. Алайда, Бақтыбай өзінің кәрілігін, оның үстіне Асанның Қарақалпақ еліне кіре тартып кеткенін айтып, көмек беруден бас тартады. Әлгі батыр да қулығы өзіне жеткілікті болса керек, керуен жолын тосып жата береді. Бір күндері керуен де келіп жетеді. Күншілік жерден алдынан шыққан Қызылбастың батыры Ералы өз жағдайын айта келіп, Асанға қолқа салады.

— Әкемнің рұқсатынсыз ешқайда бармаймын, — дейді Асан.

— Сені батыр екен десек, тоқалдың жас иісін аңсап келе жатқан бірдеңе болдың ғой, — деп қытығына тиеді Қызылбастың батыры.

— Ендеше құзырыңызға құлдық, жол бастаңыз, батыр-еке, — дейді Асан.

Сөйтіп, екеуі жолға аттанады. Неше күн, түн жүріп, қалмақтың бейқам жатқан ауылына тұтқиылдан тиісіп, малдарын айдап кетеді.

Олар малды екі күн үдере айдаған соң, Қызылбас батыры Ералы тынығып алуды ұйғарады. Асан қойдың жауырынына қарап, болжам айтады:

— Батыр-еке, артымызда қуғыншы бар.

Ералы қу жауырынды қолына ұстап тұрып:

— Менің білуімше қуғыншы жоқ, өзінді батыр десем, немене!.. — деп кекетеді.

Асан:

— Ал, ендеше қашқан қатын болсын, — дейді де, атын шідерлеп қойып қостанып жатады.

Олар бейғам тынығып жатқанда, қалмақтар сау етіп үстінен түседі де, қолма-қол шайқас басталып кетеді. Асан бір шидің түбін паналап, қорамсақтағы оғы таусылғанша қуғыншыларды жайрата береді. Ал, Ералы жан сауғалап, жайдақ атпен қаша жөнеледі. Каспий теңізі мен Үстірт аралығында әлі күнге дейін «Ералы

қашқан» деген жер бар. Бақса, қалмақ қуғыншылары бұл батырлардың жауырыншы екенін біледі екен де, ердің басын теріс қаратып ерттепті. Себебі, жауырынмен бал ашқанда ер басының бағыты көрінеді екен. Ералының «қуғыншы жоқ» деуі осыны меңзесе керек.

Қалмақтар ақыры Асанды қолға түсіріп, ат құйрығына байлап әкетеді.

Керуен басынан болған жайды естіген Бақтыбай біраз налып, қайғырады. Артынан Асанның жағдайын білмек болып, қалмақтарға елші жібереді.

Сонда қалмақ ханы былай депті:

— Бұл өзі нағыз ноян жігіт екен. Біздің ешқандай сұрағымызға жауап бермеді. Құдды, тілі кесіліп қалғандай. Амал жоқ, қанға-қан ретінде басын алдық. Оның Бақтыбай баласы екенін білгенде, жанына сауға берер едім.

Сонда Асан небәрі жиырма үш жастағы балаң жігіт екен. Бұл оқиға Бақтыбайды қатты күйзелтеді. (Мұқанбетөли Есмағамбетов. «Бақтыбай баба», «Шалқар» газеті, 1992 жыл, 8 шілде).

Сүйікті ұлынан айырылып, қабырғасы сөгілген Бақтыбай батыр қалмақ басқыншыларына қарсы ұзақ соғыс бастаған. Сондай шайқастың бірінде қалмақтың бас батырымен жекпе-жекке шығып, ат үстінен оның басын шауып түсіреді. Әлгі қалмақ батырының малын айдап, қызын әйелдікке алады. Сөйтіп, сүйікті баласы Асанның өлімі үшін қалмақтардан кегін осылай қайтарған екен, — деген халық аузында әңгіме бар.

Бақтыбай өлген соң, оның екінші баласы Құдас би болған. Ол ақылды, ұстамды, мінезі елге жайлы болған деседі. Бақтыбай заманында ел қонысы — берісі Атырау жерін, Сағыз, Жем, Темір өзендерінің бойын, әрісі Астраханға дейін алып жатқан Жетіру, Шекті елдерінің Еділ қалмақтары мен башқұрттардың, мына жағы Маңғыстау түбегінен түркпендердің дүркін-дүркін шабуылдарына тойтарыс берер қақпа алдында көшіп-қонып, бар ауыртпалықты өздері көтеру себебі де сондықтан болар. Осы Құдас би тынымсыз соғыстан әбден қалжырап, ығыр болған елін жаңа қонысқа аударуға мәжбүр болса керек.

Малға жайлы, елге берекелі жер іздеп Жем, Темір өзендерінің төменгі сағасына, Мұғаджар тауының оңтүстік бетіне, Ұлы Борсық құмына қарай, Сыр бойы – Ақша-тауға дейін көшіріп апарған. Бұл жөнінде ел аузында сақталған:

*Жем, Темір басы бұлақ, аяғы өлке,
Айт, Бұжыр мекендеген оны ерте...*

деген қанатты сөздер бар.

Бірақ, Бақтыбай ұрпақтары келе-келе орыс патшасының отаршылық саясатына, зорлық-зомбылықтарына шыдай алмай, 1780 жылдардың басында ығыса-ығыса тағы да қоныс аударып, Арал теңізінің күн батыс жағалауындағы Құланды түбегіне ойысады. Жазда осы Құланды түбегін жайлайды, ал қыс түсе Арал теңізінің мұзы қатқан кезде Барса-Келмес аралына өтіп, соны қыстау қылады. Себебі, теңізден ескен жылы ауа аралда қыста малға шөп дайындамай, тебінге жайылып шығуға мүмкіндік беретін еді. Бұл жерлерге Бақтыбайдан тараған Асан, Құдас, Қараша, Есалы балаларының ұрпақтары келді, ал қалмақ шешемізден туған балалардың тұқымдары, мана айтқанбыз, Мұғаджар тауының қойнауында қоныстанып қалды. Кешегі Қазан революциясынан кейін күн көріс қамымен, атап айтқанда, отызыншы жылдардағы ашаршылық пен Ұлы Отан соғысы жылдарында біздің бабамыздың ұрпақтары әр жерге қоныс аударып, тарап кетті. Біздің пайымдауымызша, қазір Бақтыбайдан тараған ұрпақтар үш жүз жан ұяға жетті. Олардың көп тұрақтанған қоныстары Ақтөбе, Қызылорда, Жамбыл облыстары мен Өзбекстанның Қарақалпақ автономиялық республикасының аудандарында. Қазақстанның оңтүстік астанасы Алматы қаласында Бақтыбай ұрпақтарынан мен білетін жеті-сегіз жан ұялары бар. Олар: Манатауов Дүйіс – химия ғылымдарының кандидаты, қазақтың қыздар институтында доцент болып қызмет істейді. Оның әйелі Қамқа, Шекті руының Жақайым тайнасынан, қазір зейнеткер. Балалары Мәлік, Талғат – кішігірім кәсіпкерлер. Сақанның баласы Аманғос (фамилиясы Сердалиев) құры-

лысшы, әйелі Жамал балалар бақшасының меңгерушісі, баласы Арман өке жолын қууда. Ибаштың баласы Алтыбай, энергетика құрылысы саласында істейді. Көденнің баласы Сақып Жұбаньш ақсақалдың немересі, кезінде Астрахан қаласындағы балық институтын бітірген. Қожамбергенев Ахметжан, Оңдасынның немересі Төлеудің үлкен баласы, одан екі бала: Бауыржан, Әділжан. Жоғары оқу орындарда оқиды. Бақтыбайдың жоғарыда аты бірнеше рет аталған Есалы ұрпағынан тараған Құнтөлеудің балаларынан үш жан ұя бар, олар жөнінде осы кітаптың келесі тарауында әңгіме болады.

Осы тұста Бақтыбай «ұраны» мен «таңбасы» жөнінде бірер сөз айта кетсек, артықшылығы болмас. Тарих қойнауына үңілсек, түркі тілдес халықтарда сөзұранның айбыны өте күшті болған. Бертін келе олардың ортақ ұраны – Алаш болған. Алашқа – түрікпен, өзбек, татар, башқұрт, қазақ, қырғыз кіреді. Осылар бірігіп дүниеге алты алаш болып жайылған.

Алаштың ұранға айналуы жайлы көне тарихта екі түрлі дерек бар. Оның біріншісі: Моңғол хандары қарауындағы жасаққа: «біз Аленше ханның баласымыз, жауға шапқанда «Аленше» деп шабыңдар, сонда жеңіске оңай жетеміз», дейді екен. Сол сөз келе-келе «алаш» болған дейді.

Екіншісі: Жоңғарлар Ахмет ханды «Алаш» деп атаған. «Алаш» – қалмақша жан алғыш, қанішер деген сөз екен. Қазақ пен қалмақ жауласқанда Ахмет хан: «Жауға Алаштай шабыңдар, сонда жау қашар» дейді. Содан бері «Алаш» сөзі ұран болған деген аңыз бар.

Бертін келе әр халықтың, тіптен әрбір рудың өз ұраны болғаны тарихтан белгілі. Яғни жауға шапқанда өздерінің пір тұтатын аруақтарын, ата-бабаларының атын «ұран» ғып, ұрыс даласын күңірететін болған. Қай жақтың ұраны басым естілсе, көбіне сол жақ жеңіске жеткен. Сонымен қазақ руларының мынадай ұрандары болған: Төренің ұраны – Арқар, Қожаның ұраны – Алла, Керейдікі – Қабанбай, Байұлында үш ұран: Беріштікі – Ағытай, Алашанікі – Байбарақ, Адайдікі – Шағырай-Бекет, Табындікі – Тостаған, Таманікі –

Қарабура, Жағалбайлынікі – Манатау, Шөмекейдікі – Дәйт, Төртқаранікі – Айыртау, Шектінікі – Бақтыбай.

Әбіш Кекілбаев манағы айтылған «Әйтеке би» атты еңбегінде: «Қазақ ұлыстары тек сұлтандардың ықпалында кетпес үшін әр ұлыстың өз ұлысбегі, өз қолбасшысы, өз пірі болды. Оның біреуі «Арқар» ұранды төреден, біреуі «Алла» ұранды Қожадан, біреуі «Алаш» ұранды қарадан қойылды» – дейді. Демек Бақтыбайға дейінгі алты аталы Әлімнің де ұраны «Алаш» болған. Бақтыбай баба қай кезде ұранға айналды: оған дейін Шектінің ұраны «Құл» болғанын жоғарыда айтып өттік. Аңызға сенсек, жас Бақтыбай батыр жауға шапқанда айнала мұнартып, тұмандатып, жаудың көзі көрмейтін болған. Ал жас батыр оңды-солды қыра берген. Бұған риза болған Құл батыр: «Мен қартайдым. Мынау Бақтыбай – тегін бала емес, алла тағала мұны бөлек жаратқан. Ендігі ұрандарың «Бақтыбай» болсын деп батасын берген екен дейді. Содан Бақтыбай бабамыз бүкіл Шектіге ұран болған. Оның халық пір тұтатындай, елі сүйетіндей қасиеті болған деп ойлаймыз. Жаңағы айтқан Құл батырдың бейіті Арал теңізінің жағасындағы Құланды түбегінің Қазалы бөлімшесіндегі қорымда. Ол жер Төбе бұлақтан 15–16 шақырым жерде. Біздер балалық шағымызда ол бейіттерге талай рет барғанбыз. Бұл қорымда Бақтыбай бабаның талай ұрпақтары жерленген. Топырағы торқа болсын, марқұмдардың!

Әрбір рудың өзіне тән таңбасы болғанын жоғарыда айтып өттік. «Таңба» – барлық қазақ жүздеріне қатысы бар, өмірге ерте келген дәстүр екенін білеміз. «Таңба» басу қашан, қай жерде шыққаны да белгісіз. Тек белгілісі – түркі тілдес халықтардың көне жұртынан табылып жатқан таңбалы тастар. Осы таңбалардан байқағанымыз: әуелі ірі тайпалардың таңбасы болғанға ұқсайды, кейін осы тайпаның құрамындағы рулар әлгі ортақ тайпа таңбасы негізінде өздеріне тән таңбаларды жасай бастағанға ұқсайды.

Осыған орай зерттеуші ғалымдар қазақ халқының этникалық құрамына кірген тайпа-рулардың таңбаларының бір-біріне ұқсастығы сол тайпа-рулардың түп негізінің бір екенін көрсетеді деген пікірге келген.

Олардың дәлелдеуінше, негізгі бас тайпаның өзіндік белгілі бір таңбасы болған, ал одан кейін бөлініп шыққан, немесе сырттан келіп қосылған рулар әлгі негізгі тайпалық ортақ таңбаға қосымша бір белгі салу арқылы өзінің жаңа таңбасын жасаған. Міне, осы арқылы әлгі негізгі таңба мен кейін одан туындаған қалған таңбаларды салыстыру тәсілімен қазақтың тайпа-руларының бұл күнде қай жүздің құрамында жүргеніне, қай аймақты мекендейтініне қарамастан, бастапқы шыққан төркінінің кім екенін анықтауға мүмкіндік береді. Әр таңбаға зер салып қарасақ, қазақтың тайпарулары бастапқы екі-ақ белгіден жасалғанын көреміз. Оның біреуі — қысқа, шағын таяқша сызық. Осы таяқша сызық дара күйінде «көсеу» деген мағынаны көрсетеді, ал оған түрлі қосымша сызықтар қосу арқылы туынды жаңа таңбалар пайда болған. Осыған орай осы жаңа таңбаларға жаңа атаулар берген.

Мысалы, I — көсеу, II — қос әліп, X — ашамай, V — бақан, III — тарақ, т.с.с. Екіншісі: Шағын дөңгелек сызық. Оның жеке өзін «тостаған» деп атаған. Осы O таңбаға түрлі белгілер қосу арқылы жаңа мағынадағы таңбалар жасалған. Бұларға да түрлеріне қарай жаңа атаулар берілген. Мысалы, O — тостаған, OO — көз, O жоғарғы шекті, O — төменгі шекті т.с.с.

Тағы бір айта кететін жәй, осы негізгі екі белгі арқылы — таяқша сызық пен дөңгелек сызық таңбаның өзара қосылуынан туындайтын құрама таңбалар. Олардың жасалу жолы да екі түрлі. Бірі жоғарыда айтылған екі түрлі таңбаларды тұтас күйінде қосу арқылы, ал екіншісі осы таңбалардың жартысын алып, бір-біріне қосу арқылы жасалынған. Мұның соңғысы, мысалы Ұлы жүздің Шымыр руының таңбасымен анықталады. Екі түрлі таңбаны түгел қосу арқылы жасалатын таңба Керей руының крес таңбасы мен Дулат руының тостаған таңбасының қосындысы мысал бола алады.

Бұлардан бөтен, сыртынан қарағанда осы негізгі таңбаларға қатысы шамалы, өзіндік бөтен өрнегі бар таңбалар тобы да кездеседі. Мұндай таңбаларды Орта жүздегі Садыр, Матай, Кіші жүздегі Қаракесек, Шөмекей, Шекті руларынан кездестіруге болады. Мысалы,

«Ана тілі» газетінде басылған қазақ халқының «Төл шежірелері» кестесінің 39 реттік санында Шекті таңбасы «Адалбақан», ұраны «Бақтыбай» деп көрсетілген (1990 ж., 21 наурыз, № 12). Ал, М. Тынышпаевтың маңағы аталған еңбегінде, жинаған таңба мен ұрандарында Кіші жүздің Шекті руының таңбасының түрі басқаша суреттелген. Ол таңбалармен берілген, ұраны «Бақтыбай» деп дұрыс көрсетілген. Осы таңбаларды кітапта сызып көрсеткенде, қате кеткен сияқты. Шынында Шекті руының таңбасы «тостаған», дөңгелек сызық – О.

Мен есімді білген кезімде әкем Құнтөлеудің Бақтыбайдың таңбасы – «Адалбақан» деп аса таяққа сызып, белгі салып жүргенін көргенмін. Жүрген жерінде оны қолынан тастамайтын. Ол былай X сызылып жасалған-ды. Ол таңбаларды біз кезінде Бақтыбай ұрпақтары жерленген көне бейіт бастарынан да кездестіргенбіз. Оны халық Бақтыбайдың таңбасы деп құрметпен атайтын. Оның дұрыс-бұрыстығын келешекте тарих таразысы өз елегінен өткізе жатар.

Бақтыбай

ұрнағы-

өзім туралы сыр

Ж айран балдәурен, балауса, қызығы мол балалық шақ! Оған да жарты ғасырдан астам уақыт өтті. Менің балалық шағым екінші дүниежүзілік соғыстың азабы мен қасіреті мол жылдарына түспа-түс келді. Туған табиғаттың сөнбес суреттері – Қазақстанның кеңбайтақ жазық даласы, Арал теңізінің оңтүстік-батыс жағалауы, оның Құланды деген түбегі... Біздің аталарымыз қоныстанған, шөбі қалың өскен осынау ми далада құландар жайылып жүреді екен. Құлан – жабайы жылқы. Алыстан қарасаң көркіне көз тоймайтын теңіздің осы бір тамаша сұлу көрінісі, біріне-бірі ұқсамайтын жағалаулары күні бүгінге дейін менің көз алдымда. Құланды түбегінің оңтүстігі мен солтүстігінің арасы небәрі он-он бес шақырымнан аспайды. Оның бір жағы балықшылар қоныс тепкен «Жаңа жол» ұжымдық шаруашылығының «Қазалы» атты бөлімшесі, екіншісі, Барса-Келмес арал жақ беті Ақеспе деп аталатын жер. Ол – біздің аталарымыздың Қазан төңкерісіне дейінгі жазғы жайлауы. Осы Қазалы бөлімшесі менің кіндік қаным тамған жер, еңбекші кедей шаруаның (балықшының) жанұясында дүниеге келген жер, өзімнің балалық шағымды өткізген жер. Қаһарлы соғыс жылдары аш-жалаңаш жүрсек те, арқадан ызғар өтсе де, сол бір аңырап соғатын жел мен бет қарыған аяз мөңгі есімде қалыпты. Бұл менің балалық шағымның қуанышқа толы ең жақын, ең қимас жылдары еді. Сондықтан да балалық шақ менің жүрегімде ошпес із қалдырды.

Менің туған жерімді көздеріңізге елестету үшін ең дұрысы географиялық деректерге сүйенген жөн. 1853 жылы Ресей географиялық қоғамының жаршысы, белгілі теңіз саяхатшысы, географ А. И. Бутаковтың

жазбаша күнделігі жарияланды. Ол 1848—1849 жылдары «Константин» және «Николай» деген екі жеңіл қайықпен Арал теңізінің қойын-қонышын түгел аралап шыққан болатын. Бұл кезде Арал теңізінің оңтүстік жағалауына Ресей империясының Хиуа хандығы мен Қазақ көшпелі руларының шекаралары келіп түйісетін. Осы А. И. Бутаковтың күнделігі арқылы біз Құланды түбегі мен Барса-Келмес аралында істелген зерттеу жұмыстарының куәсі боламыз және оған Орынбор гарнизонынан жер аударылып келген қатардағы жауынгер, украин халқының ұлы ақыны Т. Г. Шевченконың қатысқанын қуанышпен еске аламыз. Күнделіктегі жазулар бізге Құланды түбегінің мидай дала екенін, онда тұратын халық су тапшылығынан жиі-жиі қоныс аударып, көшіп-қонып жүретінін баяндайды. Бақтыбай бабаның үлкен ұлы Құдас бидің Еділ қалмақтары, башқұрттар шабуылынан және орыс шенеуніктерінің зорлық-зомбылығынан шаршап қалжыраған елін осы Құланды түбегіне көшіріп алып келгенін алдыңғы тарауларда айтқан болатынмын.

Сонымен бұл түбек біздің ата-бабаларымыздың төңкеріске дейінгі қонысы болып келді. Олар жаз айларында мал жайылымының ыңғайына қарай түбекте көшіп-қонып жүреді екен де, қыс түсе, мұз бекіген кезде Барса-Келмес аралына барып паналайды екен. Теңізден соғатын ауаның жылы лебінен аралдың қысы жұмсақ, тебіндегі малға жайлы болыпты. Мұның өзі шаруа адамын қысқа шөп дайындау бейнетінен құтқарады екен. Міне осы бір жақсылығы мен жамандығы, қуанышы мен қайғысы бірдей атажұрт маған дүние есігін ашыпты. Өмірге алғаш қадам басқан табанымның мөрі осы өңірде қалды. Содан бері не көрмедік, ол туралы әңгіме алда.

Енді өлгі А. И. Бутаковтың жазбаларына кезек берелік. Әйгілі теңіз саяхатшысының кемелері 1848 жылдың 4—21 тамызы аралығында Құланды түбегінде, Барса-Келмес аралында болып, зерттеу жұмыстарымен шұғылданады. Ал осы экспедицияның қатардағы мүшесі, украин халқының ұлы перзенті Тарас Григорьевич Шевченко болса бұл кезде Арал теңізінің таңға-

жайып табиғатын қағазға түсіріп, жергілікті тұрғындардың балаларымен бірге асыр салып, ауыл ақсақалдарының әңгімелеріне сусындап, өзіне өмірлік рухани нәр алады, халықтың тұрмыс жағдайымен танысады. Ұлы абыздың қазақ қызы «Катя» атты кескіндемесі осы сапардың өсерінен тууы мүмкін.

Одан өрі теңіз зерттеушілері: А. И. Бутаков – кеме капитаны, орыс патшасының офицері, орыс тілін біршама жақсы білетін, отыз бес жастағы қазақ жігіті Сырамбек, украина халқының ұлы ақыны Т. Г. Шевченко (ол кезде жер аударылған, Орынбор гарнизонының қатардағы жауынгері), штаб капитаны Макшеев, штурман Акишев, медицина қызметінің аға фельдшері Истомин және тағы екі матросы бар жеңіл кеме Барса-Келмес аралына келіп жетеді. А. И. Бутаков күнделігінен біз Барса-Келмес туралы Сырамбек айтқан ауызекі әңгімені кездестіреміз. Енді соған тоқталайық.

Аңыз бойынша осынау жауынгершілік заманда басқыншылардан бас сауғалап, пана іздеген бірнеше қазақ жанұясы осы аралға қашып барса керек. Ол қыс кезі екен, шұбырған адам мұз үстімен аралға аман-есен жетіпті. Бірақ бірсыпыра уақыт өткен соң, ел жаңа жерге қоныстанып, есін жия бастаған кезде күшті боран соғып, мұз айырылып кетеді де, көшіп барған жұрт кейін қарай Құрлыққа шыға алмай қалады. Қыста малдарын сойып жеп, қар суын ішіп, сексеуіл жағып күнелтеді. Ал жаз шыға жүт басталады: су шығатын бұлақтар кеуіп қалады, ауызсусыз қалған адам да, мал да қырылады. Көшіп барған елден құрлыққа ешкім оралмаса керек. Осыдан арал Барса-Келмес аталып кетіпті деседі.

Осы саяхатшылардың айтуынша, Барса-Келмес аралының ол кездегі ұзындығы 28 шақырым, ені 11 шақырым, аумағы 180 шаршы шақырымға жуық болған. Ал осыдан бір жарым ғасыр бұрын Аралдың ұзыны – 428, ені – 235 шақырым, аумағы – 690 мың шаршы шақырым, суының көлемі бір мың текше шақырым, тереңдігі 20–25 метр, қайсы бір жерлерде 67 метрге дейін жеткен деседі. Сонымен қатар теңізде

300-ге жуық кішігірім аралдар болғанға ұқсайды, оның ішіндегі ең үлкені жаңағы біз айтқан Барса-Келмес.

Арал теңізі кезінде балыққа бай болған, онда балықтың ондаған түрі өскен (Теңіз саяхатшысы А. И. Бутаковтың 1848—1849 жылдардағы Арал теңізіне сапары туралы күнделіктері. Өзбек ССР-і ҒА баспасы, Ташкент, 1955, 4-бет, орыс тілінде). Ал Арал теңізінің қазіргі қасіретін оқырмандар жақсы біледі. Біз оған тоқталғымыз келмеді.

Біздің ата мекеніміз, Құланды түбегінің оң жағасы қалың тоғайлы, бұта басқан жар қабақ болып келеді. Жазық жерлерде жусан өседі, ал одан әрі, құрлық қойнауында еспе күм көсіліп жатыр. Түйе малының сүйіп жейтін азығы жантақ көп өседі. Ата-бабамыздың төңкеріске дейінгі кәсібі мал өсіру болғаны аян. Түйелі, жылқылы, қойлы ауыл болыпты.

Бұл маңдағы жерлердің тағы бір ерекшелігі бар. Барса-Келмес аралының табиғаты Құланды түбегіне ұқсас болғанымен, біраз айырмашылығы байқалады. Аралда сексеуіл, жыңғыл, жиде ағаштары көп шығады. Олар қыста әрі ық, әрі малға азық, әрі отын орнына жүреді. Осы аралда менің атам, Құнтөлеудің әкесі Тағанияз жерленген бейіт бар. Шамасы қыс айында қайтыс болса керек. Мен атамды көрген емеспін, ол кісі ертеректе, мен тумай тұрып қайтыс болған. Мен әжемді де көрген жоқпын. Аты Жаңыл, Қабаққа сіңіп кеткен Қырғыз руының Бәйімбет атасынан. Әкемнің айтуынша, әжеміз қырық жеті жасында, жаз айында, түйе сауып тұрғанда, жүрек ауруынан кенеттен қайтыс болған. Ол кездері жаз жайлауымыз маңағы айтқан Ақеспеде болған. Әжеміз сол жердегі жар қабаққа жақын қорымға жерленген. Менің бала күнімде әкем мынау әжеңнің бейіті деп үйілген тастан жасалған моланы көрсетіп, құран оқығаны есімде.

Осы кітапқа кіріскеннен кейін мен Арал теңізінің қойнауын, соның ішінде менің балалық шағым өткен Құланды түбегіндегі жерлердің даму тарихын баяндайтын мұражайларда сақталған азды-көпті деректермен және баспасөзде жарияланған басқа да құжаттармен

таныстым. Әсіресе қазақтың белгілі жазушысы әрі ағамыз Әбдіжәмил Нұрпейісовтың «Қан мен тер» романына тереңірек үңілдім. Сөйтіп жүріп туған өлкеме қатынасы бар көптеген егжей-тегжейлі мәліметтерді кездестірдім, ол деректер менің туған жерге, осы бір жүрекке ыстық жазық далаларды алғаш мекен еткен ата-балаларымызға деген мақтаныш сезімімді бұрынғыдан да күшейте түсті. Иә, мен ұлы даланың, ұлы атаның перзенті екенмін.

Құланды түбегі... Оның қойнауында табиғаттың қаншама сыры жатыр десеңізші! Мұның бәрі, әрине, бала кезде ойға келген емес. Бірақ арада көп жыл өткен соң, талай жерді аралап, талай елдің дәм-тұзын татқан соң туған ел, байтақ жердің бір қуыста жатқан кішігірім түбегі ойға еріксіз орала берді.

Басқаша болуы мүмкін де емес! Неге десеңіз бұл жердегі көп оқиға біздің жанұяның өміріне де байланысты өтті. Осы Құланды түбегінде менің атам Тағанияз, әжем Жаңыл, әкем мен шешем дүниеге келіпті. Осы жерде бұрын Құлдың басы деген ата қоныста, шешем Нақжанның айтуынша, мен тусам керек. (таңға жақын туыпшын). Арал қаласындағы порттан шыққан теңіз жүк кемесінің біздің тұрған жерімізге жетуі осы мезгілге тура келеді. Кемені жүргізушілер ауылға келіп, неміс-фашист басқыншыларының отанымызға тұтқиылдан басып кіргені туралы хабар алып келген. Ол кезде біздің ауылымызда радио хабары жоқ, газет келмейді. Менің байқауымша, менің туған күнім шілде айы болса керек. Олай дейтінім менің туу туралы куәлігімде 1941 жылы шілде айының 5 күні деп көрсетілген, ал шындығында менің туған күнім белгісіз, оны әке-шешем де білмейді. Осыдан болар, мен туған күнімді ешқашан да атап өткен емеспін. Кейде қызметтес достарым, өзім жұмыс істейтін мекеме басшылары туған күнімді атап жатқанда, мен олардың көңілі үшін ылғи өз ризашылығымды білдіріп отырамын.

Ол кезде әкем балық аулайтын. «Жаңа жол» ұжымдық шаруашылығында балықшы (колхозшы) болып істейтін. Әкем жұмысты жақсы істеген, жоспарлы тапсырмасын артығымен орындағаны үшін Стахановшы

деген атаққа ие болған. Ал, шаруашылықтың өзі отызыншы жылдардың басында көшпелі халықты тұрақтандыру мақсатында құрылса керек. Оған дейін, әкешеміздің ата-баба қонысында мал бағып, көшіп-қонып күнелтіп жүргенін жоғарыда айтқанмын.

Мен олардың бесінші баласымын. Менен үлкен – Жұмагүл, Несібелі деген апаларым, ағаларым – Отарбай мен Түгелбай болды. Дәуренбай атты інім, Ажар мен Арзымхан деген қарындастарым менен кейін туды. Тұрмыстың ауырлығы, отызыншы жылдардағы ашаршылық, қасіреті біздің жанұяны да шарпып өтті. Апаларым Жұмагүл мен Несібелі, қарындасым Ажар жастай өліп кетті.

Қазақта: «Руыңды білсең – рухың риза» және «Түбін білмеген – түгін білмейді» деген нақыл сөздер бар. Жеті атасына дейін жазбай білетін халқымыздың айрықша зерек ойы осында жатқан жоқ па. Міне, сондықтан да көшпелі қазақ елінің жеті атасын жатқа ұстап, өсер ұрпағының келешегіне ерекше мән беретіні сондықтан болар. Әкесі қашанда ұлының тәуір болғанын қалайды ғой. Қан таза болады деп, жеті атаға толмай бір-бірімен қыз алыспайды. «Жеті Жарғыда» айтылған ата Заңы осылай. Әлгіде айтылған шежіре деректеріне сүйенсек, Бақтыбай бабам менің өзімді қосып санасам, жетінші атам болып келеді. Ал, енді өзіме дейінгі жеті атамды жіктесем, ол былай: Төлес, Бақтыбай, Есәлі, Жұмабай, Сәрсембі, Тағанияз, Құнтөлеу, Аманбай. Менің баламды, немеремді бұған қоссақ, Бақтыбай бабамыз қазіргі кезде біздің тоғызыншы атамыз болады.

Ол кездегі барлық жарлы адамдар секілді, менің әкешем де мүлдем сауатсыз еді. Екеуінің мінезі де бір-біріне ұқсас, момын адамдар болатын. Әкем бойында бұлқынған албырт күштің арыны бар, қызу қанды, жігерлі адам еді. Әрі қарапайым, мінезі орнықты, адамгершілігі мол, жұртқа қайырымды мырза кісі болатын. Ал шешем мінезі биязы, билік сөзге жоқ, от-басының тіршілігінен ауыспайтын, ерінің айтқанынан шықпайтын, қарапайым адам болды. Ол ғұмыр бойы қыңқ демей еңбек етіп, бар бейнетті, жоқшылықты үнсіз көтерген мықты, қайратты адам. Мен үшін екеуі де шексіз

қымбат, сондықтан да мен олар жөнінде перзенттік ыстық ықыласпен жылы сөзімді шын жүректен шыққан алғыспен арнаймын.

Менің әкем Құнтолеу-Тағанияз атамның үшінші баласы, 1903 қоян жылы туып, 1982 жылдың жаз айында (Ит жылы) 80 жасында қайтыс болды. Бейіті Ақтөбе облысы Мұғаджар ауданы Ембі қаласындағы үлкен қорымда. Осы қорымда, 39 жасында қайтыс болған менен үлкен екінші ағам Түгелбай (1939–1978 жж.) (өкесінен екі жыл бұрын дүниесалды), оның баласы Берікқали (жастайында өлген) жерленген. Әкемнің ағасы Елмақ, інісі Дүйсен, апа-қарындастары Сұлупан, Қарлығаш, Үмітетен, Арзымхан әр түрлі індет-аурулардан жас күндерінде қаза болған, олардан ұрпақ жоқ. Атамның үлкен баласы (менің әкемнің ағасы) Мұхамбетөліден Раушан, Айқын, Науша, Өтеулі, Төлеумұрат деген бес бала болған, олар да жастайында өлген, біреуінен де ұрпақ қалмаған.

Жанұяның барлық мүшелері секілді (атамның ерте қайтыс болғанын әлгінде айттым), әкем де балалық шағын түгелдей шаруа тіршілігімен өткізген, 12–13 жасынан бастап ағайындарымен бірге Жаманқалаға (қазіргі Орск қаласы) кіре тартқан. Өзінің айтуынша бұл жолға тек түйе малы ғана шыдайды. Жаз шыға қойдың жабағы жүнін қырқып алған бойда, қыста жинаған терілерін, жүн-жұрқаларын, ірімшік-күрт т.б. базарда отеді-ау деген заттарын түйелерге кебеже-кебеже ғылып артып алып, Жаманқала қайдасың деп жолға шығатын көрінеді. Ол жолдың қиын-қыстау, шым-шытырық, тонау тағы басқа қолайсыз жағдайлары жеткілікті болса керек. Ол жол жеті-сегіз жүз шақырымға ұласады екен. Осы әкелген заттарын орыс, татар, башқұрт көпестеріне түз, шөй, шекер, ұн, ыдыс-аяқ, сіріңке, сол сияқты шаруашылыққа аса қажет бұйымдарға алмастырып алады екен. Көп жағдайларда қаланың саудагерлері қазақтардың шикізаттарын арзан алып, өз тауарларын қымбатқа сатып пайда тауып, олжаға батады. Осыдан кейін бірнеше ай жүріп, жолда тоналмағандары елдеріне жетіп, қыстақ-қыстақты аралап, әкелген заттарын халыққа таратып, бірнеше күн

мейрамдайды екен. Әкеміздің осы кәсібі жиырмасыншы жылдың аяғына дейін, ұжымдық шаруашылыққа мүше болып кіргенше жалғасқан сияқты. Ұлы Отан соғысы жылдарында әкем еңбек армиясы қатарында болып, ол Арал жанындағы тұз шығару кенінде, Қарағанды облысындағы көмір өндіретін шахталардың бірінде жұмыс істеген. Кейінгі жылдарда да әкемнің тағдыры өзгере қоймады, өзі үйренген балық шаруашылығы ұжымында әр түрлі қара жұмыстар істеді. 1954 жылы денсаулығына байланысты колхоз жұмысынан шығып, өмірінің ақырына дейін жұмысқа қайтып оралған жоқ.

Менің шешем Нақжан Қабақ руының Қайыпберді атасынан тараған Зәкір деген сіңірі шыққан кендейдің қызы, 1913, Сиыр жылы туған. Шешесінің аты – Болған, Қабақтың Шанышқылы атасынан. Алайда шешемнің әке-шешесі ерте өліп, сегіз жасында жетім қалады. Оның өзінен үлкен апасы әкемнің құда түскен қалыңдығы екен, ол да сол жұтта шешек ауруынан қазаға ұшыраған. Қазақтың ескі дәстүрімен әкемнің шешесі Жаңыл әжеміз әкеме екінші қызын айттырады. Қазіргі біздің шешеміз Нақжан сол кезде тоғыз жастағы қыз бала екен. Әкемнің шешесі Нақжанның тұлдыр жетім екенін білгеннен кейін, қолына бала қылыш кіргізіп алады да, оны жасы көмелетке толғанша бағып-қағады. Сөйтіп, Нақжан 17 жасқа толғанда әкеме (Құнтөлеу ол кезде 27 жасқа толған) қосылады. Сондықтан әке-шешеміздің он жастай айырмашылығы бар, оның үстіне әкем кешегі күнге дейін шешемізді менсінбей, «тоқал», «бәлекей» деп мазақтап жүретін. Біздің шешеміз Нақжан қыз күнінен бастап, үйінен аттап сыртқа шықпаған. Бар көргені – өз үйі, балаларының тәрбиесі, тамақ асу, кір жуу, мал жайлау. Оның есесіне жасы ұлғайып, балалары қызмет бабымен әр жерге шашырағанда, шешеміз де Ақтөбе облысының Шалқар, Мұғаджар, Қарабұтақ, Ырғыз аудандарын, Ақтөбе қаласын, Алматыны шарлауына тура келді. Қазір, ол 84 жаста, Ақтөбе қаласында кіші баласы Дәуренбайдың қолында тұрып жатыр. Келіні Күлән, немерелері Азамат пен Әлия әжелерінің қасқабағына қарап отырады.

Жоқшылық, бейнет, оның үстіне балалары Жұмагүл, Несібелі, Ажар, Отарбай, Түгелбайдың өлімі шешеміздің тағдырына қатты әсер етті, бірақ ол сонда да тағдыр ауыртпалығына мойымай, от басының бар тіршілігін бөліп көтеріп, үй шаруасынан қалған жоқ.

Соғыс кезіндегі және соғыстан кейінгі жылдардағы ауыр жұмыс елмен бірге шешеміздің де басына түсті. От басының бар тауқыметі бір өзіне түскен кездері де болды. Өйткені қалайда лажын тауып бізді асырау керек еді ғой. Әкем соғыс жылдарында еңбек армиясы майданында жүргенде, Қарақалпақстанда тұратын Мұқаш деген кеме капитаны, жамағайынымыз, ашаршылыққа ұшыратпау мақсатымен шешемді төрт баласымен кемеге отырғызып, Қарақалпақстанның Мойнақ деген жеріне көшіріп апарды. Сол кездерде шешеміз отызға жаңа толған жас келіншек екен, күндіз-түні қоларбамен соғыста жүрген жауынгерлерге арналған тұздалған балықты кемеге тиейді екен. Тәулігіне 17—18 сағаттан жұмыс істепті. Бізді отқа күйіп қалмасын деп, үйдегі тіреулерге, немесе табалдырықтағы, босағадағы ағаш белдіктерге байлап кететін. Түнге қарай қамыр илеп күлше жасап, оттың қоламтасына көміп пісіретін. Күлше нан күл-күл болғанымен дәмді еді. Соның бір-бір жапырағын қолымен үзіп сындырып, балаларына таратып беретін. Әрине, ол қарын тойғызбағанмен әжеңтеуір қуат болатын. Ол кезде нан мен быламық кожеден (үннан жасалады) ботен тамақ болмайтын. Оған да шүкіршілік етеміз. Әкеміз соғыстан оралған соң, 1946 жылдың жазында бізді кемеге қайта мінгізіп, елге, өзіміздің кіндік қанымыз тамған Құланды түбегіне, атамыздың басына қайта көшіріп әкелді. Ол кезде мен бес жасқа жаңа толып, есімді біле бастаған болатынмын.

Киім-кешек жайы ойға кіріп те шықпайтын, біз бәріміз де жалаң аяқ, жалаң бас, шоқпыт киіп өстік. Мен мектепке барғанда Отарбай, Түгелбай үшеуіміздің ортамызда бір жаман кон етік, киізден тігілген құлақшын болды. Соны алма кезек, оқуға баратынымыз киіп кете беретін едік. Менің аудың жібінен тоқылған, шешем тігіп берген күртешем және шалбарым болды. Оны

салмастан киетін едім, тіпті ұйықтағанда да үстімнен түспейтін. Іш киім дегендерді атымен білмейтін едік. Осындай кезде де шешеміз ләм деп сыр берген жоқ, сол бір қалыпты мінезі өзгермейтін, тек жүзі қарауытып, уайымға салынатын, қабырғасы қайысып қатты күйзелуші еді, оны біз бала болсақ та сезетінбіз.

7—8 жасқа келгенде-ақ мен көп нәрсені көріп, көп нәрсені сезетін балалық сергектікті бастан өткіздім. Әлбетте, ол кезде мен тіршілік тауқыметтің мұншалықты неге ауыр болғанын түсіне қойған жоқпын, сонда да алған әсерлерім сананың түйсік деп аталатын сонау бір түкпірінде жинала бастаған сияқты болып көрінді. Осы алған әсерлерім бертін келе тұрмыс түзелген кезде де жадымнан шыққан жоқ, балалық шақта көрген ауыртпалық естен қалмайды екен.

Балалық шақтың бал дәуреніндегі екі оқиға есімде жақсы сақталыпты. Оның біреуі балалық шөлкестікке байланысты. Бір жолы біз жаңа қатқан мұз үстінде бір ойын ойнадық. Ойнап жүрген балалардың бірі, аты-жөні Көкен Бисенәлиев, мені ұстамақ болып тұра ұмтылғанда, мен жалтарып қаштым. Сүрініп кетіп ұшып түстім де, екпінмен барып мұзға құладым. Сонда белімді қатты ауыртып алдым. Оның зардабы осы кезге дейін білінеді. Бел ауруы (құяң) балалық шақта мұзға қатты құлағанымды ұмыттыратын емес.

Балалық өмірдің екінші бір есте қалған оқиғасы мынау: үй жанында мал байлайтын ұзын бақан болатын. Оның бір ұшы менің артқа қарай қарғып ойнайтын ермегім болған. Бір күні қарғи бергенімде аяғым тайып кетіп, иегім барып ағаштың жұмыр басына ілінді де, мен бірнеше минут салбырап тұрдым. Сол ілінген иегімнің астында әжептәуір тыртық қалды. Қазір сол тыртықтан ертемен сақал қырған сайын, алмастың жүзі тиіп, қан шығады. Сол кезде балалық шақтағы шөлкестігім есіме түседі.

Ол жылдардың тағы бір естен шықпас оқиғасы — біздің ең кенже ініміз Дәуренбайдың науқасы. Неге екенін қайдам, әйтеуір ол қатты ауырды. Біз оның не ауру екенін де білмедік, әке-шешем қырөзек деп атаған. Олар дұрыс атады ма, ол жағын білмейміз. Дәуренбай

ұзақ ауырды, көп азап шекті. Ол кезде, әрине, дәрігерлік жәрдем мен дәрі-дәрмек дегенің ойымызға да кіріп шықпайтын. Бар болғаны науқасқа қарап жүрегіміз езіліп іштей күйзелеміз. Түнге қарай керосин құйылған білтелі май шамның жарығымен әкем-шешем, ағаларым Отарбай, Түгелбай және мен — бәріміз жиналып, аурудың азабын жеңілдетуге тырысатынбыз. Бірақ біздің қолымыздан келетін не бар? Бар білетініміз жылырақ қымтап, қайта-қайта аузына су тамызу. Бір күні кешке әкем бізге бүгін мына інілерің о дүниелік болады, қоштасып қалыңдар деді. Біз жылап, бәріміз Дәуренбайды қоршап жертөбе үйдің ішінде айнала жайғастық. Бірақ «шықпаған жаннан үміт бар» деп қазақ бекер айтпайды екен. Таңға жақын Дәуренбай ауруды жеңді, ол кішкене су ішіп, бізге көз тастап, танығанын білдірді. Сол күннен бастап, ол айыға бастады. Енді он шақты күнде тамақ ішетіндей жағдайға жетті. Сол кезде ол 4—5 жастағы сәби болатын, жүдегені соншалық, терісіне жабысқан саудыраған сүйегі ғана қалды. Онан кейін үш-төрт айда Дәуренбай құлантаза ауруынан айығып, балалық шақтың талай қуанышты күндерін бірге өткізді. Оныншы класты Шалқар қаласындағы қазақ орта мектебінде бітіріп, бір жыл вагон жөндеу зауытында жұмысшы болды. Келесі жылы Батыс Қазақстан ауылшаруашылық институтына оқуға түсті, оны бітірген соң ауылшаруашылық саласында көп жыл қызмет істеді. Қазір Ақтөбе облысында кәсіпкерлерге аудиторлық қызмет көрсету департаментінің директоры.

Соғыстан кейінгі 1946—1953 жылдар біздің жанұямыз үшін өте ауыр жылдар болды. Себебі, Қарақалпақстанда тұрған кезімізде қолда бар малымыздан түгелдей айырылғанбыз. Құландыға қайтып келген соң менің кіндік шешем, марқұм жақсы адам еді, атын ұмытып отырмын, үйлерінде мал жоқ, осы төлбасы болсын деп маған бір бұзау берді. Одан ботен бізде, 1946 жылы, тігерге тұяқ болған емес. Ол бұзау өсіп бірнеше рет бұзаулады. Амал не, 1952 жылы жыл сайын мемлекетке міндетті түрде тапсыратын еттің, майдың салығын жылдар бойы төлемегеніміз үшін дайындық

министрлігінің өкілдері сауып отырған сиырымызды бір жылдық бұзауымен қоса мемлекетке тапсыртқызды. Осы сиырдың басын әкем, шешем жетелеп жүрді де, үйдегі төрт бала әлгі сиырдың құйрығынан ұстап, еңіреп жылап, таразыға тартатын жерге дейін бардық. Осы қайғылы көріністер менің көз алдымнан осы кезге дейін кетпейді.

Ол кездер менің жадымда жақсы сақталыпты. Ал әке-шешемнің қандай азап көргені есіме түскенде ет-жүрегім езіледі. Әкем қысы-жазы колхоздың малын бағады, шөбін жинайды, мал қораларын оңдайды, әйтеуір, үйде болып жарымайды. Ал еңбеккүнге бір тиын төлемейді. Ол кездегі тәртіп сондай. Балық аулауға қайық, тоқылған ау, жылым т.б. құрал-саймандар жетіспегендіктен әкеміз әр түрлі жұмыстар істеді. Ал шешем байғұс жазда күндіз-түні балық қабылдау пунктінде жұмыс істейді. Қабылданған балықты тұздайды, оны мұзғалада ұстайды. Сосын жүк кемесі келгенде күндіз-түні демей тиейді. Әйтеуір теңізге мұз қатқанша тыным көрмейді. Қолына азын-аулақ бірдеме алады, оған тұз, шекер, сіріңке т.с. заттарды сатып алады, қысқа дайындалады. Ал қыстағы кәсібіміз — теңіз жанындағы қамыстан отын дайындау. Оны арқалап немесе шанамен үйге тасимыз. Боранды күндері осы қамысты, табылса тезек, жыңғылды отын қыламыз. Әйтеуір қыстан тоңбай шығамыз.

Әкемнің жұмыс істейтін жері үйімізден жеті-сегіз шақырымдай жер, оған колхоздың атанымен (піштірілген түйені қазақтар «атан» деп атайды) қатынайды. Осы бейнетті еңбегіне кейбір жылдары колхоз он-он бес килограмдай жарма, күріш, қара тары, бидай, арпа сияқты астық береді. Жалпы шаруашылықтың қоймасында не бар, соны береді. Оның өзін де елуінші жылдан бастап бере бастады, арғы жағында колхоз еңбеккүнге ештеме де бермейтін. Менің есімде қалғаны, әкем бір жылы үйге әкеле жатқан астығын жоғалтып алды. Шамасы, түйенің үстінен сусып түсіп қалса керек. Біз оны жабыла іздедік. Әкем түйемен, ал біз: Отарбай, Түгелбай, мен, шешем жаяу іздедік. Бірақ бақытсыздыққа амал жоқ, қанша іздегенмен табылма-

ды. Ол жолмен әкемнен кейін де біреулер жүрген болуы керек, бірақ алдық деген адам болмады. Әкем балаларымның садақасы болсын деп өзін-өзі жұбатқан болды.

Біз жас күнімізде әкемізді «аға», шешемізді «әже» деп кеттік. Әлі күнге дейін солай атаймыз, не себепті екенін білмеймін. Үйдегі атамыз бен әжеміз ерте дүние салғандықтан болар деймін. Ал көрші балалардың әжелері де, аталары да болған шығар деп ойлаймын. Сондықтан «әже» деп шешемізді арқа тұтқан шығармыз, ал әкемізді «аға» деуіміз, өзге балалар: атасын — «ата», ал әкесін — «аға» деген болулары керек. Бұл мәселеге біз ешқандай мән берген емеспіз.

Мен сегіз жас екі айға толғанда мектеп табалдырығын аттадым, мектепке бір жыл кешігіп бардым. Ол кезде «Құлдың басында», яғни Қазалы бөлімшесінде төрт жылдық бастауыш мектеп болды, ол мен үшінші класты бітірген кезде балалардың саны жетпеуіне байланысты жабылып қалды. Мектеп үйі іргесі қамыстан қаланған, іші-сырты саз балшықпен сыланған және ақталған бір бөлмеден тұратын. Қолдан салынған пеш бар, оған қысқа қарай қамыс жағып отырады. Менің бірінші мұғалімім әрі ұстазым Кенжебай Әбдінасыров өлі көз алдымда. Ол кісі Отан соғысына қатысқан, өмірдің ащы-тұщысын, азабы мен бейнетін көп көрген адам. Ол бойшаң келген, ұқыпты, аспай-саспай сөйлейтін байсалды, тамаша адам еді. Сабақ ол кезде екі мезгіл жүреді, күннің бірінші жартысында бірінші класс пен төртінші класқа өтеді, түстен кейін екінші класс пен үшінші кластың балалары оқиды. Екі мезгілде қойтын балалардың саны ол кезде шамамен 25—30-дан аспайтын. Жалғыз мұғалім төрт класта оқитын балалардың бабын табуы керек. Есеп шығартады, жазу дәптерін тексереді, ауызша сабақ сұрап, үйге тапсырма береді, оның арасында өн-күй, еңбек, дене шынықтыру сабақтарын да қоса жүргізеді. Біз Кенжебай ағайды қатты сыйладық, (ол кездегі дәстүр бойынша мұғалімді — «ағай» мұғалиманы — «апай» деп атайтынбыз), тіпті дауыс көтеріп ұрыспаса да, одан біз қатты қаймығатын едік. Ол — жазу кітапшасын алып өзіне

ғана аян, басқаға беймәлім бір белгілерді қоятын. Оның бірден баға қоймайтын әдеті болатын. Тек соңынан, тоқсанның аяғында ғана өзінің әйгілі кітапшасына үңіле қарап, күпия белгілерін ашып, қорытынды балды журналға қоятын. Ол өте талап қойғыш адам еді. Әліппе, есеп, тарих, әдебиет, ана тілі сабақтарының қайсысын болмасын жауапкершілікпен үйретіп, ұқыптылықты біздің бойымызға сіңіре білді. Мұның келешекте маған қандай пайдасы тиді десеңізші. Мен төртінші класқа көшкенде Қазалы бастауыш мектебі жабылды. Ал бізге оқуды ауылдан он алты шақырым жерде орналасқан Төбешұлақтағы Құланды жетіжылдық мектебінде жалғастыру міндеті тұрды. Бұл елді мекен «Жаңа жол» балық колхозының орталығы, онда Құланды ауылдық кеңесінің атқару комитеті, жетіжылдық мектеп, азық-түлік дүкені, балық қабылдау пункті болды. Ол кезде мектеп-интернат, жатақхана деген атымен жоқ, ал үйлерге жатқызып оқытуға әке-шешемізде қаражат, мал-мүлік жағы тапшы. Міне, сондықтан ауылдық кеңес пен мектеп әкімшілігі бізді тұрмыс-күйі біршама тәуір деген жанұяларға орналастыруды ұсынды. Сонымен, мен ауылдық кеңестің төрағасы Үмбетай Шаңбатыровтың үйіне орналастым, ал үлкен ағам Медетәлі деген ауыл ақсақаланың үйінде жатты. Ел қатарлы ішетін тамағымыз бар, қарнымыз тоқ, жатқан үйіміз бір тиын бізден ақша сұрамайды. Оқуға уақытында барамыз, оқудан кейін жатқан үйіміздің тіршілігіне жәрдем береміз. Мен жатқан Үмбетайдың жанұясы жақсы, абзал жандар еді. Үмбетайдың әйелі Бақытжан келін болып түскеніне екі-үш жылдай ғана болған, Дүйсенбай деген ауылдағы беделді ақсақалдың қызы, ағасы Есенғали Жолаев мектептің директоры. Апайдың мінезі биязы, сабырлы, қолы мырза, мені өзінің туған інісінен кем көрген жоқ. Менің жасым ол кезде он бірде, Бақытжан апам да уыздай жас, көп болса 23-24-те болар. Ал Шаңбатыр атам (Үмбетайдың әкесі) аңшылықпен әуестенеді. Қақпан құрып, қасқыр, түлкі, қоян, қарсақ ұстайды, жүйрік тазысы бар. Тығыншықтай қайратты, мінезі елге жайлы, жарқылдап жүретін жақсы кісі еді. Бірақ сұм ажал өмірден ерте алып кетті.

Ол кісіден үш ер бала болған. Үлкені Үмбетай, одан кейінгісі Бақыт мектепте мұғалім, өнерге, әсіресе, домбыраға жаны құмар. Қазір он баласы бар, еңбек зейнеткері, Ақтобе облысы, Шалқар ауданы, Бегімбет ауылында тұрады. Баласының үлкені Ерсайын Басығараев Алматы консерваториясында доцент, музыка саласынан сабақ береді.

Таңатар — Шаңбатырдың үшінші баласы, ол кезде Қазақ мемлекеттік университетінде журналистік факультеттің студенті. Шаңбатырдың әйелі Бибісұлу апай үйдегі тіршілікті басқарады, мені жұмысқа жететін көбіне сол кісі. Менің бұл үйдегі міндетім таң атар-атпастан тұрып, Шаңбатырдың аңға шығатын атын өрістен әкеліп беру, малдың астын тазалау, екі-үш рет қатынап құдықтан су тасу. Суды шелекпен тасимыз. Иыққа иінағаш асылады да екі басындағы екі ілмешегіне су толған шелектер ілінеді. Тұщы суы бар құдық тобенің басында, үш жүз метрдей жерде. Бұған қоса ертеңгісін және кешкісін пешке от жағамын. Күнделікті күйбең тіршілік осылай.

Мектепте болған жеті жылымның барлығында да мен үлкен ынтамен оқыдым. Оны сыйлық грамотасымен бітіріп шықтым, бұл тәрбиешілеріміздің білгірлікпен бағыт беруінің жемісі еді. Маған сабақ берген, өмірге жолдама берген ұстаздарым: Кенжебай Әбдінасыров, Есенғали Жолаев, Үкімәш Дәулетов, Жұмахмет Әуезов, Қали Мәмбетов, Убайдулла Ерекешев және басқалары. Мен үшін балалық шақтан, мектеп қабырғасынан артық ешнәрсе жоқ. Жаныма ізгілік нұрын сепкен осы ұстаздарымнан ардақты кім бар!

Ол кезде ауылдың күнделікті өмірінде ауылдық кеңес атқару комитетінің ролі зор болды. Оның төрағалары Үмбетай Шаңбатыров, Қалует Тілеуов, Убайт Серібаев жұмысты өз мөнінде жүргізе білді және халықтың нағыз қамқоршысы болды дегім келеді. Сол сияқты байланыс бөлімінің бастығы болып қырық жылдан артық қызмет істеген Қошан Мәмбетраев барлық ынта-жігерін ауыл еңбеккерлеріне, зейнеткерлерге, жетім-жесірлерге арнады деуге болады. Мен бұл зиялы азаматтарды орқашанда ризашылық сезіммен еске алып отырамын.

дағы орта мектепте оқуын жалғастыруға жүрмекші болып жүрген. Бірде «Қызыл жұлдыз» («Красная звезда») деген сигарлы шылымды алып, мені шоқалақтың басына шақырды. Екі-үш бала төбенің басына шығып, ауылға қарап отырып әңгіме соғып, темекі тартуға кірістік. Жаратылысынан қайырымды, қолы ашық Қайырмағанбет бұл байлығына бізді ортақтастырып, темекіні бірінен соң бірін беріп отырды. Біз болсақ тегін олжаға мәз болып, төбенің басына жақсылап жайғасып алып, темекінің улы түтінін рахаттанып жұта бердік. Онымыз көп ұзамай «кім көп тартар екен» деген жарысқа айналды. Шылым көп болғандықтан біз есімізден танғанша тартып-тартып, ақыр соңында мен елітіп, ес-түссіз құлап қалыппын. Ал никотинмен уланған бізді ауыл адамдары ертеңіне өздері тауыпты. Бұл оқиға мен үшін өмірлік сабақ болды. Содан қайтып мен ешқашан аузыма темекі алған емеспін және шылым шеккенді өлердей жек көретін болдым. Анда-санда тістейтінім бар, оны әншейін өзіл үшін істеймін, темекі тартатын жолдастарыма да, темекіге де үзілді-кесілді қарсымын.

Тағы бір айта кететін нәрсе, біздің балалық шағымыз колхоз өмірімен, ауылдың тұрмыс тіршілігімен тығыз байланысып жатты. Мен төртінші класты бітірісімен басқа балалар сияқты жазда шаруашылықтың қыстайтын малдарына шөп дайындау науқанына қатыстым. Ол кезде дайындалатын қамыс шөп, оны суды тізіден кешіп жүріп қол орақпен орамыз да, десте-десте қылып байлап, кептіруге тастап кетеміз. Кебе бастасымен жағаға шығарып, шөмеле қылып үйесің. Суда аяққа шөнге кірмеу үшін шарғы киіп жүресің, оны көннен (сиырдың терісі) тігеді.

Шарғыны, орақты колхоз бригадирі тозығы жеткенде алмастырып беріп отырады. Мен алтыншы класты бітіргеннен кейін Түгелбай ағама жәрдем беріп, ауылдың қой, ешкілерін бағуға көмектестім. Ол менен екі жас үлкен, Құландыдағы жеті жылдық мектепті менен бір жыл бұрын бітірді де, қара жұмысқа ерте араласты. Содан кейін оқыған жоқ. Жиырмадан асқан соң шоферлық мамандықты игерді де, осы жұмысын шебер

атқарды. Біздің үйдегі мінезі жуас, ісі тындырымды осы Түгелбай еді. Амал не, 1978 жылы 28 қыркүйекте отыз тоғыз жасында жүрек ауруынан о дүниелік болды.

Енді бастаған өңгімемізге қайта оралайық. Біз малды ауыл маңындағы өріске жаятынбыз. Бұл өзі жабайы шөпке толы жақсы жайылым еді. Бұл жер әсіресе шетсіз-шексіз көк аспанға қарап жатып қиял құшағына берілуге, маздатып от жағуға немесе жөй ғана айдын даланы тамашалап көз тойдыруға рахат болатын. Бұл дала біз үшін қасиетті жер еді. Бұл жердің «Құлдың басы» деп аталу себебі, осында көртайып қайтыс болған Жақайым руының Құл деген батыры жерленген төбе бар. Ол оқезінде біздің атамыз Бақтыбайды — Ұранға шығарған. Бұл — біздің қасиетті ата-бабаларымыздың қоныс қылған, кіндік қандары тамған киелі жер. Бұлардың бәрі біздің туған жерге деген ыстық ықыласымызды бұрынғыдан да арттыра түсті. Маған оның тарихында небір ғажайып сырлар, өшпес махаббат жатқандай көрінеді.

Сырт қараған кісіге бақташының міндеті қиын да емес сияқты. Бар болғаны қой, ешкінің тыныш жайылуын, бірлі-жарым ешкі-лақтың отардан бөлініп қалмауын қадағалау ғана. Ал шындығына келсек, мұның өзі өте ауыр, мейлінше мазасыз, азабы мол тіршілік. Отарды титтей көзден таса қалдыруға болмайды, таң атқаннан ымырт жабылғанға дейін тікеңнен тік тұрып, табаныңнан таусыласың. Сөл ғана қалт жіберсең — бөлеге қаласың, ешкі-лақтар, қой-қозылар, тарам-тарам болып, әр қырдың астына түсіп кетеді де, кешке өрістен қайтатын уақытта таптырмай қояды. Ал ауыл адамдары қозы-лақтары түгел болмаса бізді жерден алып, жерге салады. Әсіресе, мұндай сөздерді көп еститін де, жауап беретін де Түгелбай болды. Ол өзінің сабырлылығының арқасында жұрттың бетіне келмей, әйтеуір көңілдерін тауып жатады. Ал ауыл адамдары болса, мал бақтырғанға толейтін ақшалары бомаған соң, бізбен ақша орнына қозы, не лақ беріп есең айырысатын.

Бірде үлкен ағамыз Отарбай Шалқар ауданының Бершүгір бекетінде теміржолшы болып жұмыс істейтін

Ержанов Қашақ деген жамағайынымыздың үйіне оқуға жүрмекші болды. Қалайда он жылдық мектепті біздің жанұядан біреу бітіру керек деген ойымыз болды. Отарбай 1935 жылы туғанмен, мектепке кешігіңкіреп, тоғыз жасында барғанмен сабақты жақсы оқыды, ұстаздарының алдында мінез-құлқымен үлгі болды. Оның тарих пәнінен жазған дәрістерінің көшірмесін көргенде біз әдемі жазуына қарап қайран қалатынбыз. Енді осы Отарбайды оқуға жіберуге ақша таба алмай, әке-шешемнің қатты қынжылғанын көріп, мен мынадай ұсыныс жасадым. Ана балық қабылдайтын лабаздың бастығына барам да, ана пәленшеден алған лақты сатам, сөйтіп, Отарбай ағамның жолына жететін ақша тауып әкелем, — дедім. Ол кезде балық қабылдайтын жерді мұзғала яғни лабаз дейтінбіз (қазір түсініп жүрмін лабазы — орысша «ледяная база»), онда қабылдаған балықты жүк кемесі келгенше бірнеше күн ұстайды. Бұл мұзғалада балық айлап жатса да бұзылмайды. Өйткені мұзды қыстай дайындайды, баздың ішіне керегінше кіргізіп, тең-тең қылып жинап қояды.

Әке-шешем менің айтқан ұсынысыма жауап берген жоқ, ал мен болсам біздің үйден үш-төрт шақырым жердегі балық қабылдау пунктіне жүгіріп кеттім. Келіп балық қабылдаушы ағайыма жағдайдың бәрін түсіндіріп айтып, күзге дейін лақты өзім бағып, семіртіп әкеп беретініме уәде еттім. Қандай жақсы адам десеңізші, (абзал азаматтың атын ұмыттым): бала ниет етіп, маған сеніп келіп тұр екен, баланың бетін қайтармайын деп, столының тартпасын ашып, лақтың құны тұратындай ақшаны менің қолыма ұстатты. Ал мен қуанышым қойныма сыймай, үйге қалай жеткенімді де білмедім. Әке-шешем, ағаларымның қуанышында шек жоқ. Сөйтіп Отарбай ағамызды сегізінші класты оқуға аттандырдық. Ол кезде тамақ-киімге жарыған кім бар. Отарбайға Бершүгірдегі ағайынымыздың үйі де жайлы болған жоқ. Жыл өте азып-тозып, жалаңаяқ, жалаңбас ауылға оралды, бірақ сегізінші класты бітіргені жөнінде мақтау қағазын алып келді. Ол тоғызыншы класты Аралда кешкі мектепте оқыды, күндіз әр түрлі қара жұмыс істеді. 1954 жылы Шалқар қаласына келіп,

Шайханаға есептеушінің жәрдемшісі болып орналасып, кешкі мектепте оқуын жалғастырды. Келесі жылы осы жерден Отан алдындағы міндетін атқаруға әскер қатарына шақырылды. Бірақ та бақытына 1957 жылдың басында Совет Қарулы күштерін қысқарту жөніндегі үкімет қаулысына байланысты бір жарым жылдан кейін ауылға аман-есен оралды (ол кезде әскер қатарында үш жыл қызмет ететін). Одан кейін Шалқар қаласында тұтынушылар қоғамының жүйесінде әр түрлі қызметтер істеді, жоғары оқу орнында сырттай оқыды. 1958 жылы жиырма үш жасында үйленді. Бірақ марқұмның өмірі қысқа болды. Отарбай 1963 жылдың 26 маусымында үш аяқты мотоциклдің қоржынынан аударылып кенеттен қаза тапты. Ертеңіне, 27 маусымда келіншегі Клара босанып, қыз бала дүниеге келді. Әкем Құнтөлеу немересіне, Айболған деп ат қойды. Айболған Алматыдағы теміржолшылар институтын бітіріп, қазір екі қызы бар, Ақтөбе қаласында тұрып жатыр. Күйеуі Марат Ысқақов Жамбыл облысынан, темір пісіру ісінің маманы. Отарбай ағамыздың рухы риза болсын деп, мен 1965 жылы туған тұңғышымыз Мейрімханды Отарбаев деген фамилиямен жаздырдық, оның қызы Әлия Отарбаева деген фамилиямен мектепке барды.

Бала кезімде, яғни 1954 жылдың жазында мен автомобиль деген техниканы, орыс деген ұлттың адамдарын алғаш рет көріп, таң қалғанмын. Бұл кез осы Құланды түбегін зерттеуге келген мұнайгаз кенін зерттеуші экспедициясының біздің ауылға көшіп келуіне байланысты, мен үшін тарихи маңызы бар оқиға. Оған дейін мен кемеден бөтен жердегі техникалық құбылыстарды, кітаптан оқығаным болмаса, орыс деген ұлттың өкілін көрген емес едім. Күнде ұйқыдан тұрысымен, ол кезде он үштегі баламын, машинаның қасына жүгіріп барып, орыс адамдарының сөйлегеніне қарап тұрамын, бірақ ештеңе түсінбеймін. Осы геологиялық барлау жұмысы біздің ауылдың төңірегінде төрт-бес жылдай жүрді, оның нәтижесі немен аяқталғанынан да бейхабармын. Бақытыма орай, бірнеше рет олардың машинасына міндім, ал 1957 жылы сегізінші класты бітірген соң, осы барлау мекемесінде жұмыс істеп жүрген кезім-

де Қайырмағамбет екеуміз машинамен отын дайындауға бардық. Осы уақытта мені наубайханаға жәрдемшілікке қосты, сонда мен нан пісіруші орыс әйелімен бірге жұмыстас болдым да, орыс ұлтының өкілімен жақсырақ танысып, олардың кейбір әдет-ғұрыптарынан хабардар болып қалдым. Ол кісі сабырлы, қарапайым, жаны жайсаң адам еді. Өкінішке орай, Қайырмағамбет екеумізді төрт-бес айдан соң жұмыстан қысқартты да, біз қайтадан бұрынғы тіршілігімізбен айналыстық. Көктем шыға әкемнің орнына балықшылық кәсіппен айналыстым. Бұл менің он жетіге аяқ басқан кезім. 1958 жылдың жазы балық аулаумен өтті. Бұл кәсіптің өзіне тән қиыншылық азаптары жетіп жататын. Ертеңгісін төтті ұйқыңды бұзып, сағат төрт-бесте оянасың. Ерте барып ауды қарап, түскен балықтарын алып, алакеуімде балық қабылдайтын пунктке апарып тапсырасың. Одан келе аудың оралған бөліктерін жазып, далаға жайып кептіресің. Түстен кейін, жарық кезінде, ауды теңізге құрасың және оның дұрыс құрылғанын қайта тексересің. Осындай қауырт жұмыстың арасында мен бір күні теңіз апатына тап бола жаздадым. Ол есіме түссе қазірге дейін төбе шашым тік тұрады. Ол былай болған еді. Ол кезде әкемнің қайығы, құралсайман, ескектері ескі, әбден тозығы жеткен. Мен оларды лаждап, жамап-жасқап ауылдан ұзамай, тереңге бармай, ауды теңіз жағалауларына құратынмын. Осындай күндердің бірінде теңізде қатты жел көтерілді де, қайықты үлкен-үлкен толқындар соққылай бастады. Мен сонда да болса саспай, ауларымды жинап, қайыққа сала бердім. Ауларды түскен балығымен қоса салып алып, ескегімді сілтеп қалғаным мұң екен, ескі ескек қақ басынан айырылып сынып, толқындар қайықты теңіздің ортасына қарай ала жөнелді. Менің зәрем зәр түбіне кетті. Қайықтың басын бұрып, есейін десем ескек жоқ. Әбден састым. Ажал жоқ, көретін жарық дүние бар, бір уақытта есіме қайықтың жеңілдеу темірден істелген көшкісі (орысша аты «якорь», қазақ оны «көшкі» дейді) түсті. Соны жалма жан ауға орап, салмағы молырақ болсын деп тасымен бірге судың түбіне лақтырдым. Құдай оңдап, қайық он-он бес метр

жылжып барып тоқтады. Сол кезде мен де шаршаған-мын ғой, қаннен қаперсіз ұйықтап кетіпмін. Бір уақытта біреулердің айқайымен ояна кетсем, қайықтың маңайында моторлы жеңіл кеме айналып жүр екен, адамдар менің қайықта бар-жоғымды білу үшін дауыстап жүрсе керек. Қуанышымда шек жоқ. Олар маған қайық сүйрететін ұзын арқанды лақтырды, мен де тез ұстап, өз қайығыма байлап, моторлы қайыққа тіркеген бойы балық тапсыратын қабылдау пунктіне жеттім. Ұстаған балықтарымды өткізіп, кемешілерге алғысымды үсті-үстіне жаудырып, қайықты сол жерге байлап, ауылға құрлықпен жаяу келдім. Шешем жылап, садақаға жеті нан таратып жатыр. Анам болмағанда мен ол күні теңізге ағып кеткен болар едім. Ол маған айтпай күнде төбенің басына шығып, менің қайығымды қарап тұрады екен. Сол күні ол менің қайығым теңіз толқынында бір жерде тұрғанын көріп, ауылға келген жаңағы моторлы жеңіл қайықтың капитанына хабарлапты. Менің балам аман емес, қайығы манадан бір жерде қозғалмай қалқып тұр. Көмектесе көріндер депті. Ар жағы өздеріңізге белгілі... Осы оқиға түрткі болды ма екен, кім білсін, әйтеуір оқуға кетуді армандай бастадым. Ол кезде Қызылордадан анда-санда шығатын облыстық газетті алып оқып тұрамыз. Бір күндері, ұмытпасам шілде айының бірінші жартысында, жездеміз, марқұм Жұмахмет Әуезов (өзімді оқытқан) облыстық газеттің бір санын алып келіп, мында Қазалының ауылшаруашылық техникумына емтихан тапсыратын күн жазылыпты, оған әлі біраз уақыт бар, дайындал, сен мектепті жақсы бітірдің, бір сабақтан ғана сынақ тапсырасың, мүмкін түсіп кетерсің деп ақыл айтты. Әкешеммен ақылдасып, оқуға жүруге белді будым. Сөйтіп, колхоз басқармасының төрағасына келіп, оқуға бармақшы едім деп мінездеме сұрадым. Ол кісі бізге дүрсе қоя берді: — Бөрің ауылдан қашасыңдар, балықты кім аулайды. Әкең болса ауру, — деді. Сонымен тым-тырыс мен шығып кеттім. Сол жерде колхоз есепшісі Бахи Мәмбетовке кездестім. Жағдайымды айтып, жалбарынып көрдім. Бахи маған: «Бала саспа, керек қағаздарыңды дайындап беремін, колхоздың мөрі

менде» деді. Сонымен төбем көкке жетіп, қағаздарымды Бахи ағамыз бір күнде дайындап берді. Колхоз бастығы білмейді, мен Шалқардан бір-ақ шықтым. Ол кезде марқұм Отарбай ағам Шалқарда жұмыс істейді. Азын-аулақ тиын-тебенін қалтама салып, Қазалының поезына мінгізіп жіберді. Бұл менің алғаш рет алыс сапарға шығуым еді. Ертеңіне Қазалы стансасына жеттім. Айнала ығы-жығы адам (ол кезде маған Қазалы Мәскеуден де үлкен қала болып көрінді). Енді не істерімді білмей аңтарылып тұрсам, жалаңаяқ, шашы бұйра бір жас жігіт менен қайда барасың деп сұрады. «Қазалының техникумына түсуге келіп едім, бірақ қалай баратынымды білмей тұрмын» дедім. Ол маған өзі де сол техникумға бармақшы екенін, Талдықорған облысынан келіп тұрғанын баяндады. Ол он алтыға толған екен, теміржолшының баласы екенін айтты. Мектепті мен сияқты мақтау қағазымен бітіргенін өңгімеледі. Енді екеуміз техникумды іздей бастадық. Сөйтсек, техникум ескі қала деп аталатын Қазалыда орналасқан екен. Сөздің қысқасы, сол күні біз техникумға жетіп, бухгалтерлік-есеп бөліміне құжаттарымызды өткізіп, жатақханаға орналастық. Жаңа танысқан жолдасымның аты-жөні Ерболат Тілесов (лақап аты «Әлтай»), мінезі ашық, ақжарқын, жолдастыққа адал азамат болып шықты. Техникумда болған жылдарымызда екеуміздің жұбымыз жазылмады. Одан кейін де хат-хабарымыз үзілген жоқ. Біз Алматыға көшіп келген соң, 1984 жылы бір-бірімізбен қайта табыстық та, содан бері жігіміз ажыраған емес. Ерболат әйелі Жанна екеуі төрт қыз өсірген, немере сүйген, бақытты жанұя болып отыр. Қазір Талдықорған облысы Ақсу ауданы Қаракемер ауылында қызылша өсірумен шұғылданады. Нарықтық экономика дәуірінде олардың табысты болуына тілек-теспін.

Енді техникумдағы оқыған жылдарыма оралайын. Мектепті мақтау грамотасымен бітірген кілең үздіктерді жинап, бөлек емтихан алды. Олардың саны бес-алтыдан аспады. Орыс тілінен жазбаша сынақтан өткізді. Бұл емтиханнан Ерболат екеуміз де «екілік» алып, мұрттай ұштық. Жолымыздың болмағанына налып,

құжаттарымызды қайта алып, бағымызды келесі жылы қайта сынауға бел байлап, техникумға келдік. Күн жаңбырлы еді, жер сазбалшық, өзіміз жалаңаяқ, техникумның ағаш еденін лас аяғымызбен шарлап, қабырғадағы хабарландыру тақтасына үңіліп тұрғанбыз. Осы сәтте ұзынбойлы, арықтау келген сұнғақ жас жігіт екеуміздің білегімізден ұстады да: — Балалар, неғып жүрсіңдер? — деп, біздің бетімізге қарады. Біз жағдайымызды баяндадық: біреуміз Талдықорған, екіншіміз Ақтөбе облысының қашық аудандарынан келгендерімізді, мектепті үздік бағалармен бітіргенімізді, осында келгеннен кейін бірінші сынақ — орыс тілінен «екілік» алып, құжаттарымызды алуға келгенімізді, енді ауылға қайтуға ақшамыздың жоқ екенін айттық. Біздің әңгімеміздің ол кісіге қалай әсер еткенін қайдам, «Балалар, бері қарай жүріңдерші», деп бір бөлмеге кіргізді. Сонан кейін ол кісі бір жерге телефон шалды. Соның артынша толықтау келген қара жігіт кіріп, екеуі орыс тілінде ұзақ сөйлесті. Сонан кейін екеуі бір жас орыс қызын шақырып алып, енді бір уақыт үшеуі сөйлесіп кетті. Біздің байқағанымыз, соңғы келген орыс қызы бізден кеше емтихан алған Эмилия деген оқытушы екен (әкесінің атын ұмытып қалдым). Олар өзара сөйлесіп болғаннан кейін Эмилия бізді бөлмеден ертіп алып шығып, басқа бөлмеге әкеліп отырғызды да, «Балалар, кешегі жазбаша жұмысты қайта жазасыңдар» деп, екі ортамызға кітап әкеліп қойып, нені көшіретінімізді көрсетіп, кетіп қалды. Осыдан кейін Ерболат екеуміздің тасымыз өрге домалады. Енді қате жібермейік деп, берген тапсырманы көшіріп жатырмыз. Бір жақсылықтың болғанын ішіміз сезеді. Бірсыпыра уақыт өткенде Эмилия келіп: «Болдыңдар ма?» деп, біздің жазған жұмысымызды жинап алды да: «Жүре беріңдер, техникумға түсесіңдер» деп жымыиып күлді. Біз төбеміз көкке жеткендей болып, бойымызды қуаныш кернеп, жүрегіміз алып ұшып жатақханаға жеттік. Бірақ ешкімге ештеңе сездірмедік, өзге балалар келесі емтиханға дайындалып жатыр. Ертеңіне таң ата техникумға қайта келдік, оқу бөлімінен: «Сендерді директор іздеп жатыр» деген хабар естідік. Директор отыратын бөлмеге барсақ, кешегі

екеуі тағы отыр. Кімге кез болғанымызды сонда білдік. Құдай ондағанда директордың өзіне жолығыпшыз. Ол кісі Құлымғалиев Жалайыр, қасындағы толықша келген оқу ісі жөніндегі орынбасары Ан Иван Павлович деген корей азаматы болып шықты. Бұдан артық бақыт, бұдан артық қуаныш бар ма! Ерболат екеуміз де ойда жоқта техникумға осылай түсіп кеттік. Директор ағамыз енді бізге былай деді: «Балалар, сендердің үйлерің қашықта екен, ауылдарыңа қайтпай-ақ қойыңдар, осында біздің оқу шаруашылығында жұмыс істеңдер, киім береді, тамақтарың тоқ болады». Біз оған «Болады ағай, жұмыстан қашпаймыз» дедік. Сонымен оқу шаруашылығындағы жұмысқа кірісіп кеттік. Ауылда екеуміз де қол орақпен қамыс, шөп оруға дағдыланып алғанбыз, күріш (кейде оны жергілікті жұрт «салы» деп атайды) орудан алдымызға жан салмадық, барлық ынта-жігерімізбен жұмыс істедік. Оқу басталғаннан кейін бір жетіден соң бізді Жалағаш ауданының «Жаңа талап» ұжымдық шаруашылығына күріш оруға алып барды. Одан өрі Оңтүстік Қазақстандағы Ильич ауданына мақта теруге жіберді. Сөйтіп, біз шаруашылық жұмыстарынан желтоқсан айында бір-ақ оралдық. Келісімен екі-үш күннен кейін сабаққа кірісіп кеттік. Сол жылы Ерболат екеуміз техникумның әкімшілігінен мақтау қағаздарын және ақшалай сыйлық алып, қарық болып қалдық. Бірақ оқу маған оңай тиген жоқ. Оқу орыс тілінде жүреді, мен бір ауыз орыс тілін білмеймін, кейбір сабақтардан тапсырмаларды жаттап айтып беремін. Ал тарих пәнінің оқытушысы маған тарих пен географиядан сабақты қазақша айтуыма рұқсат етті. Оқудың екінші жылына іліккен соң, менің де сабаққа түсінігім тереңдеп, үлгерімім жақсара бастады. Жалпы техникумдағы үш жыл бойы алған білімімді осы кезге дейін «менің академиям» деп мақтаныш етемін. Оқытушы ұстаздарымыздың жастарға деген жомарт жүректерін, кіршіксіз таза көңілдерін, жан елжіретер ақыл-кеңестерін, сарқылмас білім бұлағын қалай ұмытарсың. Әке қаны, ана сүтімен дарымаған өнерді игеру маған оңай болған жоқ. Менің орыс тілін үйренуіме ойнап-күліп бірге оқыған жолдастарымның көмегі аз

болған жоқ. Олар: Өтешов Мұхит, Ерниязов Құттымұрат, Тілеубергенов Рахат, Бурина Зоя, Дүйісов Молдабай, Мергенбаева Назира, Исаенко Лариса тағы басқалары. Бірінші курстан бастап жақсы оқыған жүлдегер спортшыларымыз да аз болған жоқ. Олардың қатарында М. Өтешев, Қ. Ерниязов, М. Дүйісов, Е. Мүрзалиндер күреске, бокске, шахмат жарыстарына қатысып, жүлделі орындарды бірнеше рет жеңіп алды. Жатақханадағы бір бөлмеде мен, Тілесов Ерболат, Манахов Құлжан, оның інісі Жақанов Қуанытқан және Нұрғалиев Бағдаулет бесеуміз бірге тұрып, бір үзім нанды бөліп жеп, ас-тұздың дәмін үш жыл бірге таттық. Таулығымызға да шек келтіруге болмайтын еді. Тамақ дайындауда Ерболат алдына жан салмайтын шебер еді. Ақшамыз болмай, қарнымыз аша бастағанда біз Ерболаттың аузына қарайтынбыз, ол әрбір жағдайда ақыл-кеңесін айтып, қиындықтан қалай шығудың жолын сілтейтін. Оны біз құптап отыратынбыз, ол біздің бөлменің ұйтқысы бола білді. Бізге бірге оқитын досым, кейіннен о дүниелік болған Мәмбетжанов Шүкір қонаққа жиі-жиі келіп тұратын.

Сол жылдардағы «менің академиям» несімен есте қалды? Оқытушылардың өз ісіне шексіз берілгендігі, уақытпен санаспай, жан-тәнімен жұмыс істеуі бізді білім алуға еріксіз жетелейтін. Рас, мен топ жарып, үздік оқыдым дей алмаймын, бірақ оқуға деген құштарлығым өз дегенін істеді. Оған техникум бітірердегі мемлекеттік сынақтар қуә бола алады. Мен тапсырған үш сынақтан да үздік баға алып шықтым. «Заманы бірдің — талабы бір» деген сияқты, біздермен бірге техникумда көп қыздар оқыды. Ол кезде әдет-ғұрып қазіргідей емес, техникумда тәртіп қатаң, қыздар техникум ауласындағы жатақханада тұрады, оларға күндізде бейсауат бара бермейміз. Тәртіпті де сақтай білдік, бір-бірімізге құрметпен қарап, сыйласа да білдік. Қандай жағдай болмасын, бір-бірімізге қол ұшын беріп, қамқоршы болатынбыз. Анда-санда біздің жатақханаға қыздар келетін, кейде олардың жатақханасына біз де сыйлы қонақ болып барып тұратынбыз. Осы кездерде мен қыздардан би билеуді үйрендім. Ол үшін бірге оқыған

қыздар бізді би алаңына алып шығады, немесе жатақхананың ішінен бір бөлмені босатып, музыканы қосып, бірекі сағат бойы қажымай-талмай, ерінбей бізді би билеуге үйрететін. Артынан, менің әжептәуір би үйренгенім, өмірдің кейбір белестерінде рухани қазынаңның болғаны пайдасын тигізді.

Сонымен, техникум жолдамасымен өмірден өз орнымызды табуға аттандық. «Сенде бір кірпіш дүниеге, кетігін тап та бар қалан», деп ұлы Абай айтпақшы, бізде сол кірпіштің бірі болып кете бардық. Мен жолдама қағазбен Ақтөбе облысының Хобда ауданындағы тың игеруге байланысты жаңадан құрылған «Әдибұлақ» деген шағын кеңшарда еңбек жолымды бастадым. Ол кезде кеңшардың аумағы бір бөлімшенің көлеміндей, мал шаруашылығымен қатар егін шаруашылығы қатар жүреді. Мемлекетке астық тапсыру жоспары бар, оны орындамау кеңшар басшылары үшін партия билетімен, қызметімен қоштасу деген сөз. Сондықтан біз астық пісе қырманда күндіз-түні ырғақты мезгілмен жұмыс істейміз. Шаршадым деген сөзді ешкім де есіне алмайды. Ол кезде кеңшар директоры болған Лукьянчук Роман Маркович, Маллин Маулім Юсупович, Абірезов Нұрмұхамбет, шаруашылықтың бас есепшісі Бармақов Базарбай дамыл көрмейтін. Олардың қай кезде тамақ ішіп, қай кезде демалатынынан біз бейхабар едік, тәуліктің қай уақытында да жұмыстың қайнап жатқан жерінен көретінбіз. Мен өзім де осы кеңшарда бес-алты ай бас есепші қызметін атқардым. Сол кезде байқағаным шаруашылық еңбеккерлерінің тынымсыз тіршілігі, қысы-жазы дамылсыз еңбектері осы кісілерге деген ынта-ықыласыңды арттыра түсетін. Мен осы кеңшарда екі жыл жұмыс істеп, бірталай тәжірибе жинақтадым. Одан кейінгі жылдарда еңбек майданы Шалқар және Ырғыз ауыл-шаруашылығы өндірістік басқармасына, Ақтөбе мал семірту кеңшарларының тресіне ауысты. 1964 жылдың жазында Ырғыз ауданында кітапханада істейтін Бақытжамал деген қызбен таныстым. Оған баяғы менің кітапқа деген құштарлығым себеп болды ма, әлде құдай біздің дәм-тұзымызды бірге бұйыртып тұр ма екен, кім білсін.

Кітапхана өзiм жұмыс iстейтiн кеңседен онша қашық емес, күнiне екi-үш рет барып газет оқимын. Кітапханашы қыздан үйге алып кетiп оқуға кітап сұраймын. Келген сайын, аққұба, талдырмаш, ұзын бойлы бойжеткен мені жылы шыраймен қарсы алып, шығарып салады. Ол жымыған кезде меңсiз аппақ жүзiне нұр ойнап, екi бетiнiң ұшына қызғалдақтың түсiндей бояу үйiрiле қалатынын қайтерсiң.

Кұдайдың бұйрығы шығар, 1964 жылғы қарашаның 18 жұлдызынан берi отасқан сүйiктi жарым Бақытжамалмен осы кітапхана қабырғасында танысқан едiм. Ол өзiн жанұяға арнаған, ойы жүйрiк, тәрбиелi жердiң қызы. Шөмекейдiң Көнек руынан тараған. Әкесi Құнпейiс бұрын байдың баласы, кейiн кеңес заманында сирағы шыққан кедей болған. Бiз қосылғаннан кейiн көп ұзамай 64 жасында ауыр науқастан қайтыс болды. Шешесi Құнзағира Қостанай облысы Торғай өлкесiнде туып өскен, Орта жүздiң Арғын руынан, жоқшылыққа ұшыраған отбасынан шыққан жаны таза, жүрегi ақ, қолы ашық, балаларын жанындай жақсы көретiн, аяулы ана едi. Мен оның сүйiктi күйеу баласы болғанымды үлкен ризашылықпен еске аламын. Ол кiсi он шақты құрсақ көтергенiмен, тұрғаны — Бақытжамал мен iнiсi Сайлау ғана. Осы абзал ана 78 жасқа келiп қайтыс болды, бейiтi Ақтөбе қаласында. Бақытжамалдың жалғыз iнiсi Сайлау осы ғасырдың қасiретiне — iшiмдiкке тап болды, соның кесiрiнен 43 жасында Павлодар қаласында қаза тапты, қолымыздан келген жақсылығымыз — басын қарайтып, жанына ескерткiш орнаттық. Сайлаудың қасiретi осылай аяқталды.

Бақытжамал өзiнiң саналы өмiрiн мен бiлетiн кезден бастап, екi қызметке ғана бағыштады. Әуелi кітапханада iстедi, содан кейiн студенттер жатақханасының меңгерушiсi (коменданты) болды. Оның соңғы тоғыз жылы Қазақтың мұғалiм әйелдер даярлайтын институтының жатақханасында өтiп келедi. Ол қыздардың екiншi анасындай, өз ортасына сыйлы, беделдi, ер жүректi ана. Келiнiнiң алдында да сыйлы, ал немересi Әлия әжесi дегенде iшiп отырған асын жерге қояды. «Ердiң мерейi әйелiнiң қас-қабағында» дейдi қазақтың

аталы сөзі. Екінші бір нақылда: «Атың жаман болса сатып құтыларсың, қатының жаман болса қайтіп құтыларсың» — деп те айтады.

Олай болса жанұяның бақыты үйдегі отбасының ұйтқысына байланысты десем, қателеспейтін шығармын. Менің жоғары оқуда оқығаным, онан кейін бірнеше жыл уақытымды ғылыми еңбекке сарп етуім аяулы жарымның шынайы еңбегі деп білемін. Енді сөзімді әрі қарай жалғастырайын.

Ақтөбе қаласына жұмысқа ауысқаннан кейін, білімнің тайыз екеніне көзім жетіп, 1967 жылы Бүкілодақтық заң институтына сырттай оқуға түстім. Оны бес жылда тамамдап, көптен күткен арманым — жоғары білімді маман болдым. Оқудың төрт жылы біткенде заң институтының ғылыми кеңесі Ақтөбе облыстық халық депутаттары кеңесінің атқару комитетінен мені алдағы мамандығым бойынша жұмысқа алуды өтінген болатын. Өйткені менің болашақ мамандығым мемлекеттік құқықтық ұйымдарға арналған-ды. Облыстық атқару комитеті жаңа қызметті Қарабұтақ ауданының кеңес ұйымдарынан бастауға жолдама берді. Қарабұтақ аудандық кеңес атқару комитетінің төрағасы Мұхит Тасыбаевты бұрын бір-екі рет көріп, таныс болғанмын. Сөйтіп, 1971 жылы наурыз айының 1-і күні таңертең Қарабұтақ аудандық халық депутаттары кеңесі атқару комитетінің (Әрі қарай — «атқару комитеті» деп атаймын — А. Қ.) табалдырығынан аттадым. Мұхит мені жылы қарсы алды. Мұхаң көпті көрген, Ұлы Отан соғысына бастан-аяқ қатысқан, жасы әлі елуге тола қоймаған, орта бойлы, тығыншықтай, жігерлі, қайратты кісі. Жастайынан қоғамдық өмірге белсене араласқан, осы облыстың Алға ауданында комсомол, партия, кеңес қызметтерінде болып, 1965—1973 жылдары Қарабұтақ аудандық атқару комитетін үздіксіз басқарды. Әңгіме болып отырған жылдардан кейін Мұхаң облыстық кәсіподақ ұйымының бір жетекші саласына басшылық етіп, сол жерден зейнет демалысына шықты.

Мұхаң аудандық атқару комитетінде ұйымдастыру-нұсқау бөлімінің меңгерушілігі қызметінің бірсыпыра уақыттан бері бос тұрғанын, оған лайықты адам сұрап,

облыстық атқару комитетіне өтініш жасағанын, мұндай жұмысқа жас маманның келгеніне ризашылығын білдірді.

Ол кезде қандай лауазым иесі болсаң да партия басшылығынсыз өз бетіңше бір мәселені де шеше алмайсың. Осындай әбден қалыптасқан қатаң тәртіп бар. Сондықтан Мұхаң мені аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Нұржанов Рамазанның алдынан өтуімді міндеттеді. Мен ұзын арқан, кең тұсауға салмай, аудандық партия комитетінің қабылдау бөлмесіне кірдім. Рамазан мені көп кідіртпей, жылы шыраймен қабылдады.

Жас шамасы әлі қырыққа жетпеген, байсалды жігіт екені көрініп-ақ тұр. Менің хал-жағдайымды сұрап алды да, Рамазан жергілікті кеңес — халықтық үкіметтің көзі, оның жұмысына ерекше көңіл бөліп, қамқорлық жасауымыз керек деп отырды. Бір байқағаным, Рамазан аудан көлеміндегі тіршілікті ұнғыл-шұңғылына дейін білетіндігімен және ауыл өмірінде шешілмей жатқан келелі мәселелерге үнемі ден қойып отыратындығымен, сондай-ақ оны жақсартудың ең тиімді жолдарын жан-жақты ойластырып, ауылшаруашылығы өндірісі мамандарын дұрыс бағыттап білетіндігімен маған ерекше әсер қалдырды. Әйтпесе, ақыл айту өркімнің-ақ қолынан келеді емес пе? Бірақ орнын тауып, көкейге қонарлықтай кеңес беру, ойын анықтап айқын жеткізу — бұл тек өз ісін жете білетін, күрделі мәселені өз деңгейінде шеше білетін, өзіне де, өзгеге де талап қоя алатын адамға тән қасиет. Бұған оның кімге де болса ақжарқын, ынта-ықыласпен бүкпесіз сөйлесе алатын ашық мінезін қоссақ, хатшының өз орнындағы адам екенін байқау қиын болмас. Өзім кейін де байқап, аңғарған осы бір қарапайым жанның ойзердесі өмір жолында кімге де болса сабақ болғандай еді. Рамазан осы ауданнан Мәскеудегі Жоғарғы партия мектебіне оқуға аттанды. Оны бітірген соң облыстық мекемелерді басқарды, Темір аудандық партия комитетінде бірінші хатшы болды. Соңғы жылдарда облыстық халық депутаттары кеңесінде төрағаның орынбасары болып жауапты қызметтер атқарды. Рамазан сан

алуан жұмыстарды атқара жүріп, өзінің негізгі мамандығы — тарих білімін де ұмытқан жоқ. 1978 жылы Қазақ мемлекеттік университетінде көп жылғы еңбегінің нәтижесі — тарих ғылымдарының кандидаты деген ғылыми атаққа ие болды. Қазір ол Ақтөбе қаласында құрметті зейнеткер, оған қоса ауылшаруашылық кешенінде қызмет етеді.

Енді Қарабұтақ атқару комитетіндегі қызметіме оралайын. Дәм-тұз тартса, алды-артыңа қаратпайды екен, мен осы екінші туған жерімдей болған Қарабұтақ өңірінде табаны күректей он жыл сегіз ай он алты күн еңбек еттім. Осы елде жүріп мен институттағы оқуымды аяқтадым, диплом алдым. Балам Мейрімхан он жылдық мектепті бітіріп, қолына аттестат, өмірге жолдама алды. Оған қоса, заң ғылымдарының кандидаттығына диссертациямды қорғағанымда да осы ауданның деректеріне сүйендім. Аудан азаматтары, ел-жұрты маған жақын ағайын-туыс бола білді, жаманымды жасырып, жақсымды асырды.

Тарихқа үңілсек, көбіміз жұмбақ болып келген қазақтың мидай даласын, оның ішінде ертеректе нуы мол, суы мол болған тақтайдай жазық таза жерлерді ешбір аймақтан кездестіре алмайсың. Керек десен, кезінде кеме жүзетін Қарабұтақ деген өзені де болған, қазір суы тартылып, арнасы ғана қалыпты. Қарабұтақ ауданы 1936 жылы осы өзеннің сағасында бой көтерген. Елуінші жылдарда тың игеру эпопеясының облыстағы орталығы болған. Осы ауданның жерінде ондаған тың игеруші совхоздар құрылды. Олардың арасында «Северный», «Киевский», «Ярославский», «Псковский», «Комсомольский», «Жаңа дәуір», «Урожайный» және тағы басқа да шаруашылықтар бар. Кешікпей алпысыншы жылдардың ортасында осы совхоздардың негізінде жаңа аудан — Комсомол ауданы оңаша отау тікті. Кейін бұл аудан қазақша «Бөгеткөл» деп аталды. Қызмет істеген жылдарымда ауданда сегіз кеңшар, жеті ауылдық кеңес ұйымдары, екі жол пайдалану бөлімшесі, автомобиль кәсіпорны, орман шаруашылығы, тұтынушылар қоғамы, тұрмыстық қызмет көрсету комбинаты, байланыс торабы, бірсыпыра әлеуметтік-

мәдени ошақтары болды. Осылардың жұмысын партия ұйымының басшылығымен аудандық атқару комитеті үйлестіріп отыруға міндетті. Бірақ жоғарыда ескерткенімдей, атқару комитетінің басшылары аудандық партия комитетінің рұқсатынсыз бір мәселені де шеше алмайтын. Сондықтан Мұхаң не мәселені шешем десе де, әуелі барып аудандық партия комитетінің басшыларымен кеңесетін яғни оның бюросының келісімін алатын. Өзіңнен бір саты жоғары тұрған кісінің пікіріне ден қойып, құлақ асуың керек. Онсыз әкімшілік-басқару жүйесінің ырғағы бұзылады. Осы қызметке келген екенсің, оны сен басты міндетің деп білуің керек.

Міне, осындай жан ауыртар, жүрек сыздатар тосын суретті, жұмыс жүргізу тәсілінің көлеңкелі жақтарын көріп, көңілім құлазып сала берді. Сонда В. И. Ленин айтқан: «Барлық мемлекет билігі – Кеңестерге!» – деген ұран қайда қалды деген ой мазалай берді. Халықтың: «Күйігін жасырғанның көңілі жұбанбас» деген даналық сөзін еске алып, мен мансап қуып келмегенімді, осы жерді, өмірді тереңірек түсініп, аянбай еңбек етіп, тер төгу керек екенін өзіме алғы шарт етіп қойдым. Жаңа қызметке қызығып кірістім деуден гөрі, қызынып бастадым деу орынды болар. Барлай қарап, байыбына жете түскен сайын мен үшін тосын, оңайлықпен бауыр баса қояр қызмет емес екендігі байқала түсті. Еш қоспасы жоқ, қағазбасты жұмыс екен. Менен кейін іле-шала әскер қатарынан оралған Қуаньшөлин Жасарал Мінажадинұлы өзім істейтін бөлімге нұсқаушы болып орналасты. Аудандық және ауылдық кеңестердің жұмысын жандандырамыз деген мақсатпен күндіз-түні олардың жұмыстарына талдау жасаймыз. Атқару комитетінің айына екі рет болатын мәжілістерінде қаралатын мәселелердің, қарарларының жобасын дайындаймыз, үш айда бір болатын сессия мәжілісіне қыруар қағаз жазамыз. Ауылдық кеңестерде жұмыс істейтін әріптестеріміздің жағдайы бізден де мүшкіл. Аудандық атқару комитетіндегі жазылатын қағазбастылық оларда да қайталанатын. Халықтан ет, жүн, сүт және тағы басқа шикізат дайындау секілді

кеңестерге жүктелген жұмыс — осының ішіндегі ең ауыры, ол осы жылдарда кеңес қызметкерлерін қажытып жіберді. Келешекке деген сенімін жоғалтты. Ұйымдастыру-нұсқау бөлімінде екі жыл жұмыс істегеннен кейін мен Мұхаң жағдайымды айтып, басқа жұмысқа ауыстыруын өтіндім. Қойшы, 1973 жылдың жаз айындағы өткен сайлаудан кейін аудандық атқару комитетін қайта тағайындаған кезде мені аудандық жоспарлау комиссиясының төрағалығына бекіттірді. Мен бұл жұмысты сексенінші жылдың басына дейін атқардым. Бұл кезде мен жұмыс тәсілін толық меңгеріп, арасында ғылыми еңбегімді жазып, аяқтап қалғанмын. Мұхаң кәсіподақ ұйымына жұмысқа ауысқаннан кейін, 1973 жылдың күзінде атқару комитеттің төрағалығына Чесоданов Федор Евгеньевич деген ауылшаруашылық өндірісін бес саусақтай білетін маман келді. Аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып Алдияров Төлеу сайланды. Сонымен жаңа басшылармен қызметтес болу сәті түсті. Федор Евгеньевичтің жақсы қасиеті: жұмыс істей білген кісіге — жеңіл шаруа жоқ деген қағиданы басты мақсат етіп қойды да, өзі де жан-тәнін салып жұмыс істеді, өзгеге де айтқанын істете білді. Мен осы кісіні кездестіргеннен бері «білемін» деген сөзді кесіп айтуға осы кезге дейін аузым бармайтын болды. Федор Евгеньевич ертеңгі сағат жетіде жұмысын бастайды, содан сағат кешкі онға дейін кеңседе болып, келесі күннің тіршілігіне жоспар жасайтын. Жұмыс сағаттарында кеңшар, аудан мекемелерін, кеңес ұйымдарын аралап, олардың жұмыс тәсілдерімен танысып, ақыл-кеңес беретін, атқару комитетінің шеңберінде шешім қабылдап, оның орындалуын қатты қадағалап отыратын. Осыдан кейін атқару комитетінің ұйымдастыру тәсілі өзгеріп, қызметі жандана түсті. Тағы бір есте қалған жәйт: Федор Евгеньевич әлдеқайда тапсырма беріп, ол орындалмай қалса және сол адамның лауазымына байланысты ол жұмыс істелуге тиіс болса, ол шаруа тынды дей беріңіз. Ол өзі де тыным таппайды, әлгі лауазым иесіне де маза бермейді, нәтижесінде жұмыс тындырылады. Сонымен қатар, Федор Евгеньевич жаңалыққа жаны құмар, оқимын, ізденем десең,

жан-тәнін аямайды. Өзі жасында қиыншылықты көп көріп, орта және жоғары білімді өндірістен қол үзбей жүріп оқып-үйренгеннен ғой деп ойлаймын. Осы Федор Евгеньевичтің тұсында Жасарал университетке оқуға түсіп, тіл маманы болып шықты. Кейін Қазақстан Республикасы парламентіне депутат болып сайланды, ал мен болсам Федор Евгеньевичтің қолдауымен сырттай ғылыми зерттеуші болып, Ғылыми академияның философия және құқық институтына тіркелдім. Федор Евгеньевич адал еңбегінің арқасында көршілес Комсомол аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып сайланып, көп жыл жемісті қызмет атқарды. Қазір Ақтөбе облыстық ауылшаруашылық кешенінде еңбек етеді.

Ауданның бірінші хатшысы болған Төлеу Алдияров бес жыл қызмет істегеннен кейін, облыстық қаржы бөлімінің меңгерушілігіне тағайындалды. Төкең Ақтөбе облысының бірнеше аудандық партия ұйымын басқарған, тәжірибесі мол, саналы, дара тұлғалы азамат еді. Өкінішке орай, қаржы бөлімінің меңгерушілік қызметінде жүргенде ауыр науқастан 58 жасында дүние салды.

Дәл осы кезде біздің ауданның партия ұйымын басқаруға Кемейдолла Төлеубаев келді, мамандығы — заңгер, Қазақ мемлекеттік университетінің заң факультетін бітірген. Кейін жоғарғы партия мектебін және экономикалық білім жетілдіру институтын бітірген. Көмекең жұмысқа берілген кісі. Кісіні бір сөйлескеннен-ақ танитын, кімнің қандай қабілеті барын да тез аңғаратын. Аудандық партия комитеті мен атқару комитетінің жұмысын жаңарта отырып, жандандыра түсті. Ол кісі жұмысты жастайынан ұжым шаруашылығында шатауаттықтан бастап, прокуратураға дейін көтерілді. Осы мекемеде тергеу жұмысына да араласқандықтан аудан шаруашылықтарындағы экономикалық және есеп-қисап жұмыстарына үлкен мән берді. Көмекеңнің тұсында ауданда жоспарлау комиссиясының, статистикалық талдау мекемесінің, қаржы бөлімінің жұмыстары ырғақты қалыпқа түсті. Жоспарлау комиссиясының төрағасы, аудандық атқару комитеті төрағасының орынбасары болып сайланды. Бірінші хатшының тағы

бір қасиеті — ол еңбек ұжымдарын жиі аралауға, қайнаған өмірді өз көзімен көруге асығатын. Әсіресе, ол ауылшаруашылығы еңбеккерлерімен біте қайнасып, солардың тұрмыс жағдайына, тыныс-тіршілігіне ерекше мән беретін. Ауылшаруашылығы қызметкерлерінің аудандық кәсіподақ комитетінде төраға болып істеп жүрген кезімде мен мұны айқын аңғардым.

Өмір жолыма көз тастасам, Қарабұтақ ауданы атқару комитетінде бірге істеген қызметкерлер маған естен кетпес із қалдырыпты. Ауызбіршілігі мол азғантай ғана ұжым еді, бір-бірімізбен сыйласа жүріп күнделікті міндетімізді мінсіз атқарып, біте қайнасып, араласып кеттік. Жоғарыда төрағалар жөнінде бірсыпыра жылы сөздер айттым. Бірақ, төрағалардың көмекшілері де болмай қалған жоқ. Олардың жұмысына, іс-қимылына нақты жәрдем беріп отырмаса, аппарат қызметі ырғақты жүрмеген болар еді. Мұхит Тасыбаев, Федор Евгеньевич Чемоданов, Абылай Балманов төрағалық қызметте болған кездерде жұмыс істеген олардың екі көмекшісін ерекше атап өткім келеді. Олар атқару комитетінің жауапты хатшысы Әшірбеков Сейдалы мен жалпы бөлім меңгерушісі Қарабасов Жылқайдар. Бұл екеуі де кеңес жұмысына адал берілген, тапсырылған істі уақытпен санаспай, таза, ар-ожданымен атқаратын адамдар болатын. Екеуі де осы аппаратта отыз-қырық жылдан артық жұмыс істеп, дүниеден озды. Аудандық атқару комитеті төрағаларының орынбасарлары болған Момынбаев Жолшы, Еламанова Сара Иманбайқызы, Қойлыбаев Әліби, Қонысбаев Оңғар — аудан еңбекшілерінің әлеуметтік-экономикалық тұрмыс жағдайын жақсартуға ат салысқан, бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, қажет кезінде істің мүддесі үшін өткір сындарға дейін барған, бірақ бір-бірінің қадіріне жете білген, адамгершілік қасиеттеріне дақ түсірмеген сыйлы, үзенгілес қырандар. Осы кітапта ойға оралатын қайрат-жігерін, көпшіл мінездерін, іскерліктері мен мақсаткерліктерін түгел тізіп шыға алмаспын. Шындыққа жүгінсек, шығыс елінің бір данасы айтқандай, әрбір адам жазылмаған тарих қой. Осы аты аталған азаматтардың қай-қайсы да дара тұлға. Халық үшін жан-

пида деп құрғақ сөзбен ұрандап жүргендердің көбісінен бұлардың артықшылығы нақты істерімен үлес қоса білгендіктерінде. Іс мүддесі үшін күй таңдамай, қиындыққа мойымай, сылтау айтып, уақыт оздырмай, күн жүріп, түн қатып қызмет атқаратын еді олар. Абырой жинайын, атақ алайын деген ойларында да болған жоқ. Туған ауылының тамағы тоқ, көйлегі көк болса екен, ауызбірлігі мол болып, ет-бауыры бүтін болса екен, тұрмыстары жақсарып, еңселері биік болса екен деген ізгі ниет қана болды оларда. Мен оларды сол үшін де алғыс сезіммен еске алып отырамын.

Ауданда күнделікті күйбең тірлік таусылмайды, мәні зор ауқымды істерден бастап, ұсақ-түйек шаруаларға дейін атқару комитеті араласып отырады. Өйткені шаруашылық, мәдени-тұрмыстық, халыққа медициналық жәрдем көрсету, азық-түлікпен қамтамасыз ететін тұтынушылар қоғамы — аудандық атқару комитетінің бөлім басқармалары болып саналатын. Сол кездерде осы ұлан-асыр міндеттерді атқарысқан қызметтес достарымның атын атағым келеді. Ауылшаруашылық басқармасын әуелі Әліби, одан кейін Оңғар басқарды, олардың орынбасарлары Жалғасбаев Сейділла, Сүйінбаев Есен, ал алдыңғы екеуі атқару комитеттің төрағасына орынбасар және мүше болып сайланды. Аудандық тұтынушылар қоғамында жеті кеңшар жұмысшылар кооперациясы, шикізат дайындау мекемесі, сауда-саттықпен айналысатын жүзден аса кішігірім дүкен, асқаналар халыққа қызмет етті. Осы жерде басқарма төрағасы болып Қазбек Уалиев, оның орынбасары Зейнолла Құлдықов, Мұратбек Әлмұхамедовтер көп жылдар үздіксіз жемісті жұмыс істеді.

Аудандық ірілендірілген ауруханада бас дәрігер болған Жантөре Құмаров, мәдениет бөлімінде Құдайберген Бахтияров, Іскендір Мұратханов, Алмат Көрпебаев, оқу бөлімінде Достан Жапаров, Достан Сисекенов, ішкі істер басқармасында Жүсіпбек Биханов, Қуандық Бекетов, жүк және жолаушылар таситын автотранспорт кәсіпорнында Мырзатай Мырзабеков, жол құрылысы мен пайдалану бөлімдерінде Орынбасар Ермағамбетов, Әзім Мұратов, май-сүт зауытында Зейнолла Ордабаев,

тұрмыстық қамту комбинатында Жақсылық Сарсенғалиев, кино жүйесінің әкімшілігінде Рауф Фазкуллин, орман шаруашылығы мекемесінде Нағи Әбдірахманов, байланыс торабында Боқай Демесінов, аудандық прокуратура және сот мекемелерінде Ният Есетов, Нұрым Сабырғалиев, Махамбетәлі Тийшбаев, аудандық әскери комиссариатта Мирас Темірғалиев – осылардың бәрі тағдырлас, табиғаты жақын, өмірдің ыстық-суығын тең көтеріп, жақсылығы мен жамандығына ортақ болған жандар. «Жазымыштан озмыш жоқ», біразы бұл дүниеден өтіп кетті. Тірісіне аман-саулық тілеу, аруақтарға салауат айту парыз ғой. «Жақсы сөз – жарым ырыс» деп қазақ атамыз бекер айтпаған ғой. Көргендерімді, көңілге түйгендерімді қалт жібермеуге тырысып ортаға салып жатырмын. Кейінгі ұрпақ ағалары мен аталарының ізгі, асыл қасиеттерінен нәр ала жүрсін.

Әр кәсіптің өз қиындығы мен қызығы бар. Ол атам заманнан қалыптасқан. Дегенмен жыл он екі ай демалыс көрмей, бар өмірін ұшы-қиыры жоқ ауылшаруашылық өндірісіне бағыштаған шаруашылық басшылары мен мамандарына деген ықыластың жөні бөлек. Мына дәулет те, сәулет те адамға нағыз керекті азық-түлік пен киім-кешекке байланысты емес пе?! Қарабұтақ ауданында жеті кеңшар болды. Оларды өз ісін жақсы білетін білікті мамандар басқарды. Өзім білетін кеңшар директорларының бірсыпырасын атап өтсем деймін. Сол кезде «Ақкөл» кеңшарының директоры болып Сағитжан Құлмахамбетов, Мұса Алданиязов, «Талдықта» – Құлмұхамбет Жасаров, Тасболат Тұяқбаев, «Қызыл жұлдызда» – Қуандық Сейтімпов, Нұрлан Төребеков, Ким Илья Ананьевич, Радик Көптілеуов, «Тасөткелде» – Абай Асанов, Орынбасар Наурызбаев, ХХ партия съезі атындағы совхозда – Серік Омарғалиев, Т. Г. Шевченко атындағы шаруашылықта – Әліби Қойлыбаев, Кеңес Қалжанов, Қауыпбай Жанбауов, «Бөгетбай» кеңшарында – Нұрат Орынбаев туралы ешбір кітаптан, ешбір диссертациядан кездестіре алмайтын іскерлікті, шаруашылық өндірісіндегі жүздеген проблемаларды шешудегі тапқырлықты алдарыңызға жайып салып, ұзақ таңға әңгімелеуге бар-

мын. Кезінде жүзеге асып, өндіріске жараған небір шытырман шешімдерді өздерінің ақыл-парасатымен алып шыққан механизатор, малшы, жұмысшылардың ізденістері туралы неге айтпасқа! Олардың тұжырымды ойларын, қанатты пікірлерін күн сайын, сағат сайын кеңшар өндірісінде пайдаландық емес пе? Кеңес Одағының батыры, халық жазушысы Бауыржан Момышұлы ағамыз:

*«Ақыл айтар мезгілде,
Мың жасаған шалдай бол.
Қатал болар мезгілде,
Шатырлаған жайдай бол.
Мейірім түсер мезгілде,
Ағарып атқан таңдай бол», —*

деп өсиет еткендей, кешегі күндерде зейнетінен бейнеті басым ауылшаруашылығы өндірісінің бар ауыртпалығын қайыспай көтеріскен кеңшар еңбеккерлерінің қажымас қайраттары кімді де болса таңқалдырмай қойған емес. Қанша мақтасаң да жарасқандай.

Өмірдің заңы — табиғаттың заңы, ал мен өзім жарты ғасырдан артық өмір сүрген кезімде ой елегінен өткізгенім: барына сүйініп, жоғына өзіңмен бірге күйіне білген басшыдан айналмайсың ба! Ондай адамдарды өз өмірімде көп көрдім. Соның ішінде, әсіресе Қарабұтақ ауданында қызмет істеген абзал жандар еске түсе береді. Теріс мінезді бірлі-жарым басшылар да болған шығар. Бірақ «білмегенді кешірмесең, білгендігің қайда жүр» демей ме қазақ.

Қойшы, сонымен 1980 жылдың басында мен аудандық атқару комитетіндегі жұмысымды өзгертіп, ауылшаруашылығы қызметкерлерінің аудандық кәсіподақ комитетіне төрағалық қызметке ауыстым. Осы комитеттің қауымдастығында жеті кеңшардан кәсіподақ жұмысшылар комитеті, кәсіподақ спорт қоғамының аудандық бөлімшесі және кәсіподақ қоғамының кино ісі жөніндегі кеңесі болды. Соңғы мекемеде төрағалық міндетті көптен атқарып келе жатқан, кино шаруашылығында тәжірибе жинақтаған, өз жұмысын жете білетін Шәріп Есенғұлов, ал спорт қоғамының жанашыры және төрағасы болған Асылбек Абдоллинді атағым келеді.

Ол кезде кәсіподақтар жұмысындағы жоқты бардай қылып көрсетуге тырысатын ұйымдық көпшілік шаралары кең етек алған. Лауазымыңды сақтаймын десең оның барлығын қағазға түсіріп, айына екі рет жоғарыға хабарлап отыруың керек. Кәсіподақ ұйымдарының жұмысымен танысқаннан кейін мен өзіме үш мәселені мақсат етіп қойдым. Біріншісі — кәсіподақ комитетінің қаржысын толықтыру, екіншісі — кеңшарлардағы кино ісін дамыту, үшіншісі — спорт қоғамының жұмысын жақсарту және жазда кеңшар өндірісінде жұмыс істейтін еңбеккерлер балаларының жазғы демалысын көңілді өткізу. Біз осы үш мәселенің төңірегінде де жұмысты жаман атқарғанымыз жоқ. Балалар демалатын жазғы көшпелі «Спутник» демалыс үйін Асылбек жақсы ұйымдастырып, онда спорттың бірнеше түрінен ойындар өткізді. Оған шаруашылық жөнінен көмекші болып, қолғабыс тигізген Ағытай Әділовтің де еңбегі жоқ емес. Облыс көлемінде өткен жарыстарда бұлар екі дүркін жүлдегер атанды. Өз өнерін көрсете алған Асылбек 1980 жылдың күзінде ХХ партия съезі атындағы кеңшардың жұмысшылар комитетіне төраға болып сайланды, бір жылдан кейін, мен Ақтөбеге жұмысқа ауысқан кезде, аудандық кәсіподақ ұйымына төрағалық қызметке жоғарлатылды. Осы айтып өткен жылдың қорытындысында кино жөніндегі аудандық кеңес Республикалық бәйгеге қатысып, оның жеңімпазы атанды және сыйлыққа су жаңа «УАЗ» жеңіл автомашинасын алды. Мұнымен қоса Республикалық кәсіподақтар кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

Біздің ол кездегі осы жұмыстарымыздың барлығы аудандық партия комитетінің және кеңшар парткомдарының қолдауымен өткенін айтуым керек. Кәсіподақ ұйымдарының іс-қимылы, бекер обалы не керек, партия комитетіндегі өз ісіне адал берілген азаматтар тарапынан кең қолдау тауып, айрықша көмек көрсету арқылы жүзеге асып отырды. Сол кездерде аудандық партия комитетінің хатшылары болған Құбайдолла Бітіков, Сұлтан Құрманалин, Төрехан Ізтілеуов, Шайзада Ахметова, бөлім меңгерушілері — Күнсәуле Сұлтанмұратов, Камен Төлебаев, Ны-

саналы Жаңбырбаев, Жаниша Селеубаева, Бақытжан Баймурзин, Қабылтай Халилов, Сағдолла Мұхамбетпайызов, аудандық «Жаңа өмір» газетінің редакторы – Раффадин Әйпейісов, аудандық бақылау комитетінің төрағасы Ғаббас Егізбаевты мақтанышпен еске аламын. Бұларды қалай ұмытарсың, олар ұйымдастырған жұмыстың бәрін жіпке тізгендей қылып айтып шығу мүмкін де емес.

Жасыратыны жоқ, Қарабұтақ ауданында жұмыс істей жүре, алдыма қойған мақсатымның бірі – жергілікті үкімет органының төменгі буындары – аудандық және ауылдық кеңес қызметіне талдау жасау, солар арқылы жетістіктері мен кемістіктеріне өзімше баға беру, олардың бейнетін жеңілдету болатын. Бірақ менің ғылыми еңбегімнің нәтижесінде олардың бейнеті жеңілдеді ме, жоқ әлде ауырлады ма, оған көзім жетпейді. Өйткені В. И. Ленин айтқан: «Барлық билік – халыққа берілсін!» деген ұран, өмір көрсеткендей, бос сөз болып қалды. Бұл ұранның тамырына балта шабылғанына бәріміз де куәміз. Ол кезде, әрине, бұл сөзге Құдайдай сендік, табындық. Оның қызметін қалай жандандырсақ екен деген ізденісте болдық. Сондықтан мен диссертациямды аудандық Кеңестердің шаруашылық басқарудағы тәжірибесіне арнадым. Осы талаптан туындайтын ғылыми еңбек дайындадым. Ол ғылыми еңбегімді Мәскеудегі КСРО ҒА-ның Мемлекет және құқық Институтының ғалымдары, Қазақ КСР ҒА-ның философия және құқық институтының ғылыми кеңесі мақұлдап, Қазақ Мемлекеттік университетінің мамандандырылған ғылыми кеңесі 1980 жылдың 27 қарашасында заң ғалымдарының кандидаты деген ғылыми атақ берді. Жастық шағымда ұмытылмас із қалдырған Қарабұтақ аудандық атқару комитетінде қызмет істеген кезде жинақтаған материалдарымды және Ақтөбе, Қостанай, Торғай облыстарының жергілікті кеңестерінің ұланғасыр іс-тәжірибелерін жинақтап, бір жүйеге түсірдім. Жергілікті буындағы үкімет органдарының шеңберінде атқарылатын қызмет жақсартудың бірсыпыра ұсыныстарын енгізуді көздедім. Осылардың бәрі менің диссертациялық жұмысымның негізгі арқауы

болды. Халықтың қақ ортасын жарып шыққан ғұлама ғалымдардың берген лайықты бағасын есту — аудан көлемінде қызмет істейтін мен үшін ұмытылмас оқиға, шексіз қуаныш болды. Маған тағдырдың өзі көмектесті десем көп қателеспеспін. Менің ғылыми еңбегімді ұдайы қолдап, ғылым жолымның инемен құдық қазғандай қиындығына сәт-сапар тілеп, ақыл-кеңес берген ғылыми жетекшім, Қазақ КСР ҒА-ның академигі, заң ғылымдарының докторы, байсалды, абзал аға Мұрат Тәжімұратұлы Баймаханов еді. Мұрат ағаның жылы қабағы, жайдары мінезі, үлкен-кіші деп бөлектемейтін қарапайымдылығы, есімі дүниежүзіне белгілі ғылым, мемлекет және қоғам қайраткері бола тұра, ешкімге кеуде көтермейтіндігі кездесе бермейтін керемет қасиет дер едім. Мен ол кісіге деген жылы лебізімді қайталаудан жалықпаймын. Ол Мәскеу Мемлекеттік университетінің Заң факультетін бітірген соң, мамандығы бойынша бірсыпыра уақыт Әділет министрлігінде қызмет істеп, Мәскеудегі заңгерлік аспирантураны тәмамдаған. Елге оралысымен Қазақ КСР ҒА-ның философия және құқық институтында отыз жылға тарта жұмыс істеп, оның кіші ғылыми қызметкерлігінен директорлығына дейін көтерілді. Осы кездерде бұл институттан бөлініп, мемлекет және құқық институты өз алдына отау тікті. Мұрат ағаның атына мақтау айтты деген орынсыз ой болмасын, бір мүшелге жетпейтін үлкендігі бар академик аға үзеңгілес інілеріне үлгі болуға тырысады. Мұрат Тәжімұратұлы 1992—1995 жылдары жаңадан тәуелсіздік алған Қазақстан Республикасы Конституциялық сотының төрағасы болды. Осындай жауапты қызметтерде жүрсе де, ғылыми еңбектен бір күн қол үзген емес. ҚР ҒА-сында, мемлекет және құқық институтында, «Қайнар» университетінде, Жоғары құқықтық «Әділет» мектебінде ұстаздық етуде.

Менің кандидаттық диссертацияма тәуелсіз сарапшы ретінде әділ бағасын даярлаған Өзбекстан Республикасы ҒА-сының философия және құқық институтының ғалымдарына, заң ғылымдарының докторы Мәскеулік София Владимировна Соловьеваға, Қазақстандық Май Кәкімжанұлы Жекбатыровқа шын жүрек-

тен алғыс лебізімді білдірдім. Қазақ мемлекеттік университетінің ғылыми кеңесінде ғылыми еңбекті қолдаған заң ғылымдарының докторлары Сұлтан Сартаев, Константин Флегонтьевич Котов, Георгий Федорович Поленов, Владимир Александрович Ким, Сұлтан Досымбековтың берген жоғары бағасы мені қанағаттандырып қана қойған жоқ, сонымен бірге зор сенім арқалатты және үлкен жауапкершілік жүктеді. Бірақ осы ағалардың өсиетін орындап, әрі қарай ғылыми еңбекті жалғастыруға жалқаулық мойын бұрғызбады, оның үстіне Қазақстанның тәуелсіздік алуымен бірге бұрынғы Кеңес мемлекетінің заңдары күшін жойды да, ал біздің мемлекеттің заң күші бар құжаттары енді-енді ғана қалыптаса бастауы қолбайлау болды. Ғалым ағалар алдындағы парызымызды өтей алмағанымна іштей өкінемін.

Он бір жыл тұрғанда Қарабұтақ жерінің топырағы маған бірталай өмірлік сабақтар бергенін жоғарыда айтқанмын. Бір күні бір күніне ұқсамайтын қызығы мол сол жылдар өмірді тереңірек түсінуге, адамдардың табиғатын тани білуге, өмірлік маңызы бар перспективалық мәселелерді айыра білуге, алуан сырлы тіршілік соқпақтарын ажырата білуге мүмкіндік берді. «Көре-көре көсем боласың, сөйлей-сөйлей шешен боласың» демекші, менің келешек өміріме, әсіресе Алматыға келгеннен кейінгі кездерде, осы Қарабұтақ ауданынан алған рухани нәрім көп кәдеге жарап келеді. Ол жылдар мен үшін үлкен мектеп болды. Мен қашанда құр аттай сергек, жинақы жүруге дағдыландым.

1981 жылғы қазан айының соңғы күндерінде ойламаған жерден Ақтөбе облыстық партия комитетінің идеологиялық жұмыс пен оқу ісін басқаратын сол кездегі хатшысы М. П. Слинченко шақырды. Ол кісінің тұжырымды сөзі: «Сен кандидаттық диссертацияны заң ғылыми саласынан қорғағансың, ал бізде жаңа ашылған үшқұштар жоғары мектебінде әуе құқығынан сабақ беретін оқытушы жоқ, сонда жұмысқа бар, пәтермен қамтамасыз етеміз» деді. Ал мен болсам: «Мен әуе құқығы деген пәнді оқыған да жоқпын, істеген де жоқпын, оның не нәрсе екенін білмеймін де» деп жүрексі-

нетінімді білдірдім. Оған қоса Қарағанды мемлекеттік университетінің заң факультетіне жұмысқа шақырған қағазы қолымда жүрген, өз ойым — университетке бару. Менің айтқан әңгімеме М. П. Слинченко құлақ асқан жоқ, біреуге телефон шалып: «Мен саған маман таптым, қазір қабылдап, пәтер мәселесін шешіңіз» деді. Ол кісі келешекте менің кафедрадағы бастығым әрі жоғары ұшқыштар мектебінің бастығы М. И. Митяшин болып шықты. Сол жерде облыс хатшысы Қарабұтақ ауданының партия комитетіне хабарлап, мені басқа жұмысқа ауысуыма байланысты қызметтен босату жөнінде ұсыныс қойды. Түстен кейін мен М. И. Митяшиннің қабылдауында болдым. Ол кісі көпті көрген, Ұлы Отан соғысы кезінде осы Ақтөбе ұшқыштар клубында жаттығу өткізген, қарапайым, ақжарқын кісі болып шықты. Михаил Ильич мені жылы шыраймен қабылдап, өзі жетекшілік ететін ұшу қауіпсіздігін сақтау деп аталатын кафедраға аға оқытушы болып, әуе құқығы жөнінен сабақ беретінімді, бір айға тәжірибе алу үшін Ленинград азаматтық ұшқыштар академиясына баратынымды, менің жанұяма деп үш бөлмелі пәтер ұстап отырғанын айтып өтті. Мен ол кезде қырыққа жаңа толғам, бар ниетім ғылыми жұмыстарымды әрі қарай жалғастырсам деп армандап жүрген кезім. Арман шіркін қайда жетелемейді! Ауданға келсем, менің Ақтөбедегі жоғары ұшқыштар мектебіне кететінімді естіп қалған бірсыпыра дос-жарандар келіп, құттықтап жатыр. Мен болсам көрмек түгіл, не екенін білмейтін жаңа жұмысты қалай алып кетем деп уайымдаумен болдым.

Әрине, менің бақытыма жұрт бірнеше жыл кезекте тұрып ала алмай жүретін пәтердің кілтін Митяшин 16 қарашада, Ақтөбеге жұмысқа келген күні қолыма ұстатты. Жұмысқа кірісімен он күн өтпей Ленинград сапары басталды. Әуе құқығы мен құжаттардан ұшқыштар академиясында бір ай оқылатын лекциялармен танысып, біршама тәжірибе алдым. Сөйтіп, Ақтөбе жоғары ұшқыштар мектебінде екі жылға жуық ұстаздық еттім. Қазір бұл оқу орны ҚР Қорғаныс Министрлігінің қарауына көшіп, әскери

ұшақ офицерлерін даярлайтын болды. Бұл әрине, егемендіктің нәтижесі, өзімнің кіндік қаным тамған өлкеде мұндай жоғары оқу орны ашылып, онда бұрын ата-бабаларымыздың өңі түгіл түсіне кірмеген мамандық иелері, қазақтың қара домалақ балалары әзірленіп жатса қалай ғана қуанбассың.

Алматыда өткен өмірімнің азды-көпті сырларына тоқталмай тұрып, Ақтөбе облысының ыстық ықыласына бөленген, есімі елге кеңінен танымал, облыстық партия комитетінде, бір жерде, бір қызметте жиырма екі жыл абыройлы қызмет істеп, қазір ұзақ жылдардағы бейнетінің зейнетін көріп отырған қадірлі азамат, менен мүшел жас қана үлкендігі бар Кеңес Нокин ағамыздың атына бір-екі ауыз жылы лебіз білдіруді өзімнің парызым деп санаймын. Халқымыздың дана ұлдарының бірі Кеңес ағаның қарамағында аз уақыт қызмет істеу бақытына ие болдым. Мен әңгіме етіп отырған кезде Кеңағаң Шалқар өндірістік басқармасының бастығы (бұрын Шалқар, Ырғыз, Мұғаджар аудандарының жер көлемін қамтыған) үлкен шаруашылықтың жетекшісі болатын. Әпер-бақан әмірші Н. С. Хрущевтың жарлығымен ұжым шаруашылықтарының (колхоздардың) кеңшарға (совхозға) айналып, аудандардың жойылып, облыстардың тоз-тозы шығып, оған қоса жаңа өлкелер пайда болып, аузында — халық даналығы, бойында — қабілеті мол азаматтардың орнынан алынып, қайтып үні шықпайтын жерге жіберіліп жатқан кезең болатын. Көптеген келелі мәселелер асығыстықпен шешіліп, арандатушылық өріс алған өртеніп тұрған кез еді бұл. Кеңағаң осылардың бәріне төзіп, болашаққа батыл қадамдар жасап, ол үшін күресе білген азамат. Оқуды Темірде зоотехникалық-малдәрігерлік техникумының оқушылығынан бастап, Алматыдағы Қазақ ауылшаруашылық институтына дейін тамамдаған. Бертін келе ауылшаруашылық өндіріс саласы мен ғылым жүйесін түйістіріп, ғылыми еңбек жазды. Соның нәтижесінде ауылшаруашылық ғылымдарының кандидаты деген дәрежеге ие болды. Ұлы Отан соғысы және одан кейінгі тың игеру заманында Кеңағаң қызметін колхозда, кеңшарда зоотехник, агроном болып бастап, кең-

шар директоры, Алға аудандық атқару комитетінің төрағасы, Облыстық және Шалқар ауылшаруашылық өндірістік басқармасының бастығы, одан кейін (1965–1987 ж.) Ақтөбе облыстық партия комитетінің хатшылығына жоғарылап, ауылшаруашылық саласына жетекшілік етті.

Әрине, мен Кеңес ағаның атқарған қызметтерін түгендеп шығу ниетінен аулақпын. Бірақ өмірден оқығаны да, тоқығаны да мол ұлағатты азаматтан адамгершілікті де, көпшілдікті де үйренудің артықтығы жоқ. Жаратылысынан жаны таза адал жан партиялық тапсырманы ар-ожданыммен адал атқарғанын бүкіл ел біледі.

Ата-бабаларымыздан бізге жеткен адамгершілік қасиеттің бес қағидасы бар: біріншісі – біреуге орынсыз тіл тигізбеу, мұны «ақыл – дос, ашу – дұшпан» деп те жүр. Екіншісі – әдептілік. Аталарымыз әдептен аспай, кішілік көрсету арқылы көсем болған. Үшіншісі – сен өзгеге күдіктенбе, өзгелер саған күдіктенбесін. «Иман жиям десең, пиғылыңды таза ұста», – дейді қазақ; төртіншісі – не істесең де ойланып іс қыл, бастаған екенсің аяғына дейін тиянақты жеткізе біл. «Ол сенің – ырысың» дейді; бесіншісі – біреуге қиянат жасама, одан артық күнә болмайды. Осыдан сақтана біл деген. Осы бес адамгершілік қасиеттің барлығын дерлік Кеңағаның бойынан табамыз. Осының арқасында аяулы ағаға алысы жақын болды, жаты дос-жарға айналды. Ағаға ұзақ өмір, немерелерінің қызығын көрсін деген тілек айтқым келеді.

Өмірде себепсіз ешнәрсе болмайды, ол ақиқат заңы. Менің Алматыға қоныс аударуыма 1982 жылдың желтоқсанында Қабарды – Балқар автономиялық Республикасының астанасы Нальчик қаласында өткен заңгерлердің ғылыми-теориялық конференциясы себеп болды. КОКП Орталық Комитеті мен Бүкілодақтық «Знание» қоғамының басқармасы ұйымдастырған бұл конференцияға одақтың ең таңдаулы заңгер ғалымдары жиналған болатын. Осылардың арасында КСРО ҒА-ның академия Д. А. Керимов, заң ғылымдарының докторлары Ю. А. Тихомиров, И. Ф. Панкратов, К. Т. Орловский және басқа-

лар болып, баяндамалар жасады. Біздің республикадан: Қазақ КСР ҒА-ның академигі М. Т. Баймаханов, Қазақ республикалық сараптау ғылыми-зерттеу институтының директоры, заң ғылымдарының кандидаты И. Б. Валиев, мен және басқа адамдар болды. Онда қаралған мәселені талдап жатпаймын, осы кездесулердің аяғы келесі жылдың көктем айларының бірінде Алматыдағы, жаңағы айтқан Сараптау ғылыми-зерттеу институты аға ғылыми қызметкерлерінің орнына конкурс жариялауға ұласты. Шілде айының 14 күні мен жұмысқа кірістім. Сөйтіп, жиырма жылдың үстінде қызмет етіп, күллі балалық, жастық шағым өткен, азды-көпті іс-тәжірибе жинақтаған, жар сүйген, бала көрген ыстық өлке Ақтөбе өңірімен енші айырдым. Туған жердің топырағы әрқашанда оттай ыстық, оның адамдарына деген жүрек ықыласы тұла бойынды елжіретіп тұрады.

Алматыға келген бетімде, қаланың жанынан саяжай сатып алып, жаз бойы сонда тұрып жаттым. Тамыз туа жеміс-жидек, алмұрт, алма, көз қызықтыратын түрлі жемістері пісіп жайқалады. Баққа оранған қала, Алатаудың баурайы, оның ғажайып табиғаты адамды өзіне тартып, еріксіз елітеді. Шет елден келген қонақтардың айтуынша, Қазақстанның астанасы Алматы дүние жүзіндегі әдемі қалалардың біріне жатады. Осы қаланы тастап, жаңа астана Ақмолаға көшу... халықпен санасты ма, өлде біреудің ойдан шығарған асығыстық шешімі ме, оның дұрыс-терісін уақыт көрсетер.

Ұлы Абай атамыз айтқандай: «Өмірдің алды – ыстық, арты – суық». Әділін айтсам, алғашқы жылдары біздің Алматыда тұрмыс-жөйіміз мәз болған жоқ. Оған әсіресе Бақытжамал қатты реніш білдіріп жүрді. Бірінші кезектегі көрген қиындығым 1981 жылы сегізінші желтоқсанда Алматы қаласы тұрғындар санының миллионға жетіп, қалаға келушілерге шек қойылуымен байланысты ішкі істер ұйымдарының азаматтардың төл құжатын (паспортын) тіркеу тәртібіне өзгерістер енгізуі болды. Ол бойынша әрбір жаңа көшіп келген азамат жанұясы Алматы қалалық атқару комитетіндегі өкімшілік Комиссиясы торағасының алдынан өтіп, рұқсат алуы ке-

рек екен. Бұл кезде осы комиссияны Заманбек Нұрқаділов мырза басқаратын (қалалық атқару комитеті төрағасының орынбасары). Институт директоры Мырзабек Бақыткерейұлының жазған өтінішіне қоса менің конкурстік комиссиядан өткенім жөніндегі құжаттар және басқа іс қағаздары тіркелген өтінішке Заманбек Қалабайұлы қол қойып, бір жылға тіркеу жөніндегі қағазды Алматы қаласы ішкі істер басқармасы төл құжат тіркеу бөлімінің бастығы, ішкі істер қызметінің майоры Телебаев Тұрсынғазы мырзаға жіберді. Бұл азамат өзінің кішіпейілдігімен, адамгершілігімен менің есімде ұзақ сақталды. Ол кезде отыздан жаңа асқан жас жігіт. Маған қалаға келушілердің көптігін, бәріне бірдей жұмыс және пәтер жетіспейтіндіктен туған қатаң шараларды айта келіп, төлқұжатымызды тіркеу үшін әйеліміз екеумізге заңға сәйкес 24 шаршы метр тұрғын үй табуымыз керектігін айтты. Ол кезде Мейрімхан Кеңес Армиясы қатарына шақырылып жүрген. Сонымен, ұзын сөздің қысқасы, өздеріңіз білетін «жетімбұрышқа», қазіргі Қонаев пен Мақатаев атындағы көшелердің қиылысына жиналды. Ол жерде — құжынаған адам. Әрқайсысында мен сияқты бірнеше проблема: тұрғын үй сатып алу, пәтер айырбастау, пәтер жалдау, төл құжаттарын тіркеуге орын іздеу — қойшы, әйтеуір сандалған халық. Солардың арасына мен де кіріп кеттім. Ертеден кеш жақсы деген ұлы халықтың дана сөзіне сәйкес, бір күндері Ульяна Тимофеевна деген зейнеткер апамызға тап болдым. Ол кісі маған үйінде тұратын орын жоқ, бірақ төлқұжат тіркеуге мүмкіндігі бар екенін, ол үшін үй жалдаған болып шарт жасап, ақысын төлесек, үй кітабын беретінін айтты. Менің қуанышымды көрсеңіз, төбем көкке жетті. Пәтер ақысын төлеп, үй кітабын алып Түрсекеңе жеттім, ол кісі кітапты әрі-бері ақтарып қарап, ол үйде тек қана 9 шаршы метр тұрғын аудан бар екенін анықтады. Енді не істейміз деп отырды да, жәрдемшілерінің бірін шақырып алып, Москва ауданы ішкі істер бөлімінің төл құжаттар тіркейтін бөліміне телефон шалды. «Мына кісінің бір өзін тіркесін, жанұясы келгенде тағы бірдеме жасармыз» деп тұжырымдады. Сөйтіп, Түрсекеңнің арқасында

Алматы қаласы Москва ауданының азаматы болып шыға келдім. Кейінгі кезде аты аталған азамат ішкі істер ұйымдарында басшы қызметтерде жүр. Мен оған әрқашанда ризашылығымды білдіре отырып, Тұрсынғазы сияқты азаматтардың ішкі істер қызметкерлерінің арасында көп болғанын қалар едім.

Ал енді желтоқсан айында Бақытжамал Алматыға келгенде, қалалық ішкі істер басқармасының жаңағы мен айтып өткен бөлімі, өзімді тіркеген үйге өйелімнің де төлқұжатын тіркеп беруге келісті. Бақытжамал ешбір қиындықсыз, өз мамандығы бойынша Қазақтың политехникалық институтына, Ақтөбеде істеген қызметіне тең жұмысқа орналасты. Ол кезде мен Гагарин көшесінен пәтер жалдап тұрып жатқанмын. Келесі жылдың жазында біз Виноградов көшесіндегі 244-үйдің төрттен бір бөлегін сатып алып, соған көштік. Ол жерде 17,2 шаршы метр ғана тұрғын жай бар еді. Осыған байланысты саяжайымызды және басқа дүние мүліктерімізді сатуға мәжбүр болдық. Ф. Энгельс айтқандай, дәстүрді тұрмыс биледі. Бізге алдымен пәтер, тұрғын үй мәселесін шешуді өмірдің өзі талап етті. Сонымен білекті сыбанып, пәтер береді деген мекемелерді жағалауға тура келді. Республикалық мекемелердің ішінен тандап жүріп Кеңес одағының су шаруашылығы және жер құнарлылығын арттыру министрлігіне қарайтын Алматыдағы «Главриссовхозстрой» Бас басқармасына жұмыс сұрай бардым. Оның кадрлар бөлімі маған бақылау-тексеру бөлімінде жұмыс барлығын, айлық жалқысы 160 сом екенін айтып, көңілің соқса осы бөлімнің бастығы Ерещенко Владимир Георгиевичке жолық деп кеңес берді. Бұл азаматтың айтуынша, жұмыс үздіксіз жолаушылық іс сапармен өтетін көрінеді, үйінде 5—10 күн болсаң, іс сапарда 25—30 күн боласың, яғни үнемі ат жалында жүресің. Ал пәтер алу үшін үш жылдай жұмыс істеп, өзінді іскер маман есебінде көрсете білуің керек. Сосын бастыққа өтініш жасап, кезектен тыс пәтер өперу жағына көмектесеміз дегендей болды. Бұған көнбегенде қайда барасың. Құжаттарымды дайындап, Бас басқарманың бастығы Гончарев Виктор Александрович мырзаның қабылдауында

болдық. Ол кісі Ерещенко В. Г. екеумізді жылы қабылдап, маған айтқаны: «Пәтер алу жөніндегі барлық мәселе өзіңізге байланысты болады. Ішкі тәртіпті қатаң сақтап, тапсырылған жұмысты жақсы, ынтымақтастықпен атқарып, өзіңді көрсете білсеңіз, пәтер ешқайда қашпайды» деді. Бұл 1984 жылдың сәуір айы болатын. Міне осы жұмыста мен табаны күректей жеті жыл істедім, оның рахатында, бейнетін де көрдім. Институт директоры Мырзабек ағамыз түсінігі мол адам еді, менің жұмыс ауыстыруыма кедергі жасаған жоқ, келешегіме тілектестік білдіріп, қызметімді адал атқаруыма салауат айтты. Бұл ағамызбен кейін зейнеткерлік демалысқа шығып, Институт директорлығынан босап, ғылым академиясында — заңгер қызметінде жүргенде де жолығып тұрдық, сәлеміміз әрқашанда түзу болды.

Орайы келгенде айтайын, тексеру қызметінің өзіне тән қиындықтары да бастан асып жатады. Мен өзгенің елегінен өткен фактілерді айтпай-ақ қояйын. «Көзбен көрген — анық, құлақпен естіген — жат» дейді ғой, мен де көргенімді ортаға салайын. Үй-күйсіз іс сапарда айлап жүрген кездерде уақтысында киім ауыстырып тұру, мезгілінде тамақтану, бос уақытта газет-журнал оқу дегеніңіз жайына қалады. Оның үстіне ішімдікке салынып кеткенінді өзің де білмей қаласың. Оның үстіне тексерушіні кім жақсы көреді. Тексере тұрып кемшіліктерді жазбай кетсең, тіпті пәлеге қалуың мүмкін. Бірақ адал еңбек, абырой сақтай білу әрқашанда өз жемісін береді. Мені келесі жылы, яғни 1985 жылдың қыркүйек айында тексеру-бақылау бөлімі бастығының орынбасары, ал екі жыл өткен соң, осы бөлімге бастық қызметіне жоғарылатты. Осы кездерде Борандай елді мекендегі «Водник» шағын ауданынан екі рет пәтер алдым. Соңғы пәтерді Мейрімханның жанұясына алып бердік. 1987 жылы Есік өзені маңынан саяжайға жер бөлді, оны мүмкіндігінше игеріп, екі қабатты тәптәуір үй салып алдық, бағбан болмасақ та жеміс ағаштарын отырғызып, күтіп-баптап дегендей қазір жыл сайын жеміс-жидегін жеп, игілігін көріп жатырмыз. Жұмыстан шаршап, қаланың түтіні мен қапы-

рығынан ығыр болып барғанда алдыңнан шығатын қоңыр самалы мен саялы көленкесі қандай десеңізші.

Енді алдыңғы әңгімемді жалғастырайын. Бірінші пәтерімізді Аэродром көшесіндегі көп пәтерлі үйге, кейін «Айнабұлақ» ықшам ауданындағы екі бөлмелі пәтерге алмастырдық. 1995 жылдың аяғында аталған пәтерімізді Жароков пен Виноградов көшелерінің қиылысындағы көп пәтерлі үйге тағы да алмастырып, қазір сонда тұрып жатырмыз. Осы аталған пәтерде Бақытжамал екеуміз 55 жасқа толған күнімізді атап өттік. Сөйтіп, Алматыға келгелі бері қаланың біраз жеріне күл төгіп шықтық десек те болады. Ол астанаға келген қазақтың бәрінің де басында бар ахуал.

...1989 жылдың қарашасы өлі есімде. Осы айда Света атты келін түсірдік. Бір баламыз екеу болды. Қазақта «бас екеу болмай, мал екеу болмайды» деген мақал бар ғой. Света деген баламыз қазақтың әп-әдемі, үріп ауызға салғандай қызы. Мейрімхан мен екеуі түйдей жасты. Қарабұтақта екеуі он жылдық мектепті бірге бітірген. Құда-құдағиымыз Бекетов Қуандық, Күнжан Қарабұтақ ауданында бірге қызмет істеген, өнегелі жанұяның бірі. Қуаныш ұзағынан болсын дегендей тойға келген дос-жарандар, қызметтес жолдастар жүректен шыққан шынайы тілектерін білдіріп жатты. Ол кезде Мейрімхан ұйымдастыру-техникалық тресінде қызмет істейтін. Аз ғана уақыт өткен соң Света Алматы облыстық сотының мұрағат меңгерушісі болып орналасты. Оған дейін Талдықорғандағы заңгерлер даярлайтын техникумды бітіріп, Ақтөбе қаласының халық сотында сот орындаушысы болып қызмет істеген. Аэродром көшесіндегі үйіміз тар болғанмен, сыйластықпен, тату-тәтті өмір кешіп жаттық. Келесі жылы 7 тамызда Әлия деген сүйікті немереміз дүниеге келді. Қуанышымыз, бақытымыз осы Әлия. Жаз шыға демалыс күндері бәріміз саябаққа кетеміз, Әлия суға түскенді, саябақта секіріп ойнағанды жақсы көреді. Атасы мен Әжесінің ермегі. Биыл жеті жасқа толып, мектепке барды.

Өзіміз білетін 1990 жылдардың басы еліміздің

өміріне елеулі тарихи өзгерістер әкелді. Ол кезде Кеңес Одағы ыдырамағанмен жаңа лептердің байқала бастаған кезі болатын. Республика тәуелсіздігіне бетбұрыс байқалды. Осыған орай алдымызда асқаралы міндеттер тұрды.

Ескі мемлекет басқару жүйесі біртіндеп ыдырай бастаған кезең. Көптеген Министрліктер таратылып, республиканы басқару ісі халық қолына көше бастады. Осы жылы Қазақстандағы су шаруашылығы және жерді құнарландыру Министрлігі де таратылып, оның атқару қызметі жергілікті жердегі мемлекеттік басқару ұйымдарына берілді. Аталған Министрліктің таратылуына байланысты мен Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің тексеру-бақылау бас басқармасына бас маман қызметіне ауыстым. Бұл ұйымды басқарған Қаржы министрінің орынбасары Аманов Қолан мырза өз жұмысын жете меңгерген маман еді. Бұрын Қаржы министрінің саласындағы жұмысты аудан көлемінен бастап, Қостанай және Жезқазған облыстарының Қаржы басқармасын басқарған Қолан ағамыз маған іс-тәжірибе жинақтауда үлкен қамқорлық жасады. Шығыс Қазақстан облысының Зайсан ауданындағы жер сілкінісіне байланысты зардап шеккен ауыл тұрғындарына мемлекет тарапынан бөлінген қаржыны жұмсаудың тәртібін бұрмалаған кейбір лауазымды адамдардың жұмысын тексеру мақсатында топ құрып, оны басқаруды маған тапсырды. Сөйтіп, бұрын барып көрмеген Зайсан ауданында болып, айнадай жарқыраған, балыққа бай көлін көрдім, ақжарқын, адал жүректі адамдарымен таныстым. Зайсан тұщы суы мол, тап-таза, ықшам ғана қала екен. Қала суреті кішкентай Алматыға өте ұқсас, ертеңгісін тұрғанда көз алдыға Алматыны елестетеді.

1992 жылдың басында Ауылшаруашылық Министрлігі жанынан жерді құнарландыру жөніндегі республикалық «Қазагромелиоводхоз» өндірістік бірлестігі құрылып, ондағы бұрын «Главриссовхозстройда» өзіммен қызметтес болған жолдастар жұмысқа шақырған соң, оның экономика, қаржы және бухгалтерлік есеп жөніндегі басқармасына бастық болып бардым. Бірақ, біраз уақыт




Аудиторлар Палатасында ант беру кезі. 1996 ж.



Қарабұтақ аудандық атқару
комитетінде, Ақтөбе облысы,
1972 ж.



Бүкілодақтық Заң институтының студенті. 1969 ж.



Әкем Құнтөлеу



Қарындасымыз Ардамын



Анам Науқан




Отарбайдың қызы Айболған

Бақытжамал және балам
Мейрімханмен бірге.
Кандидаттық диссертация
қорғаған күні. 1980 ж.



Бақытжамалмен бірге.



Бақытжамал, мен және інім Дәуренбай.



Дәуренбайдың баласы
Дәуренқали.

Әктембе Жоғары Үшқыштар
мектебінің доценті

өткенде бұл мекемеге мемлекеттік қаржы бөлу жұмысы тоқтатылды. Оған себеп, Кеңес Одағы құрамындағы республикалар сияқты Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алуына байланысты бұрын жоғарыдан бөлінетін қаржы мүлдем тоқтатылды. Біздің буыны қатпаған жас мемлекетіміздің ауылшаруашылығын қаржыландыруға мүмкіндігі болмады. Ал ауылдағы кеңшарлар мен ұжымдық шаруашылықтарда жер суландыру және құнарландыру жұмыстары мардымсыз жүргізілді. Осыған орай біздің бірлестіктің қызметкерлері кеңсе «күзету» жұмысымен ғана шектеліп қалды. Нарықтық экономика болса адамдардың бұрынғы психологиясына шабуыл бастады. Қайта оқу, қайта іздену, жаңа іс-тәжірибе жинақтау — бұрынғы кеңес үкіметі мамандарының басты міндетіне айналды. Бұл сайып келгенде, қазақ халқының ертеңіне даңғыл жол ашып қана қоймайтын, онымен қатар елдің ортақ мүддесіне қатысты өте ауқымды, аса қажетті мәселе болатын. Ел тағдыры үшін, келешек үшін нарықтық экономиканың маңызы өлшеусіз үлкен, елге ауадай қажет. Мәселе жаңа қаз тұра бастаған жас мемлекеттің экономикасын күрт көтеруде болып отыр емес пе? Халықтың тұрмысын жақсартып, мәдениетін дамыту соған мәжбүр етіп отырған жоқ па? Олай болса Қазақстанның әрбір саналы азаматы нарықтық экономиканың жүйесінде өз орнын таба білгені абзал. Сондықтан мен өз білімімді, іс-тәжірибемді аудиторлық қызмет арқылы көрсетуге бел байладым. Оның түрлі себептерін де айта кеткен артық болмас. Біріншіден, мен бухгалтерлік есеп мамандығын біршама жақсы игердім. Оның бер жағында жоспарлау жұмысы мен тексеру-бақылау қызметінде біраз уақыт болдым. Ал ғылыми-зерттеу институтында жүргенде бухгалтерлік-сараптау негізінен дәріс алдым. Оған қоса Заң институтын бітірдім және осы саладан кандидаттық ғылыми еңбек жаздым. Шын мәнінде, аудиторлық қызметтің табиғаты қорғаушы (адвокат) заңгердің жұмысына ұқсас екендігін байқадым. Бұл жерде барлық ұйымдар мен мекемелердің, жас кәсіпкерлердің қаржы шаруашылық, бухгалтерлік есеп және салық жүйесіндегі қызметтеріне әділ баға беріп,

белгіленген тәртіптен ауытқушылықтары болса, оны уақытысында түзетіп, келешекте болдырмаудың алдын алу шаралары қарастырылады. Түптеп келгенде осының бәрі аудитордың бірден-бір міндеті болып табылады. Міне сондықтан, менің ойымша, аудитор өте жоғары сапалы, білгір маман болуы қажет. Мен өзімді осы жұмысқа лайықты санап, нарықтық экономиканың бір саласында қызмет ету арқылы өз халқыма шама-шарқымша үлес қосуға бел байладым. Бұл жұмысты мен 1992 жылдың 22 қаңтарында «Қазақ аудит» Республикалық салааралық аудиторлық компаниясын мемлекеттік тіркеуден өткізуден бастадым. Ол кезде бізде аудиторлық қызмет көрсету саласында тәжірибе аз болды. Тек қана, Қаржы министрлігі жанында шаруашылық есептегі алғашқы аудиторлық орталық пайда болған еді.

«Қазақ аудит» компаниясы тәуелсіз аудиторлық қызмет көрсетудің алғы сапында болды.

«Аудиторлық» қызмет — «аудио» деген сөз грек тілінен тараған «тыңдаушы» деген мағынаны аңғартады. Аудитор өзінің қабілетіне сәйкес тыңдаушысына, яғни нарықтық экономикаға қатынасы бар шаруашылық тұлғалардың қызметкерлеріне және кәсіпкерлеріне дәріс берумен, салық жүйесіндегі мемлекеттік заңдылықтың қатаң сақталуын қадағалаумен, бухгалтерлік есеп жұмысының белгіленген тәртіппен жүргізілуін тексерумен, мекемелер мен ұйымдардағы қаржы жағдайына талдау жасау арқылы аталған лауазымды адамдарға дұрыс жол сілтеумен, тағы басқа қызметтермен айналысады. Қорыта айтқанда, заңды тұлғалар мен кәсіпкерлердің қаржы жағдайындағы қорғаушысы болып табылады. Мұның бәріне жан-жақты тиянақты түрде талдау, тексеру жасау арқылы ғана қол жеткізуге болады.

Мемлекет басшысының қолдауымен 1993 жылдың 18 қазанында Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі қабылдаған «Қазақстан Республикасындағы аудиторлық қызмет туралы» заңның маңызын айтпасқа болмайды. Бұл заңды бұрынғы Кеңестер Одағы республикаларының ішінде біздің мемлекетіміздің бірінші болып

қабылдауы да қуанышты жәйт. Осы заңға сәйкес Қазақстандағы аудиторлық қызмет жүйесі де қалыптаса бастады. 1993 жылы Қаржы Министрлігі жанындағы аудиторлық орталық «Қазақстанаудит» аудиторлық акционерлік қоғамы болып, тәуелсіздік алуы да осыған дәлел. Оны басқарып отырған Көшкімбаев Сапар Қайсақанұлы Қазақстан Республикасының Аудиторлық Палатасының президенті болып сайлануы бізді қуантады. Сапар өз жұмысын жақсы білетін, аудиторлық қызметтің беделін көтеруге бағытталған шараларды жүзеге асыруға ат салысып жүрген абзал азамат. Ол қарапайым, кішіпейіл, әрбір аудиторды орнымен құрметтей білетін білікті басшы.

Мен Сапар өткізген Палата кеңестеріне қатысып жүріп, оның біреуді ренжітіп, немесе біреуге оғаш сөз айтып жатқанын естіген емеспін. Осы мінезінің арқасында Сапар басқаратын «Қазақстанаудит» компаниясы Қазақстандағы ең ірі аудиторлық мекемеге айналды. Олардың облыстардағы фирмаларында өз ісін жақсы білетін аудиторларды көптеп кездестіреміз.

Орайы келген соң айта кетейін, Шығыс халқында: «Әрбір істің өзіне лайық мезгілі бар, ал мезгілсіз іс көңілден қалады» деген даналық сөз бар. Бұл сөз мән беріп, зер салған адамға көп ой салады. Әсіресе, біз сияқты жаңа кәсіппен айналысқан адамдар үшін соқырға таяқ ұстатқанмен бірдей. Еліміз тәуелсіздік алып, ескі мемлекеттік жүйе нарықтық экономика заңдарына көшкен жаңа кезең өзіне лайықты мамандарды да талап етті. Міне, осындай мамандардың бірі, өзімнің досым, білгір азамат Орынбаев Әлібек. Бұл азаматпен екеуміз Ақтөбе облысының Қарабұтақ ауданында бірге қызмет істегенбіз, сонау жетпісінші жылдардан бері бір-бірімізді жақсы білеміз. Әлібек сол жылдары аудандық ауылшаруашылық басқармасының жоспарлау-экономикалық бөлімін басқарған еді. Мінезі биязы, артық сөз сөйлемейтін, өз ісін жете меңгерген маман болды. Ол жұбайы Дәметкен екеуі төрт бала тәрбиелеп, немерелі-шөберелі болып отырған, өнегелі жанұяның отағасы. Әлібектің өзінің көп білетіндігін жария ете бермейтін түйықтау мінезі, аз сөзге көп мағна сыйдыра-

тын тереңдігі, құптай қоймайтын ісің болса, іштей біле тұра үндемейтін кешірімділігі, жүріс-тұрысындағы салмақты парасаты оны өз замандастарының алдында даралап тұрады. Қысқасы, Әлекең өзі өмір сүріп отырған ортаға сай ақыл-ой, білім-зерде жинаған білікті маман, дара тұлға.

Мен Әлібекке жұмыс бабында ақылшы ретінде, ұжымның барлық қызметкерлерінің ұйтқысы есебінде қараймын. Әлекең 1993 жылдың ақпанында «Қазақ аудит» аудиторлық компаниясына қызметке ауысты. Оған дейін Қазақстан ауылшаруашылығы Министрлігінде жоспарлау-экономикалық бас басқармасы бастығының орынбасары, Кеңес Одағы ауылшаруашылығы Ғылым Академиясының Шығыс бөлімшесіне қарайтын Қазақ ауылшаруашылығы өндірісі экономикалық ғылыми-зерттеу институтының бөлім меңгерушісі болып істеді. Осы институтта жүргенде өз қарауында істеген Жұмахметов Сағитжанды, Базарбекова Әлимаш Қуандыққызын, Көккөзова Гүлнәрды Әлекең бізге қызметке шақырды. Бұл мамандарға мен шексіз алғысымды білдіре отырып, бізге сенім білдіргендеріне осы кезге дейін таң қаламын. Ол кезде аудиторлық қызметтің не екенін ешкім де білмейтін, кәсіпкерлер мен олардан көп саты жоғары тұрған республика парламентінің депутаттары да аудитордың не көсіппен айналысатынын жете біле бермейтін. Қазір, құдайға шүкір, аудитор деген сөзге құлақ үйреніп, оған бірсыпыра заңдарда лайықты баға беріліп отыр.

Осы келген мамандардың ішінде Сағитжанды ерекше атап өткім келеді. Бұл азамат мамандығы зоотехник бола тұра, (Қазақтың зоотехникалық-малдәрігерлік институтын бітірген) аудиторлық жұмысты біршама жақсы меңгерген, өз ісіне өте тиянақты, бүгінгі жұмысты ертеңге қалдырмайтын, қолға алған шаруасын тындырмай тынбайтын, іс қағаздарына аса ұқыпты, сенімді ақтай білетін азамат. Әсіресе оның ешкімнің ала жібін аттамайтын адалдығы, үлкенге – іні, кішіге – аға, қатарластарына – дос бола білетін, адамды еріксіз өзіне тартып тұратын кіршіксіз көңілі кімге де болса қымбат. Ол ұжымдағы мамандар ішінде

мемлекеттік кәсіпорындарды жекешелендіру ісінде, акционерлік қоғамдардың бағалы қағаздарын шығару мен тіркеудің тәртібіне сәйкес заңдылық жасаумен шұғылданғанда алдына жан салмайды. Онымен жұмыс істескен кәсіпкерлер «осы Сағитжан бізге тағы да келсінші» деп өтініш жасап жатады. Сағитжан әр кезде тапсырылған жұмысқа үлкен жауапкершілікпен қарап, өзінің білімін ылғи жетілдіре беруге тырысады. Әрине, мұндай азаматтармен қызметтес болу біз үшін бақыт.

Аудиторлық қызметпен айналысқан мамандардың ішінде Арсыланова Клара Оразбайқызы мен Дюгай Александр Алексеевичті ерекше атап өтуге тиіспін. Кімге де болса өзінің қызмет істеп жүрген ұжымының ықыласынан асқан сый жоқ. Клара мен Александр Алексеевичтің жұмыс қабілетін, қадір-қасиетін, азаматтық тұлғасын, адамгершілігін біз әрқашанда ұжымдағы жас мамандарға мақтанышпен айтып отырамыз. Соның нәтижесі болар, Клара Оразбайқызы Қазақстанның жаңа астанасы Ақмола қаласында құрылған «Астана — Аудит» аудиторлық компаниясын өз қолымен құрып, оның бас директорының бірінші орынбасары қызметіне жоғарылатылды. Александр Алексеевич болса өзінің сүйікті Талдықорған облысында аудиторлық салада жемісті еңбек етіп жатыр.

Аудиторлық қызмет жүйесін дамытуға ат салысып жүрген Әлімжанов Асқарды, Әбілқайыров Сәуді, Асқаров Жағыпар Салықұлын, Жаданова Мәрия Қайырқызын, Түменбаева Зәуреш Тұрлыбекқызын, Тағаниязов Дәуренбайды, Үркімбаева Толғанай Бөлегенқызын мақтанышпен атауға болады.

Соңғы жылдары біздің қатарымыз жас мамандармен толықтырылды, аудиторлық істі біршама меңгеріп қалған Еремін Игорь Владимировичті, Мишина Марина Алексеевнаны және басқаларды да еңбегіне қарай елеген жөн. Рас, аудиторлық қызметпен айналысу, оның адам бірден түсінбейтін қыр-сырларын меңгеру ісі оларға оңайға түскен жоқ. Бірақ бұл соңғы лектің бір артықшылығы, жатпай-тұрмай ізденуге бейімділігі, өз мамандықтарын жақсы мең-

герген біліктілігі, еңбекте ысылған, ең бастысы, үлкен адамгершілік қасиеттері бар жандар.

Осы орайда ойымда жүрген бір сөзді айта кеткім келеді. 1994 жылдың аяғында жаңа Азаматтық кодекс жарық көрді. Оған барлық халық, оның ішінде заңгерлер қуанды. Осы кодекске сәйкес, барлық заңды тұлғалар Әділет ұйымынан қайта тіркеуден өтуге тиіс болды. Міне осыған байланысты «Қазақаудит» Республикалық салааралық аудиторлық компаниясы да жарғылық қорын көбейтіп, тіркеуден қайта өтпекші болды. Ал жаңа Азаматтық заңдар жинағанда жеке меншік формадағы кәсіпорындар атағына «Қазақстан», «Қазақ» деген сөзді беруге болмайды делінген. Амал нешік, төрт жыл бойы құлағымыз үйренген, елдегі кәсіпкерлер білетін «Қазақаудит» мекемесін жойып, «Аудитсистем» аудиторлық компаниясы деп аталатын жарғылық іс қағаздарын қайта даярлауға мәжбүр болдық. Онымен қоймай, барлық іс қағаздарын мекеме мөрін, банкілік есепшоттың қарым-қатынастарын, шарттық құжаттарды өзгертуге қаншама уақыт кетті, қаншалықты шығынға душар болдық! Онымен есептесіп жатқан лауазымды мемлекет қызметкерлері жоқ. Бақсақ, адамның дегені бола бермейді екен...

Дегенмен, 1997 жылдың 22 қаңтарында біздің аудиторлық компания – «Аудитсистем» өзінің бес жылдық мерейтойын атап өтті. Мен ол күндері Қостанай облысында кезекті іс сапарда шартты жұмысты істеп жүргенмін. Әлібек бастаған жолдастар осы торқалы тойды атап өтіп, жаңа қаз тұрып, қалыптасып келе жатқан аудиторлық қызметке тілек айтып, барлық қызметтес серіктерімізге тілек білдірген. Қазір «Аудитсистем» компаниясында аудиторлық қызметпен айналысатын он екі бөлімше, орталықта төрт департамент, Ақмола қаласында «Астана-Аудит» компаниясы шаңырақ көтерді.

Осы аудиторлық компанияда білгірлік куәлігін алған төрт аудитор жұмыс істейді. Дүние жүзілік банктің Экономикалық даму институты даярлаған сегіз адамда мүлікті және кәсіпкерлікті бағалау жөніндегі аттестат бар, нарық экономикасындағы бағалы қағаздың қарым-

қатынасын реттеуге консультациялық жәрдем беруге дайындалған он төрт маман куәлік алды, екі адамда бағалы қағаздармен жұмыс істеуге мемлекеттік рұқсат (лицензия) бар. Мұны, әрине, айтарлықтай болмаса да, азды-көпті істелген жұмыстың нәтижесі деп бағалауға тиіспіз.

Аталар

аманаты

(Қорытынды сөз орнына)

Сонымен, он сегізінші ғасырда өмір сүрген Бақтыбай бабамыз қан майданда жаумен жағаласып жүріп, дұшпанға бір сүйем жерін бермеген екен. Қазақ жерін қас жауларымызға таптатпауды кейінгі ұрпаққа өсиет етіпті. Бұл — қасиетті өсиет. Еділден Енесейге дейінгі ұланғайыр қоныста етегін кең жайып, шалқып-толқып жатқан айбарлы жұрттың біреуге бодан болу қаперінде де жоқ еді. Әлім әулетіне бүйрегі бұратын шежірелердің айтуынша, сол ұлы көштің, асыл мұраттың басында Абылай, Қабанбай, Бөгенбай, Саурық, Тайлақ, Есет, Сыпатай, Әбілхайырлармен бірге Кіші жүздің ұлы перзенті Бақтыбай да тұрған.

Өкінішке орай, аталарымыз аманат еткен сол қасиетті жерімізге көз алартушылар бүгін де бар. Кезінде коммунистік Ресей ұят-мұят дегенді жиып қойып, шовинистік өктем ойға біржола тізгін берді, одан социализм тұсындағы әкімшілдік-өміршілдік астамшылық асқына келіп, ақыры желтоқсан оқиғаларына әкеп тіреді. Кешегі өміршіл тәртіптің көш бастаушы серкесі М. Горбачев Қазақстанның солтүстігіндегі бес облысты Ресей жері деп беті шімірікпей соға салды. «Байқамай аузымнан шығып кетіпті» дейді. А. Солженицын деген алжыған сәуегей Қазақстанның солтүстігі түгелдей орыс жері дейді. Қазақтар оңтүстікті мекендеймін десе, бетінен жарылқасын деп, «кеңшілік» жасайды. Ой дәм атқыр-ай! Басына күн түсіп, Мойынқұмда айдалып жүргенде пана болған қазақ жері емес пе еді. А. Солженицынның сандырағына сенсек, Қазақстан Ресейдің қаншама жерін тартып алған көрінеді.

1731 жылы Кіші жүздің бір бөлігі мен Орта жүздің біраз руларын билеп отырған Әбілқайыр хан Ресей

өкіметімен бодандық негіздегі әскери және саяси қамқорлық туралы келісімге жол ашқаны рас. Ол да жетіскендіктен болған мәміле емес, шарасыздықтың салдары.

Енді Бақтыбайдай кемеңгер бабаларымыздың аманатын ақтау үшін не істеу керек деген әңгіменің төңірегінде ой түйелік. Алдымен қазақ жерінің карта-сын қайта пішуді армандап жүргендерге салиқалы, салмақты, дәлелді деректер келтіре отырып тойтарыс беру керек. Ондай ғылыми еңбектердің газет, журналдар бетінен, мерзімдік басылымдардан жарық көргені лазым. Республикалық ұйымдар жер-су, елді мекендерге бұрынғы ата-бабаларымыз қойған аттарын қайтару жөніндегі жұмысты батылырақ жалғастырса дұрыс болар еді деп ойлаймыз. Бақтыбай баба атын туған жерінде ғана емес, Қазақстанның ұлан-байтақ өзге аймақтары да бірлесе артық болмас, атаның аруағы риза болар еді.

Сонымен қатар, аты ұранға шыққан батырдың зиратын жаңартып, басына атына сай ескерткіш тұрғызуды ұрпақтарына қосыла көпшілік қолға алса деп армандаймыз.

Солай десек те, ендігі жерде ең көкейкесті мәселе, ескі дүниелерде өткен кем-кетікті салмақтап жатпай-ақ, шалғай заманалар түсірген шаң-тозаңнан, қилы-қилы қисынсыз жаңылыс-жаңсақтықтардан бабалар арын тазартып, қазіргі ұрпаққа асыл қалпында ұсынсақ деп тілек білдірем. Осы орайда ойланар жәй баршылық. Әсіресе, бабалардың тарихи тұлғасын байыпты түрде зерделеу жұмысы жаңа ғана басталып жатыр. Осы еңбек соның бір ғана шарпуы. М. Мағауин «Ғасырлар бедері» еңбегінде былай айтқан: «Бұрыннан барлық уақыт озған сайын толыға, молыға түсетіні өз алдына, әуелгі текске түзетулер жасалуы, әр түрлі себеппен кеткен қателерден арылуы заңды», деп көрсеткен өмір шындығын мойындауға тиіспіз. Сондықтан Бақтыбай бабамыздың тарихи тұлғасы өлі де зерделенеді деген ой мені үміттендіреді. Қайырымды халайық осы арада автор ойын дұрыс түсінеді деп сенемін. Себебі, әр нәрсенің құны-қасиеті салыстыру арқылы анықтала түседі. Біздің атамыз Бақтыбай да өз зама-

нындағы табиғат өмірге әкелген тарих тұлғасы. Ол жөніндегі бірінші қолжазбаны Ресей патшасының елшісі Мәмет Тевкелевтің күнделігінен байқағанымызды бұрын да айтқанбыз. Осы орыс шенеунігі М. Тевкелев бабамыз Бақтыбайды «дала қарақшысы» деп жазса да, аса талантты, қайратты да жігерлі, жүрекжұтты батыр, би екенін әлденеше рет өзінің күнделік қолжазбасында мойындауға мәжбүр болған. Осы еңбекті жазу үстінде мен тарихта ұмыт қалған баба тұлғасын неге жаңартқым келеді деген сауалды өзіме өзім күн сайын қойдым. Бұл еңбек тағылым, тәрбие үшін жас ұрпақтарға арнап жазылыпты. Қай заманда болса да, дініне, ұстаған бағытына берік, алған бетінен қайтпайтын үлкен мақсаттың адамдарын халқы да, үкіметі де құрметтеген. Мұндай адамдардың ғұмырын айту бізге, тап қазір, мемлекетіміз тәуелсіздік алып, өз дәулет-сәулетін қалыптастырып жатқан кез үшін, жаңа заман үшін керек-ақ. Өйткені бүгінгі таңда, кеше өздері қастерлеп пір тұтып келген тарихи тұлғалардан бойын аулақ салып, тіпті оларды күстөналап, безіп жатқандарды да көріп отырмыз. Ендеше, өзінің кіндік қаны тамған жеріне қалтқысыз қызмет етіп, оның тәуелсіздігі үшін жанын пида қылған, иманы адал бабаларымыз жөнінде тарихи қозғау салу артық болмаса керек.

Енді есімі ұранға айналған атамыз Бақтыбайдың тұлғасын қағазға түсіруге, яғни осы еңбектің жарық көруіне мұрындық болған аяулы азаматтар бар, соларды тағы да қайталап айтамын.

Осы орайда қазақ халқының адал перзенті, атақты жазушы, қоғам және мемлекет қайраткері Әбіш Кекілбаевтың өзінің «Үркер» романында Бақтыбайдың батырлық тұлғасына үлкен мән беріп, оның елінің азаттығы мен тәуелсіздігі үшін қан майданда қасық қанын төккен кезеңдеріне әділ баға беріп, шебер көркемдегенін айтуымыз керек. Бабамыздың ұрпақтары, Ақтөбе облысы Шалқар және Мұғаджар ауданының тұрғындары Қожамбергенов Төлеу Оңдасынұлы, Әділбаев Оразбай, Тағыбергенов Меркебай және тағы басқалары халқының тәуелсіздігі жолында күрескен, Шекті елі биінің өмірі туралы тарихи мұрағаттарды жинақ-

таған абзал адамдар. Міне, осы аталар өсиетін адал атқарып, жас ұрпақтарға ата жолын уағыздауға жар-құлағы жастыққа тимей жүрген азаматтарға шын жүрегіммен сүйсініп, алдарында қырау шала бастаған басымды иемін.

Мен осы кішкене еңбегімді ұлы қазақ халқының екі данышпан перзенті Абай мен кеше ғана өмірмен қоштасқан Д. А. Қонаевтың мына сөздерімен аяқтауды мақұл көрдім. Біріншісі: «Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың, адамшылықтың қарызы үшін еңбек қылсаң, Алланың сүйген құлы боласың» деді. Ал, екіншісі: «Биікке көтерілдім, бірақ халықтан аласа екенімді ұмытпадым. Қайтып ашар есігімді қатты жаппадым. Түптің түбінде оралар ортам – ел іші, ағайын ортасы. Басар жерім де, барар жерім де – Қара жер. Қастерлей білсем, қадірімнің кетпесін білдім. Панаң да ел, данаң да ел. Соған сүйендім, содан үйрендім» дейді. Осы сөздердің мағынасына өзің төреші бол, жас ұрпақ, көпшілік оқырмандар.

Әумин!

*Наурыз, 1997 жыл.
Алматы қаласы.*

Ардагер ағалар!

Бұл әңгімені жазуға себеп болған Ақтөбе облысы, Шалқар қаласының тұрғыны, Бақтыбай бабаның ұрпақтарының бірі, Шалқар аудандық ардагерлер кеңесі және Бақтыбай ата атындағы Қордың ұйымдастырушысы әрі демеушісі, зейнеткер Оразбай Әділбайұлының қоғамдық қызметі. Орекең көп жылдар бойы осы ауданда құрылыс-сәулет жұмыстарын басқарды, аудандық ауылшаруашылық басқармасында отыз жылдан астам еңбек етті. Жеңгеміз Ақтеңге екеуі төрт бала тәрбиелеп, ұлын ұяға, қызын қияға қондырған өнегелі жанұя. Балалары: Баян, Ғани, Роза және Қайрат Шалқар ауданында, Алматы қаласында тұрады. Ақтеңге қонақ күтуден жалығып көрмеген жан, самаурыны оттан түспейді десек те болады. Соның арқасында бұл өңірде Орекеңнің жанұясын білмейтін адам кемде кем. Бұл ағаның Шалқар ауданындағы ардагерлер алқасының төрағасы болып сайлануы да тегіннен тегін емес деп білеміз. Бақтыбай бабаның атына Ақтөбе облысында Қор ұйымдастырылып, оның есепшотының әр жердің банкілерінде ашылғаны Оразбай Әділбайұлының еңбегі екені айтпаса да түсінікті.

Осы қоғамдық жұмыстарға атсалысып жүрген өнегелі азаматтың бірі Қорқыт Жалғасбайұлы. Анасы Әзиза қанша күрсақ көтерсе де тұрақтағаны жалғыз Қорқыт болыпты. Қазақтың ырымына сәйкес, Құдай балаларымызды алып, қорқыта берген соң баламыздың атын Қорқыт қойдық деп, – Жалғасбай қария айтып отыратын.

Қорқыттың әкесі менің әкем Құнтөлеумен жандай құрдас та, ал шешесі Әзиза менің анаммен түйдей құрдас, бір ауылда өмір сүріп, жұптары жазылмаған аяулы атааналар.

Осы Қорқыттың фамилиясы Бабанов болып, арғы атасына жазылған, Бақтыбай бабаның үрім-бұтағының бірі, өнегелі жанұяның басшысы. Келініміздің аты Тор-та, Шалқар қаласындағы қазақ орта мектебінде көп жылдан бері ұстаздық етеді. Осы жанұядан өскен төрт ұл мен бір қызбала әр түрлі қызметте және мектеп жасында.

Жоғарыда айтылған Меркебай Тағыбергенұлы Бақтыбай бабаға ашылған қордың жанашырларының бірі, атаның бейітін тауып, оған белгі қойған ардагер азамат. Меркебай жұбайы Тәрбиемен екеуі көп жыл бойы Шалқар стансасындағы Теміржолшылар мектебінде ұстаздық етіп, қазір зейнет демалысында. Балалары да ата-ана жолын қуған, өнегелі жастар. Олар Алматы, Ақтөбе, Шалқар қалаларында жемісті еңбек етіп жүр.

Биыл жетпіс жасқа толған, жігіт ағасы болған, көп жыл партия, кеңес және шаруашылық жұмыстарында істеген, ұстаздық етуден жалықпаған аяулы ағамыз Оңдасынұлы Төлеу Қожамбергеновтың есімі Ақтөбе облысының Шалқар, Мұғаджар, Қандыағаш аудандарына өте таныс. Төлеудің Қожамберген атасы өз заманындағы ғұлама молда, оқымысты және аулына билігін жүргізген кісі екен. Осы Қожамберген алты бала көрген, олар — Оңдасын, Науқан, Сары және қыздары — Балжан, Айжан, Айбала. Оңдасыннан екі ер бала — Төлеу мен Елеу. Апалары Жантөле менің әкем Құнтөлеумен жандай құрдадс, жылы қоян. 95 жаста Ембі қаласында қайтыс болды. Құнтөлеу мен Түгелбай жатқан қорымға жерленді. Төлеу ағамыз зейнет демалысына шыққаннан бері араб тілін үйреніп, бірсыпыра сауаттанып, Құранды жүргізе оқитын дәрежеге жеткеніне қалай қуанбайсың. Онысымен қоса мектеп балаларына, мешітке жиналған қауымға Құран үйретіп, мұсылмандық жолына бағыштап жүр. Осы Төкең жетісіне бірекі рет анасы Жантөле жерленген бейіт қорымына барып дұға етеді. Әйелі Сағирадан жеті бала көрді. Жеңгеміз Сағира мінезі жұмсақ, отбасының данышпаны еді, амал не, сұм ажал 52 жасында алып кетті. Төкеңнің ер балалары: Ахметжан, Бақытжан, Ғалымжан, Әділжан, қыздары — Даража, Лиза, Бағдагүл Алматы қаласында,

Маңғыстау және Ақтөбе облыстарында еңбек етіп жүр, түрлі мамандық иелері.

Менің жақсы көретін ағаларымның бірі Әбілтай Қуаньшбаев Ақтөбе облысының Қарабұтақ ауданындағы украин халқының ұлы перзенті Тарас Григорьевич Шевченко атындағы бұрынғы кеңшарда таңдаулы, алдыңғы қатарлы тракторшы мамандығын жете меңгерген абзал азамат еді. Жеңгеміз Ұрқия бір қыңқ етпестен отыз жылға жуық тракторшының көмекшісі болды, баласын да тәрбиеледі, кеңшардың сиырын да сауды. Осы аяулы ағамыз Әбілтай 57 жасында дүние салды, ал Ұрқия еңбек демалысында, немерелері Рыскүл мен Мұратбектің сүйікті әжесі. Әбілтай ағаның баласы Төлеутай Әбілтайұлы Қуаньшбаев еңбек жолын армиядан келген соң аталмыш кеңшарда аудандық кәсіподақ комитетінде автомобиль жүргізушіден бастады. Бірер жылдан кейін Атырау қаласындағы ауылшаруашылық техникумын сырттан оқып, зоотехник мамандығын алды. Сол жылдардан бастап әкешесі істеген Т. Г. Шевченко атындағы кеңшарда мал шаруашылығы маманы, онан кейін бөлімше меңгерушісі болып қызмет атқарды. Ал, қазір осы кеңшардың ізінен құрылған өндірістік кооперативтердің бірін басқарады. Жұбайы мектепте ұстаздық етеді, балалары Рыскүл мен Мұратбек мектеп жасында.

Құрметті халайық!

*Қолыңыздағы кітап жайлы пікірлеріңізді, алдағы ба-
сылымда ескерілсе деген ой-ұсыныстарыңызды, кітап
авторымен болған жүздесулерге, Кіші жүзден шыққан
Бақтыбай батырға байланысты жаңа деректеріңізді
мына мекен-жайға жолдауларыңызды сұраймыз: 480005,
Алматы қаласы, Маршак көшесі, 70 «А» үйі.*

Мазмұны

Алғысөз орнына	7
Тарихқа сапар	11
Қазақтың үш жүзі	27
Бақтыбай батыр	60
Бақтыбай ұрпағы — өзім туралы сыр	93
Аталар аманаты (Қорытынды сөз орнына)	152
Ардагер ағалар!	156

**Аманбай
Құнтөлеуов**

АТАЛАР АРУАҒЫ

*Редакторы Ж. Әбдігапарова
Суретшісі Л. Баирова
Техникалық редакторы Л. Баирова
Көркемдеуші редакторы С. Макаренко
Компьютерлік терушісі Г. Есімбекова*

ИБ № 120

*Теруге 10.04.97 жіберілді. Басуға 19.06.97 қол қойылды.
Қалыбы 84 x 108/32. Қағазы офсет. Шартты б. т.8,4+0,5 жапсырма.
Есепті б. т. 8,46. Таралымы 2000 дана. Тапсырыс № 22.*

«Қаржы-қаражат» баспасы, Шевченко көшесі, 67-үй

«Қаржы-қаражат» баспасының баспаханасы. Алматы қаласы, Жароқов көшесі, 210-үй.

